

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ**

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ: ЗЕРТТЕУ,
ТАЛДАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана, 2023 ж.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

А94

«Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, талдау және насихаттау» республикалық педоку материалдары. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2023 ж. 125 б.

ISBN 978-9965-9861-5-4

Жинақ «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, талдау және насихаттау» республикалық педоку материалдарын қамтиды. Жинаққа орталықтың жоспарына сай 2023 жылдың 1-23 наурыз аралығында өткен педагогикалық оқудың қалалық кезеңінен республикалық кезеңіне өтіп, тәжірибесін таратқан қазақ тілі мен әдебиеті пәні педагогтерінің А. Байтұрсынұлы шығармаларын оқыту әдістемесі, әдістерін тәжірибеде қолдануда білім беру сапасын арттыру бағытындағы баяндамалары, мақалалары мен зерттеу жұмыстары жинақталған. Жинақ жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған.

Редакция алқасы:

С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы.

Мүшелері:

Ж.С. Маман – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері;

Л.Б. Ильясова – №48 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші.

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама: 2023 ж., мамыр №2/2

Педагогикалық оқуды ұйымдастырушылар мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілінің реформаторы, қазақ тіл білімінің негізін салушы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының заманауи білім беру жүйесінде орын алатын педагогикалық идеялары және әдістемелік еңбектерін тану, талдау, талқылау, насихаттау үшін педагогтердің әлеуметтік, кәсіби қолдау көрсету, білім беру жүйесінде педагогтерінің арттыру, мұғалім кәсібінің мәртебесін көтеру, мұғалімдерді өз кәсіби құзыреттіліктерін, озық педагогикалық іс-тәжірибелерді насихаттау және тарату, пәндік шығармашылықпен жұмыс істейтін, ой өрісі биік, парасатты өзіндік авторлық, ғылыми-әдістемелік шеберлігі қалыптасқан педагогті анықтау мақсатында Астана қаласы «Әдістемелік орталығы» МКҚК 2023 жылдың 1-25 наурыз аралығында «А. Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, талдау және насихаттау» атты республикалық педагогикалық оқуын өткізді.

Ереже талабына сай комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен құрылып, педокуға қатысуға жіберілген жұмыстарды (мақала, баяндама) сараптай отырып, қалалық кезеңге қорғауға жіберді. Комиссия құрамы қалалық кезеңде қорғалған жұмыстардан негізгі талаптарға сүйене отырып, педокудың екінші кезеңі республикаға баратын педагогтерді анықтады. II республикалық кезең Рудный қаласында 20 наурыз күні өтеді.

Педагогикалық оқуға қатысушылар Ережеде ұсынылған «А. Байтұрсыновтың педагогикалық ой-пікірлері және оның тәлімдік мүмкіндіктері», «А. Байтұрсыновтың шығармаларын сабақ үрдісіне енгізудің әдістемесі», «А. Байтұрсыновтың әдістемелік мұралары», «А. Байтұрсынов мұраларының ғылыми педагогикалық негізі», «А. Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарастары» бағыттар, тақырыптарына мазмұндас жұмыстары жұмыс мазмұнының педагогикалық оқулар бағыттарына сәйкестігі, жұмыс тақырыбының өзектілігі, ҚР білім беру жүйесін дамытудың басымдықтарына сәйкестігі, мәселені мазмұнды және нақты қою, тақырып өзектілігінің және зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерінің дәйектілігі, ғылыми машықта баяндалуы, жұмыс идеясының ерекшелігі, жаңашылдығы, практикаға енгізу перспективасы, автордың айқын көзқарасы, материалды ұсыну қисындылығы және бірізділігі, іс жүзінде жүзеге асырылу деңгейі, нәтижеліліктің, рефлексияның болуы, әлеуметтік мәнділігі өлшемдерімен бағаланды.

Маман Жанар Сейтахметқызы
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері
педагогика ғылымдарының магистірі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ

Қазақстан Республикасының білім саласына енген жаңартылған білім беру бағдарламасы білім беру жүйесіне түбегейлі өзгеріс әкелді деп айтуға болады. Оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері еніп, білім берудің мазмұны жаңартылып, білім беру жүйесінде жаңаша ой-пікір пайда болды. Білім мазмұнының жаңаруымен критериалды бағалау жүйесі, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру арқылы заманға сай, бәсекеге қабілетті, дамыған елдердің қатарында «менін» таныған ұрпақ тәрбиелеу көзделді.

Бүкіл қазақтық ғылымның көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлының әрбір ісін сараласақ: әліпби мен әліппені алсақ, Ахмет – ұлт жазуының реформаторы, ана тілді айтсақ, Ахмет – қазақ тіл білімінің атасы, әдебиет саласында, Ахмет – асыл сөздің алтын діңгегі, оқу-ағарту ісінде, Ахмет – ұлттық мектептің іргетасын қалаушы һәм халық ұстазы, тарих пен қазақ өркениетін қозғасақ, Ахмет – сол кезең өркениетінің дәуірі, болмыс пен бітімге келсек, Ахмет – ұлт мәдениетінің Хантәңірі, әдеп ісін айтсақ, Ахмет – халықтың ар-ожданы. Ғылымның қай саласын алсақ та, ғалымның орны орасан.

Дегенмен, «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шығады. Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек. Үлгісіз я мерзімді өлшеусіз, я артық, я кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін, бастауыш мектепке үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады», – деп «Мектеп керектері» мақаласында айтқан мектепке қажетті үш керегіне жеттік пе? деген сұрақ туындайды.

«Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деп бір ғасыр бұрын айтып кеткен Ахмет Байтұрсынұлы сауатты да білімді ұрпақтың қалыптасып шығуы үшін білімді оқытушы болуы керектігін, оқытудың

жолдарының белгілі бір әдістемелік жүйеге сүйенуін, оқытудың әдіс-тәсілдері айқын болуы керектігін айтып кеткен.

Қалай десек те, «Жаңаның барлығы – ұмытылған ескі дүние» дегендей, Ұлт ұстазының да түпкі мақсаты – білімді, ғылыми-шығармашылық әлеуеті жоғары, саналы, зерделі, кемел адам тәрбиелеу еді. Яғни, қазіргі педагогика мен А. Байтұрсыновтың педагогикалық идеялары арасында тығыз байланыс жатыр деуге болады. Өткенге барлап қарасақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алатынын атап өткен жөн болар.

Мектептің жаны – мұғалім. Иә, ең бірінші мәселе ретінде бала оқытуда мұғалім кадрларының мәселесін шешу жағын, жолдарына тоқтала келіп «Мұғалім сайлы болу үшін, мұғалімге керек білімді үйрететін орыннан оқып шығарға тиіс» деп, қазіргі кездің өзінде де мәселе болып отырған педагогтерді дайындау мәселесі мен «қолдан келмейтіндерін қоя тұрып, қолдан келерлігін дұрыстау тиіс. ... Мектепке сайлы мұғалімдер керек. Олардың сайлы мұғалім болуына жетіспей тұрған жерін бітеп жетістіру ғана қажет» деп, бұның өзі уақыт күттірмейтін мәселе екенін айтқан. Қазіргі таңда мектеп мұғалімінің мәртебесін айқындайтын және оның құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктері мен шектеулерін, міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілейтін «Педагог мәртебесі туралы» Заңы қабылданды, НЗМ ДБҰ мен Кембридж университетінің Білім беру факультеті бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагогикалық кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары негізінде барлық пән педагогтері кәсіби біліктілігін көтергенімен, заман сұрауына қарай Ахмет Байтұрсынұлы көтерген мәселелер әлі де бар деп айтуға болады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап», иә, бір оқулық мың адамды оқытатыны белгілі. Қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында оқулық жазған ғалым: « ... оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт, ... Мұғалімнен соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе оқу құралдары. Оқуға керек қалам, қағаз, сауыт, отыруға керек нәрселер пұлға табылатын заттар. Қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар» дейді. Ахмет Байтұрсынұлы оқулық құрылымы және оқулық жазу мәселесін де көтеріп, көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды қарастыру қажеттігін басшылыққа алғанын айтуға болады. Себебі, Ахмет еңбектерінде оқулық мазмұны білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсыну керек екенін айтады. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген. Тағы бір сөзінде «Әліппені балалар қиналмай оқып шықса, онан әрі оқуға

ықыластанып, талаптар қанат байлағандай көтеріп зораймақшы. Осыны ойлап, әліппенің оңай болғанын көздеп әуелі әліппені бастан-аяғына дейін оңай һәм қысқа сөздерді алдым» деп, оқытатын, үйренетін әліппенің жеңіл де жұмыр, сапалы, баланың ой-өрісіне, ұғымына дәл болу керек екенін түсіндіреді.

Сонымен Ахаң армандаған оқулыққа ХХІ ғасырда қол жеткізе алдық па деген сұрақ туындайды. Қазіргі таңда да оқулық мәселесі өзектілігін жояра емес.

Қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жыл сайын толассыз жаңарып жатқанымен, сапасы мен безендірілуі жөнінде әлі де көп сын айтылып жүргенін жақсы білесіздер. Оқулықты ресурс ретінде қарап, онсызда уақыттары жоқ педагогтерге күніне орта есеппен 4-5 сағатын беріп, ертеңгі осынша сабағына дайындалу және тб толып жатқан жұмыстарына жауап беру уақытты керек ететінін білеміз. Олай болса, бір оқулық мың адамды оқытатынын, «Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап» қараған идеяға сай

Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы бірқатар оқу мақсаттары ұлт ұстазының ұстанымдарына негізделген.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — бүгінгі заманның талабы. Соның ішінде оқу сауаттылығы оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі — мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Қазақ тілі сабақтары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым Коммуникативтік-тілдік дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады.

Сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану мақсатын ХХ ғасырдың басында-ақ А.Байтұрсынұлы негіздеп кетті.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінде қазіргі әдістемеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгертудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады. Ғалым «үйретуді» өнер деп бағалайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ. Тіл үйрету дегенге оқу үйрету, жазу үйрету, сөйлеу үйрету кіреді. Сөйлеуді айрықша үйретпей-ақ, әуелі, ата-анасынан, онан кейін айналасынан үйреніп біліп кетеді. Оқу мен жазу ондай емес, бұлар айрықша үйретуді керек қылады» – дегені осыған айғақ.

Қазіргі таңда жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде Блум таксомониясын басшылыққа алады. Блум таксомониясының 6 түрлі ережесі

кез келген ақпаратты үйретудің ең ұтымды тәсілдері ретінде тәжірибеде дәлелденіп жүр.

Блум таксомониясы:

- білу – мағлұматтар мен ақпараттарды еске түсіру;
- түсіну – жаңа идеяны түсіну, ондағы негізгі идеяларды салыстыру, сипаттау;
- қолдану – жаңа білімді түрлі нұсқада пайдалану;
- талдау – дәйектер мен себептерге байланысты ақпаратты тексеру және жіктеу;
- жинақтау – ақпараттарды жүйелеу;
- бағалау – ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау» сияқты 6 ережесі сын тұрғысынан ойлауда, яғни ойлау дағдыларын қылыптастыруда, жетілдіруде соны әдістемелердің бірі делінеді.

Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы жайында да А.Байтұрсынұлының еңбектерінен байқауға болады. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

- 1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (**синтез**) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады.
- 2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (**анализ**) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.
- 3) Кей әдістің негізінде **қосу да, талдау да** болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады.

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл категориялар қазақ тілін оқулықтарын құрастыруда да, сабақ әзірлемелерін жасауда да басшылыққа алған жөн.

А.Байтұрсынұлы оқулықтарында жүйелі түрде кездесетін тапсырма түрлерінің мақсаттары жаңартылған оқу бағдарламасындағы «Дыбыстарды, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту», «Сөздердің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын сақтау» бөлімшелерінде (түйінді дағдылары) қамтылған.

А.Байтұрсынұлы оқулығындағы дағдыландыру және сынау тапсырма түрлерінің мақсаттары жаңартылған оқу бағдарламасындағы «Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну», «Грамматикалық нормаларды сақтау» бөлімшелерінде (түйінді дағдылары) қамтылған.

«Әліппеде» (1926) «Қайсысын қайда қою» тапсырмасы негізінде оқушы берілген бірнеше сөйлемдерді дұрыс байланыстырып, мәтін құрайды. Бұл тапсырмалар негізінде қалыптасатын дағдылар «Қазақ тілі» оқу бағдарламасында «Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау»,

«Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру» бөлімшелеріндегі (түйінді дағдылары) оқу мақсаттарында қамтылған.

Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу ағарту саласындағы әдіс-тәсілдерінің өміршендігіне көз жеткізуімізге болады. Өткенімізді жаңғырту арқылы қазіргі білім беру жүйесіне қазақы, ұлттық танымға, түйсікке, қанына, тәніне жақын ғалымдарымыздың тәжірибеден өткен әдістерін қайтара қарастыра отырып, бүгінгі таңда құндылықтарға негізделген білім беру идеясына ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалаған Ахметтің Ұлттық негіздегі мектептер, бағдарламалар, ұлттық исі аңқыған оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, мектеп ісін жандандыратын ұлттық тәрбие беретін ұлтжанды мұғалімдер мен тәрбиешілер болу идеясын сабақтастырсақ ұтарымыз көп.

Себебі, қазақ халқы үшін қызмет етуді өмірлік мұрат тұтқан аяулы азаматтың артында қалған мұралары қазіргі егемен еліміздің жас ұрпағына қоғамдық тәрбие беруде айрықша мән-маңызға ие екені сөзсіз.

Менің айтпағым, Ахмет Байтұрсынұлы туралы жазылған, зерттелген, әлі де зерттеуін күтіп тұрған проблемаларды тәптіштеп санап шығу емес, ұлт жанашырының атқарған еңбектерін електен өткізе келе, еліміздің педагогикалық ой-пікірдің даму тарихын зерттеуде, мемлекеттік бағдарламасы аясында тарихи-педагогикалық мұраны жаңа көзқарас тұрғысынан зерделеуге тиіспіз.

Қорытындылай келе, Ахмет Байтұрсынұлының артында мол мұраларын мектеп ашуда, ұлттық мектеп құруда, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беруде, білім саласына өзгерістер ендіргенде шамшырақ ретінде қарастыру қажет деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Заманауи педагогика және Ахмет байтұрсынұлы» мақаласы, Тиловай Элеусз, <https://infourok.ru/statya-po-kazahskomu-yaziku-i-literaturi-na-temu-zamanaui-pedagogika-zhne-ahmet-baytursinov-1936962.html>

<https://infourok.ru/statya-po-kazahskomu-yaziku-i-literaturi-na-temu-zamanaui-pedagogika-zhne-ahmet-baytursinov-1936962.html>

2. «Жаңартылған оқу бағдарламасының байтұрсынұлы ұстанымымен сабақтастығы» мақаласы

Қаламқас Байтенова, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның филиалы «Білім беру бағдарламалары орталығы»

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бөлімінің бастығы

Гүлфар Мамырбек, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның филиалы «Білім беру бағдарламалары орталығының» аға менеджері/
<https://tilalemi.kz/article/3014> <https://tilalemi.kz/article/3014>

3. <https://tilalemi.kz/users/9>

https://www.inform.kz/kz/kazir-zhana-dep-tanylgan-adistemelerdin-kopshiligi-ahmet-baytursynov-enbekterinen-bastau-alady_a3562782
https://www.inform.kz/kz/kazir-zhana-dep-tanylgan-adistemelerdin-kopshiligi-ahmet-baytursynov-enbekterinen-bastau-alady_a3562782

Амангельді Аружан Жақыпжанқызы
Астана қ., Төлеген Айбергенов атындағы
№16 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСТАНЫМЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің мақалаларын да, еңбектерін де әрдайым халықтың қамын ойлаған. Көлеңкеде тығылып жатқан, қазақ халқын білімге, ғылымға жетелеген. Бірнеше мақалаларында сауат ашу, оқу, оқыту тәсілдерін, мектептердің жайын тілге тиек етпей кеткен емес. Солардың бірі «Мектеп керектері» мақаласында: «ең әуелі мектепке керектігі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керектігі белгіленген программа, Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек» (1, 315-316). Айтылған сөздері қазіргі біздің еліміздегі білім берумен бір сарында келе жатқандығын көрсек болады. Бүгінгі күні оқу-ағарту саласында бірнеше реформалар жүргізіліп, бағыт-бағдары өзгерді десек болады. А.Байтұрсынұлы айтқандай, мектептерде мұғалімдерді аттестаттау, олардың біліктілігін арттырып қана қоймай, қазіргі заманға сай білім беруді басшылыққа алып отыр. Ал үшінші орынға мектепке керек программа деп отыр, бұл біздің қазіргі – жаңартылған оқу бағдарламамызды айтсақ еш жаңылмаймыз. Бұл бағдарламаның мақсаты – білім мазмұнын жаңарту ғана емес, бағалау жүйесін, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, АКТ-ны қолайлы, әрі ұтымды пайдаланудың тиімділігін арттыру. Оқыту үрдісіне біршама жаңалықтарды енгізіп қана қоймай, сапалы білім беруге әкеліп отыр. Мысалы, бір критериялық бағалауды алып қарасақ, ол баланың жан-жақты ізденуіне мүмкіндік береді. Критериялық бағалау жүйесі бірнеше дамыған елдерде пайдаланылады. А.Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылаулы әдісі», «Жалқылау – жалпылау әдісі» мақалаларында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, өзге елдің оқыту жүйесін «Жакото әдісі», «Гедике әдісі», әліпбиелерін мысал етіп, жаңартуды, солардың оң нәтиже беретін жүйесін алуды ұсынған.

«Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады» (2, 280),- деп А.Байтұрсынұлы баланы оқытудағы басты мәселені айтып отыр – ол баланы мұғалімнің өз пәніне қызықтыра білу керек. Ал қызықтыру үшін сабақта әр түрлі әдіс - тәсілді пайдана білу керек. Жаңартылған оқу бағдарламасында сабақ оқытудың формасы да өзгерді десек болады. Сабақты бастаудың өзінде мұғалім психологиялық ахуал жасай отырып, оқушылардың зейінін ашып,

қызығушылығын оятады. Сабақтың басталуымен қоса, ортасында сергіту сәтін орындап, соныңда кері байланыс жасаудың өзін де қызықтырып ойын түрінде өткізіп жатады. Сабақ оқытудың бұл формасы бұрындары қолданса да, бүгінде әр мұғалім өз сабағында міндетті түрде өзі де қызығып жасайды. Яғни, мұғалімнің өзі де баланың деңгейіне түсіп, оқытуда көбіне ойын технологиясын қолдануы да, оның баланың қызуғышылығын оятуы. Қарап отырсақ, бүгінде баланы оқытуда басшылыққа оның қызығушылығын ояту бірінші орында тұр. Бұл да кезінде Ахмет Байтұрсынұлының бір методикасы.

Алты Алаштың басы қосылса, төр – мұғалімдікі демекші, А. Байтұрсынұлы оқу мәселесіне келгенде мұғалімнің мәртесін әрдайым жоғары қоятын: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қанадай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, Яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім» (1, 315-316). Оқу жүйесін де сабақтың формасы ғана емес, сабақ беретін педагогтің құзыреттілігі де жаңара түсті. Мұғалімнің білімін, біліктілігін арттыру үшін бар жағдай жасалып жатқандығын біз «Педагог статусы» деген заңның шыққанынан бастап байқасақ болады. Мұғалімдер арасында түрлі категорияларға бөлініп, оның одан әрі дамуына ықпал етіліп отыр. Белгілі бір категорияға ие болуына, оның тоқтаусыз дамуын, үздіксіз білім алуын көрсетіп отыр. «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда оның мұғалімдігі де жойылады»- деп ұлы ғалым, педагог К.Д.Ушинский бекер айтпаса керек. Түрлі шебер сынып, семинар, курс,тренинг өткізу бұл да жаңартылған оқу бағдарламасымен келген дүниенің бірі.

Жаңартылған білім берудің басты ерекшелігі – Блум таксономиясының оқу мақсаттарына негізделіп жасалуы. Оқу үдерісде білу, түсіну, қолдану, анализ, синтез, бағалау мұғалім де, оқушылар да осы арқылы әрекет етеді. А.Байтұрсынұлы да өз кезінде-ақ осы форматта сабақ өткізуді қолдаған еді. Өзінің «Баулу мектебі» атты мақаласында: «Үйрету бастапқы кезде қайда да болса, «баулу» түрде болған. Оқу - беріде шыққан үйрету түрі. Баулудан шығып бала үйрету, оқу түріне түсіп кетуі, оқу түріне түскенде де жалаң оқу түріне түсуі тіршілік түріне қарай болған. Тіршілікке керектің бәрі табиғаттан алынады. Сондықтан үйрету «жалаң оқу» түрге айналуы адамның табиғаттан тану түріне қарай болған» (3, 15 б). Яғни, балаға білім берудегі алға қоятын бірінші мақсаттардың бірі – баланың біліп, түсінуі. Бұл туралы дәл осы мақаласында оқудың үш түрін: көрнекі, өлі, төте деп араларының ара жігін ашып көрсетеді: «Көрнекі оқу» нәрсенің затын, ісін көрсетіп үйретеді. Көріп үйрету баланың табиғатына жақын дейді. Бала мектепке барғанша 5-6 жылдың ішінде бір талай білім білетіні рас. Бірақ ол білімді жалғыз көрумен ғана емес, көргенін еліктеп істеумен үйренеді.

Солай болған сон тек көрсетумен болып, істетпей үйрететін «көрнекі оқу» да көздеген мақсат түрдегі тіршілікке лайық адамдар жасап шығара алмайды. Өйткені нәрсені көріп білу, білу мен істеп білудің арасы көш жер. Нәрсеге ісін түсіп қарағанда байқауын мен ісін туспей карагандағы байқауын екеуі бірдей болмайды. Нәрсеге тек жүріп қарасак, тек көреміз де етеміз. Нәрсеге жұмыспен келіп қарасак, олай болмайды. Тоғай талын тек тамашаға аралап барып байқауымыз бен құрықша іздеп аралағандағы байқауымыз бірдей болмайды. Тоғай толының жайын тамашаға аралағаннан құрықша іздеп аралағанда, әлбетте жақсырақ білсек керек. «Көрнекі оқу» мен бала үйрету тоғай талын тамашаға апарып танытқан мыйсалды да, «баулу» мен бала үйрету тоғайдан балаға құрықша іздетіп танытқан мыйсалды. «Көрнекі оқу» мен «баулу» екеуінің арасындағы айырмасының асылы осы» (3, 18). Қарап отырсақ, Блум таксономиясының іске асыру, сипаттау, қолдану, салыстыру, пікір айту тұстарының барлығын «Баулу» деп атаған. Оқушының тек қана біліп кетуі ғана емес, оның біліп, істеп белгілі бір нәтижеге келуін айтып тұрғаны, оның о баста-ақ осы оқу жүйесін қолдағаның, өзі айтпақшы «дағдылы мектебінің «баулу» мектепке айналдыруын» көздегенің байқаймыз. Блум таксономиясының өзі бүгінгі кезде жаңартылған формада беріліп жатқандығын көреміз. Рубен Р. Пуэнтедор ұсынған SAMR моделі бүгінгі күні заманауи технологияларды бала оқытуда енгізу мүмкіндігін түсіндіреді. Әсіресе, гуманитарлық білімде қажеттілігі арттып келеді. Модельдің негізгі мақсаты – оқытушылар мен мұғалімдерге оқу үдерісінде оқытуда заманауи цифрлық технологияларды сабаққа енгізе отырып, сабақты одан әрі жетілдіру. SAMR моделі 4 қадамнан тұрады:

- I. ең төменгі – ауыстыру (substitution) деңгейі;
- II. жақсарту деңгейі (augmentation);
- III. модификация деңгейі (modification);
- IV. түрлендіру немесе қайта анықтау (redefinition) деңгейі (4);

Бүгінде ХХІ ғасырдың балаларын бұрыңғы қалыптасып қалған сабақ өткізумен қызықтыру, олардың шабытын ашу қиын. Себебі, олар АКТ-ның қарқынды дамуына байланысты мәліментті қабылдауы мүлде басқаша. Ал SAMR моделінің 4 қадамын орындай отырып, сабақты өткізудің тиімділігін байқай аламыз. SAMR моделінің Блум таксономиясынан басты ерекшелігі – оның АКТ белсенді қолдуында.

SAMR моделіне келетін болсақ, бастапқы қадамдарын толық жетілдіру кезеңдері деп қарастырсақ болады. Оның ең төменгі қадамы – ауыстыру. Біз өзіміздің дәстүрлі оқытуымыздағы қалыптасқан заттарымызды ауыстырамыз, яғни ескінің орнын жаңа басады. Бұрын қолымызбен паракқа сабақ жоспарын, бақылауды жазсақ, қазір біз ол ісімізді Word-пен атқарамыз. Дәл сол сияқты кітап, дәптерімізді электрондық форматқа ауыстырып жатырмыз. Электронды оқулықтың бір ерекшелігі оқуға да, тыңдауға да мүмкіндік бар (аудио кітап). Бүгінде аудио

кітаптардың саны көбеюіде, саны оларға деген сұраныс та күннен күнге артып келеді.

Келесі қадам ол – жақсарту. Яғни бастапқы ауыстыру қадамын одан әрі дамыта түсеміз. Электронды оқулықтағы тапсырмалардың санын, көрнеткіліктерін арттырамыз. Әдебиет сабағында видео фрагменттерді, шығармалардың үзінділерін аудио форматта қоюға болады. Тапсырмаларды quiz немесе тест түрінде орындалса да болады. Бұндай кітаптар қолданыста бар. Оған дәлел есебінде: сайты айтсақ болады. Оқулықтар электронды форматта оқытуда өте тиімді. Мұғалімнің көмекші құралы есебінде ғана емес, балалардың қызықтыруда да маңызды рөл атқарады. Әдебиет пәнін қосып, ақындардың өмірбаянын, шығармаларын әр түрлі форматта түрлендіруге өте ыңғайлы.

Келесі кезеңді – қайта жаңарту деп қарастырсақ болады. Бастапқы кезеңдерінде сабақты өткізуді, пайдаланылатын құралдарды жетілдіріп, жаңа форматқа көшкеннен кейін, біз оны қайта жаңартамыз түсеміз. Яғни, трансформация процессі басталады. SAMR моделінде олар – модификация (modification) және түрлендіру (redefinition) қадамдары. Бұл кезеңде біз дәстүрлі оқыту форматында АКТ белсенді түрде қолданамыз. Модификация – бұл деңгейде тапсырмаларды орындау, беру форматы өзгеріледі. Оқу платформаларында түрлі тапсырмаларды түрлендіріп оқыта аламыз. Flippity.net, genial.ly, wordwall, slidesmania, formative.com, wooclap.com, hx.nobook.com платформаларында тапсырма орындаудың ойын технологиясы және одан да басқа түрлері өте көп.

Бүгінгі күні біз толықтай цифрлық форматқа көшіп жатқандықтан, жаңа буын түрлі цифрлық технологиялар арқылы ақпаратты сіңіреді. Бұл білім алу кезеңінде де үлкен рөл атқарады. Оқушылар тарихтан тарихи деректерді оқымай, тик-ток желісіндегі түрлі бейнероликтерден түсініп жатады. Дәл осы сияқты сабақта үй жұмысын түрлі әлеуметтік желілерде орындауды бере аламыз. Оқушыларға инстаграмм желісінде пост жазу, түрлі тарихи оқиғаларға немесе шығарманың қысқаша үзіндісін тик-ток желісінде жариялау қызығырақ. Осы арқылы оқушылардың ізденуі арта түседі.

Біз айтқан, Блум таксономиясы да, SAMR моделі де сайып келгенде түп төркіні А.Байтұрсынұлының «жеңілден ауырға», «баулу» арқылы оқытуында жатыр. Сол кездің өзінде-ақ қалай дұрыс оқыту, сапалы білім беру деген сұраққа жауапты өзінің еңбектерінде берген еді.

А.Байтұрсынұлының «Жалқылау мен жалпылау әдісі» мақаласында әдістің қолдану жүзіндегі баспалдақтарын бірнеше түрге бөліп қарастырған: «Шағын сөзді»: *әр сөздің оқуы мен жазуын білдіру*, «Жазу-оқу» деген түрінде *жазуды*, «Дыбысты әдіс» түрінде *әңгімелесуді* басшылыққа алады (2, 340-344). Жаңарталған оқу бағдарламасындағы 4 дағдыны (*айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым*) басшылыққа алуымен пара-пар.

Еліміздегі білім беру жүйесінің өзгеруін, қайта жаңғыру десек жаңылыспағынымыз. Бұл біздің – рухани жаңғыруымыз. М.Әуезов айтпақшы: «Ел болам десең, бесігіңді түзе демекші, болашақ ұрпақтың білімді болуына бірде-бір себепкер бұл – мектеп. А.Байтұрсынұлы: «Мектептің міндеті – берген баланы ата-анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып шығару. Бұл міндетін дұрыстап атқару үшін көздеген мақсатқа керек істерді дұрыстап істеу тиіс» (1, 17 б). Жаңартылған оқу бағдарламасының оң нәтиже беріп жатқандығы, бүгінгі күнде оқушылардың білімінен, нәтижесінен байқап жатырмыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Байтұрсынұлы Алты томдық шығармалар жинағы. *Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер)*. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. IV: – 384 б.
2. А.Байтұрсынұлы Алты томдық шығармалар жинағы. *Тіл-құрал (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері)* – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. III: – 384 б.
3. А.Байтұрсынұлы Алты томдық шығармалар жинағы. *Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар*. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. VI: – 384 б.
4. Ефимова Е.А. Каким должно быть цифровое домашнее задание: обзор зарубежных исследований. *Информатика и образование*. 2021;(6):51-59.

Гүлдәрия Амангелдіқызы, Астана қ.
«№31 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-шебер

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ – ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КӨЗІ

Ахмет Байтұрсынұлы – түркітанушы, Абайтанушы ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының негізін қалаушы, публицист, аудармашы, фольклортанушы, этнограф, ағартушы-ұстаз, дарынды журналист, дәулескер күйші. Алаш көсемінің ХХ ғасырдың басында жазған еңбектері – оқу құралдары, ғылыми зерттеу мақалалары, өлеңдері мен аудармалары ұлтымыздың игілігіне ғасырлар бойы қызмет етіп келеді. Ол жарыққа шығарған «Қазақ» газеті қазақ баспасөзі тарихындағы тұңғыш басылым болып, оқырмандардың сауатын жетілдірді, сондай-ақ бұқараны ғана емес, қоғамды тәрбиелеумен айналысты. Ал құнарлы шығармалары жас ұрпақты тәрбиелеудің қайнар көзіне айналды.

Ағартушының тәрбиелік, тәлімдік туындылары ХХ ғасырдың басында және тәуелсіздік алған жылдардан бастап, заманауи білім беру барысында оқу бағдарламаларынан түспей, жаңа буын ұрпақ тәрбиелеуге оң ықпалын тигізіп келеді. Бұл арада: «А.Байтұрсынұлының жазықсыз жазаға ұшырап, қайта құру кезеңіне дейінгі уақытта оның еңбектерін пайдалануға тыйым салынғанын» айта кетпесек болмайды.

Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының ішінде аударма өлеңдерінің шоқтығы биік. Шетел әдебиетінен қазақ оқырмандарына оқу құралы болсын деген мақсатта А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов шығармаларынан тәржімалаған аударма өлеңдері қазақ және орыс әдебиетін рухани жақындастырумен қатар, ұрпақ тәрбиелеудегі ұлт мүддесін жоғары қойды.

Ағартушы-ұстаздың «Жиған-терген», «Қаздар», «Маймыл» т.б өлеңдерінің негізгі идеясы – еңбек тақырыбы. Бұл өлеңдерді оқыған жас жеткіншек еңбек етуге, кәсіп игеруге, табыс табуға, өнер-білім үйреніп, адал өмір сүруге талпынары сөзсіз. «Жиған-терген» өлеңі қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының ізімен жазылған. Автор 20 жыл ұйқысы қанбаған жұрттың ұйқышылдықтан арылып, еңбектене отыра, оқу-біліммен айналысуына кеңес береді.

«Аққу, шортан, һәм шаян» өлеңінің ғибраты мол. Елдің ауызбіршілігі мен ынтымағын жарастыруда осы бір мысал өлең – зор тәрбие. Жайшылықта аққу құстың көкке, шаянның шөлге, шортанның суға тартатыны рас. Жүкті орнынан қозғалту үшін, үшеуі үш жаққа тартпай, жұмыла көтеру керек еді. «Ат пен есек» өлеңінің идеясы да татулыққа келіп тіреледі.

«Егіннің бастары» өлеңінің тәрбиелік мәні зор. Дәнсіз бидайдың адамға пайдасы жоқтығы арқылы, қоғамға да тигізер пайдасы жоғын әкесі баласына түсіндіреді. Сондай-ақ, перзентінің тәкәппарлық, өзімшілдік, мақтаншақтық қасиеттерден аулақ болуына кеңес береді.

Адам мінезіндегі жағымсыз қасиеттер қандай? Оларды өсіп келе жатқан бала бойынан қалай жоямыз? Бұл жайында «Қасқыр мен тырна», «Арыстан, киік һәм түлкі», «Қарға мен түлкі», «Қайырымды түлкі», «Қасқыр мен мысық» өлеңдерінде айтылады. Пайдакүнемдік, ар-ұждан, бақай есеп-бас пайдасы сөз болады. Пендені орға жығатын мақтаншақтық, даңғойлық, атаққұмарлық туралы «Өгіз бен бақа», «Емен мен қамыс», «Екі шыбын», «Ағаш», «Сары шымшық» өлеңдері оқырмандарына, әсіресе, балаларға ерекше ұнайды.

«Бұлбұл мен есек», «Маймыл мен көзілдірік», «Еменнің түбіндегі шошқа», «Ғылым» өлеңдері ел ішіндегі сауатсыздықты әшкереледі. Ағартушы-ұстаз надандықтан құтылудың жалғыз амалы – оқу екендігін түсіндіріп, шығармаларында жас демей, кәрі демей, елді жаппай сауат ашуға шақырды.

Түркітанушы ғалым А.Байтұрсынұлы жөнінде замандасы М.О.Әуезов: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажырлы қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын ұлы істер болатын,» – деп атап өткен.

Заманымыздың заңғар жазушысы М.О.Әуезов айтқандай, Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары – жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелеудің қайнар көзі болып табылады. «А.Байтұрсынұлының жазықсыз жазаға ұшырап, айыпталуына орай, қайта құру кезеңіне дейінгі уақытта оның еңбектерін пайдалануға тыйым салынып, оның аты да аталмай, ілуде еске алына қалса, тек мансұқталумен келді.

Қайта құру мен жариялылық заманы орнағаннан кейін жүзеге асырылған ақтау шараларына байланысты А.Байтұрсынұлы мұрасы қайтадан халқының игілігіне айналды,» – деп Айгүл Ісмақова дұрыс айтқан.

Қазақ барда, қазақты тәрбиелейтін Ақаң шығармалары мәңгі өлмейді! Ғасырлар бойы оқу-ағарту жұмыстарында Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары мен ұсыныстарын негізге аламыз. Осы орайда жүрегімізден жарып шыққан жыр жолдарын назарларыңызға ұсына кетейін:

Ахмет Байтұрсынұлына арнау

Әліппенің атасы,
Ағартудың сақасы.
Байтұрсынның ғана емес,
Алашының Ақасы!*

Сартүбектің баласы,

Атасының қарасы.
Әруағы қолдаған,
Ер Шошақтай бабасы!
Ілім құмар санасы,
Білім құмар қарашы!

Қаршадай ұл ертеден,
Қазағының панасы!
Қарқаралы, Қостанай,
Петербург, Жем, Торғай,
Алматы мен Ташкент,
Ақтөбенің арасы.
Орынбордың қаласы,
Озық ғылым саласы.
«Қазақ» деген кәзитпен,
Аты шыққан данасы.

Оқу жайы, жер жайы,
Тілдің жайы, ел жайы,
Ғылым үшін ғұмыры –
Шаһид болған өз жайы.

Кең кеудеден керілген,
Өлең болып өрілген.
«Әдебиет танытқыш»
Инжу-маржан көрінген.

Өнегелі шығарма –
«Қырық мысал», «Масасы»,

Алмағайып болар ма,
Елден алған батасы.

Шын жүйріктің шашасы,
Шаң жұқпаған ашасы!
Байтұрсынов Ахмет –
Ұлт – ұстазы, атасы!

Аяғынан көп шалды,
Іші тарлар жаласы.
Абақтыда көп қалды,
«Бес бәйтерек» наласы.

Ақкөл, Торғай жағасы,
Сарыторғай сағасы.
Ақаң* еткен еңбектің,
Теңдесіз ғой, бағасы!

Күллі қазақ даласы,
Құрмет еткен алашы!
Мәңгі өлмейді, Ахмет –
«Ұлт – ұстазы» мұрасы!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынов «Шығармалары, өлеңдер, аудармалар, зерттеулер» Алматы: «Жазушы» баспасы, 1989жыл;
2. А.Байтұрсынов «Ақ жол»: өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер, Алматы, «Жалын» баспасы, 1991 жыл;
3. «А.Байтұрсынұлының бес томдық шығармалар жинағы», М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, Алматы, «Алаш», 2003 жыл, 32-бет;
4. А.Байтұрсынов «Тіл тағылымы» Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1994 жыл.

Аманова Гульнур Окановна
Астана қ., №64 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСТАНЫМЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін меңгерудің әдістемесінің негізін қалаған ғалым-әдіскер екендігін бүгінгі ұрпаққа қалдырған әдістемелік мұраларынан белгілі. Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» т.б. құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер екені даусыз. Ғалымның «Әдіс - керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз.

Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап көтеріп жүр. Өткенге барлап қарасақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын атап өткен жөн болар. Бұны біз ғалымның өз заманындағы балалар мен ересектердің сауатын ашуға арналған оқу құралдарынан да, шағын мақалаларынан да аңғарамыз. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығына жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген.

1928 жылы қайта шыққан әліппеге білдірген пікірінде Т.Шонанұлы: «Ахаңның жаңа әліпбиі оқу құралдығы жағынан бір қымбат болса, ішкі маңызымен екі есе қымбат. Жаңа әліпби Ахаңның бұрынғы әліпбилеріне тіпті ұқсамайды. Ахаңның бұрынғы әліпбилері кезінде «Әліп – екі үсін әннен, «Абжет әуестен», ескі молдалардың оқыту әдісінен, ескі «қытай» жазуынан қалдырса, бұл әліппе бізді бұл күнгі педагогикамен таныстырып отыр, жазу әдісі жағынан да педагогиканың үстіміздегі мақсаты мен бағытына үйлесіп отыр» - деп оқулықтың құндылығын дәлелдейді.

Қазіргі таңда ересектерді оқытатын оқытушылар мен мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде Блум таксономиясын басшылыққа алады. Блум таксономиясының 6 түрлі ережесі кез-келген ақпаратты үйретудің ең ұтымды тәсілі ретінде тәжірибеде

дәлелденіп жүр. Бір қызығы, осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге бірітіндеп өту барысы жайында өз заманынан жылдар бұрын айтылып кеткен А. Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

- 1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс деп аталады.
- 2) Кей әдіс негізгі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.
- 3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады. [1]

Мәселен, Сабақтың тақырыбы: Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдеріндегі ел тағдыры.

I Білім	«Маса», «Досыма хат», «Қазақ салты», «Қазақ қалпы» өлеңдерінің мазмұнын, идеясын, мағынасын өлең жолдарын оқи отырып, ақын өлеңдерінің ішкі сырына үңілу. «Маса» өлеңіндегі сергектікті қозғалыс күйді серпіліс пен ізденісті астарлы ойды түсіну.
II Түсіну	«Қазақ салты», «Қазақ қалпы» өлеңдеріндегі қазақ қоғамының жалпы қалпына ақынның салқын қарай алмайтындығын түсініп талдай жүргізу. «Досыма хат» өлеңін халықты ояту, оның санасына, жүрегіне сезіміне әсер ету екендігін түсіну.
III Қолдану	Эвристикалық сұрақ-жауап арқылы өлеңдерінің поэтикалық көркемдігін, айшықты ойын тану.
IV Талдау	Өлеңдерінің көркемдік ерекшелігіндегі компоненттерін талдау. Мақал-мәтелдер мен фразалық сөз тіркестерін табу.
V Жинақтау	Осы өлеңдердегі буын саны, шумақ, тармақ, ұйқас түрлеріне талдау жасау. Өлеңдеріндегі Абай үлгісін байқау.
VI. Бағалау	Ақын өлеңдерінің тәрбиелік мәні, ақынның азаматтық үнін өз деңгейінде дәлелдеу.

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл категориялар қазақ тілін оқулықтарын құрастыруда да, сабақ әзірлемелерін жасауда да басшылыққа алған жөн.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегінде қазіргі әдістемеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгертудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады. Ғалым «үйретуді» өнер деп бағалайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ» дегені сөзсіз ақиқат. Әдіске тіл үйретуге мыналарды

жатқызады: 1) оқылым - оқу үйрету; 2) жазылым - жазу үйрету; 3) айтылым – сөйлеу үйрету.

Сөйлеу әрекетінің А. Байтұрсынұлының «Оқу құралының» өн бойында кездеседі. Мәселен, оқылым әрекеті буындап оқу, тұтас оқу арқылы; жазылым әрекеті сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы, айтылым әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы; тыңдалым әрекеті жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

Ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек, ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек, таныған әріптерін жаза білу керек, жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін нақты мысалдармен көрсетеді.

Сонымен қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқытудың бұл жүйесі де А. Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында баяндалады: «Өлі оқудан» гөрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «Төте оқудан» «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігілей түсіру».

А. Байтұрсынұлы оқулықтарындағы білім мазмұнын қамтитын мәтіндер мен әңгімелер бастауыш сынып баласының бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруды көздейді. Ондағы түрлі танымды сұрақтар мен тапсырмалар қалыптан тыс ойлауға, өз бетінше жұмысқа ғылыми көрегендікке баулуға және жоғары қиындыққа негізделе құрылғанына көз жеткіземіз. А. Байтұрсынұлының «Әліпбиінің» 91-бетінде төмендегідей тапсырмалар бар:

А) өз бөлмеңнің түгендеуішін жаса;

Ә) Ой, мерген-ақ деген өлеңді жатқа жаз;

Б) Мына сөздерді буындап, жатқа жаз;

Мұрнымызды жыбыршытып түшкіртті,

Тамағымызды жыбыршытып жөткіртті.

В) Мына сөздерден сөз туғыз; *Үлгі: ұзын-ұзаю. Қысқа-қысқару. Аз- ; көп - ; суық -; жылы -; ашық -; жабық -*

Жұмбақ есептер:

1. Үйдің төрт бұрышында төрт мысық отыр. Әр мысықтың алдында үш мысықтан отыр. Барлығы неше мысық отыр?
2. Төлептің 4 ұлы бар. Төрт ұлының адам басына бір апа, бір қарындасы бар. Төлептің барлық баласы нешеу болғаны?
3. Шырпыдан тоғыз тор жасаңдар. Одан сегіз шырпы алып тастап, басқасын қозғамай қойып, екі көз ғана қалдыру керек. Қай шырпыларды алып тастау керек. [9]

Және де Ахмет Байтұрсынұлы оқушыны мезі ететін орынсыз сұрақтар бере бергеннен гөрі мұғалімнің мәтінді өзі оқып ішіндегі түсініксіз

атауларға сілтеме жасағаны орынды деп санайды. Демек, шәкірттің оқуға ұмтылысының алғашқы сатыларында басы тасқа тиіп, тауы шағылмауын ерекше ескерген. Ғалым сабақ үрдісінде *кері байланыстың* жүйелі жүзеге асуын қатаң талап еткен, жаңа материалды меңгертуде ауырлық, салмақ түсірмеу, жеңілден ауырға қарай жүру және жалқыдан жалпыға ұстанымдарын қатаң сақтауды ескерген. Оқушының «Тоты» болудан сақтап, шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыруды көздеген.

Сондай-ақ Байтұрсынұлының «Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге үйрету» мақсатына зор мән берген. Ғалымның оқушыларды жазбаша шығармашылыққа үйрету негізінде тіл дамыту мақсатын көздегенін әдістемелік еңбектерінен, оқу құралдарында ұсынған жаттығу үлгілерінен де байқау қиын емес. Әсіресе А.Байтұрсынұлының өзі пайдаланған «Қайсысын қайда қою?», «Ермек еңбек», «Сұраққа жауап», «Құрастыру» сияқты түрлі тапсырмалардың бәрін құрастыру кезінде оқушыны дамыта оқытуға төселдетуді көздесе керек.

Осындай мақсатты көздеген төменде жоспары беріліп отырған сабақ Блум таксономиясы бойынша ойылған. Мұнда оқушының рөлі басымдық танытып, мұғалім тек кеңесші, сарапшы қызметін атқарады. Оқушылар өз беттерімен алдын-ала ізденіп келгендіктерін көрсетеді.

Осылайша қазіргі жаңашыл деп танылып жүрген технологиялардың түр-түрін ғұлама ағартушының еңбектерінде көрініс табады. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу ағарту саласындағы әдістерінің өміршеңдігіне көз жеткізуімізге болады. Бүгінгі таңда жас ұрпақтың өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білетін, жалпы адамзаттық мәдениетті терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелу - заман талабы мен қоғам қажеттілігі екенін біз жақсы түсінеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айнұр Сейітбекова «Бүгінгі жаңа деп танылған әдістер Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алған. //Тіл әлемі сайты. //2019ж
2. А. Байтұрсынұлы Қазақша оқу жайынан. Тіл тағылымы// Алматы, Ана тілі 1991
3. Қасабеков А. Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. – Алматы: Ер дәулет, 1994
4. ҚР Президентінің халық бірлігі мен ұлттық тарихы жылына арналған қаулысы// Егемен Қазақстан 1999
5. Жұмабаев М. Бастауыш мектепте ана тілі. // Жұлдыз, 1993 Жұмабаев М. Бастауыш мектепте ана тілі. //Жұлдыз, 1993
6. А. Байтұрсынұлы Қазақша оқу жайынан. Тіл тағылымы// Алматы, Ана тілі 1991
7. Шонанов Т.А. А.Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында. // Жұлдыз №2 1992
8. А. Байтұрсынұлы. Ақ жол. Шығармалары, өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1989
9. А. Байтұрсынұлы Ахметтің араб әліпбиін жақтаған баяндамасы. Тіл тағылымы// Алматы, Ана тілі, 1991ж.

Абдиров Өркен
Астана қ., №74 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІН А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖОЛЫМЕН ШЕШУ ЖАЙЫНДА

«Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттануының ғана бас құралы емес, қазақ тіл білімінің, оның ішінде неолингвистика мәселелелерінің де мәселесіне арналған еңбек. Ахмет Батұрсынұлының әдеби-ғылыми мұрасының ішіндегі ең көлемді(әзірге) және айрықша тиянақталып берілген, тұжырымды жұмысы да осы – “Әдебиет танытқыш”[1]. Шолу ретінде бірнеше рет қаралып, айтылып жүргенмен, бұл еңбек дәл зерттеліп, әділ бағасын әлі алған жоқ. Өйткені бұл асыл сөз танытқыш кітаптың жазылуының өзі қазақ тілі мен оған қатысты сөз ғылымының оқыту жүйесін, алдағы даму бағытын көрсеткендей еді.

Автор қандай ғылыми еңбектерге сүйенгені туралы мәлімет, дерек келтірмейді. Соған қарамастан қоғамдық, тарихи-эстетикалық, философиялық білім мығымдығы үнемі сезіліп отырады. Мұны біз ғалымның біршама дүниеге өзіндік көзқараспен келгендігінен деп түсіндіреміз. Себебі қазақ тіл білімінің, сөз өнерінің негізін салу жолына ғалым үшін үлгі боларлық тұлға болмады. Жиған білімінің қиуын қиыстырып ұлттық ғылымның іргетасын қалауға кіріскен ғалым алдында бірнеше саланың мәселесі тұрды. Соның бірі – қазақ тілін оқыту әдістемесі.

Біз қазақ тілін «Әдебиет танытқыш» арқылы оқытуымыз керек десек, біраз жұрт үркуі мүмкін. Алайда тіл біліміне тікелей қатысты әлемдік жауһарлардың бірі болуға әбден лайық «Әдебиет танытқышты» біз ұғатын қазіргі әдебиеттің қазығына байлауға мүлдем келмейді. Өйткені «Әліппе» бастауына шығып, «Тіл – құралы» мығым теориясымен, үлгілі мысалдарымен жалғасатын оқу құралдарының тізбегі нені меңзейді? Тілді пайдалану, құнарын барынша сығып, қажетіңе жарату дегеннің не екенін үйреткісі келеді. “Әдебиет танытқыш” сөз өнерін меңгертуге арналған Ахмет еңбектерінің зоры. Демек, біз де қазақ тілін меңгерту жолында аталған еңбекті пайдалануымыз қажет. Осы жолда Ахмет еңбектерінің басын біріктіріп «Сөз өнері» ретінде оқыту жөн болмақ.

«Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы іргетасын қалаған қондырғы болғандығы туралы ғылыми зерттеу еңбектер жазылды. Мәселен, 2007 жылы – Ұ.Еркінбаев «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» XX ғасыр басындағы әдебиеттану контекстінде» [2], 2010 жылы – А.Ойсылбай «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері» кандидаттық диссертациялар қорғалып, нәтижесінде ғылыми негізде тұжырымдалған ой-танымдар, соны ұсыныстар әдебиеттануға жаңа арна болып қосылды [3]. Алайда біз бұл еңбектің тек әдебиеттанудың ғана

емес тілді оқытудың құралы болатынын нық сеніммен айта аламыз. А.Ойсылбай өзінің еңбегінде: «Жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білу керек. Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады.»-деген Ахмет сөзін мысалға ала отырып, ұлт ұстазының «тіл заңдылықтарын поэтика тірегі» ретінде көрсеткеніне баса назар аударады. Біз де осы құбылысты байқағандықтан аталмыш еңбекті басқа қырынан қарау керек деген ойға келдік. «Әдебиет танытқышқа» жаңа қырынан қалам тартқан Ұ.Еркінбаев: «Байтұрсынұлының бұл жерде асыл сөздің баламасы ретінде «арабша әдебиет, қазақша асыл сөз дейміз» деуі де тегін емес. Себебі, бұл терминдердің таза мағыналық өлшемін таразылағанда, асыл сөзге жақын болып шығатыны латын тілінен келгенінен гөрі араб тілінен келгені (түбірі **أ** әдеп, көркем мінезді иемдену, әдептілік, әдепті сөйлеу, сұлу сөйлеу т.б. мағыналарды білдіреді, осы мағыналардың барып тірелер шыңы – асыл сөзден тіптен де алыс емес). Мағыналық жағынан соңғысының шеңбері кең болып тұр. Адамға рухани қажеттілік – сөздің асылы ғана дегенге саяды. Ал, асыл сөздің ғылыми анықтамасына келсек оған қазіргі әдебиеттану да нақты жауабын бере алмай отыр. Мағыналық жағынан да әдебиет термині уақыт өте келе синкреттік сыпат иеленіп бесаспаптық қасиетке ие болды.» деген пікір айтады[4, 104]. Шынында, «асыл сөздің» ауқымы біздің қазіргі қолданып жүрген «әдебиеттен» кеңірек. Көбісі әдебиет дегенде ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті деп бөліп қарастыруға дағдыланған. Мұның себебі біз әдебиетті бөлек тілді бөлек оқытып келеміз. Біздіңше, бұл бастамада кеткен үлкен қателік. Мұны дәлелді ету үшін келесі уәждерімізді келтіреміз: Қазақ тіл білімі саласы ХХ ғасырда құрылымдық жағынан дамыды және қазіргі тұралау да сол ережелерден ғана тұратын таптаурыннан бас ала алмауымыздан болып отыр. Мұндай құбылыстың желкенін үрлеген орыс тілінің даму бағыты болатын. Біз әлі кеүнге сол даму жолынан шыға алмай, батпақтан аяғын суыра алмай жатқан жас балаша екпінімізді жоғалтып, алқынып келеміз. Ұмтылысымыз бар, тура жолды да аңдап қалдық. Алайда біздің абыройлы ғалымдарымыздың жазған еңбектерін де мансұқтай алмай, керек жерін қажетімізге алып, керексізін сынай алмай әуреленіп келеміз. Ахмет «Әдебиет танытқышта» әдеби шығармаларды сөз шығарумен(аузша сөз шығару, жазбаша сөз шығару) машықтанған кісілерге үлгі ретінде берсе. Біз әдеби шығарманы оқытуға ғана ден қойып кеттік. Әрине, Ахмет қалдырған әдебиеттану саласындағы ережелерді жұлмалап, тықпыштап қоятынымыз тағы бар. Соңғы кезде тіпті ана тілімізді оқытатын құралдарымыздың әдіснамасын жатжұрттың әдіснамасына басы бүтін байлап бере салдық. Сөйтіп оқулығымыз қойыртпаққа айналды. Тіпті әдебиет пен тіл деп бөліп оқыту қажет пе? “Асыл сөз” деп бастаған әңгімеміздің ауанынан байқасаңыз, оқушыға тілді

сөз шығару құралы ретінде меңгертіп, оның заңдылықтарын үйреткесін, заманымыздың озық үлгілі шығармалары мен классикалық шығармалардың үлгісінде сөз шығаруға бейімдесек тіл ғылымы да, оны меңгеру мақсаты да бір жүйеге түспей ме. Сөз өнерінің бұйымы сөз болса, онымен айналысуға тіл(құрал) кере, онан барып асыл сөз шықпаө. Міні осылай тізбекті толық жалғағанда Ахмет Байтұрсынұлының принципін түсінеміз.

Бұл жолда дәл қазір үлкен үш кедергі бар, үшеуін де жою үшін тағы да Ахметке жүгінеміз. Әуелгісі – кирилл әліпбиінен құтылу. Бұл баланы бастауыш сыныптағы «көркем жазу» деген әуреден құтқарады. Кітапта бір басқа, жазбада бөлек болатынын түсіндіріп жатқанда, баланың тілі шығып, тақылдап сөйлеуге бейімделетін кезеңін жіберіп аламыз. Сөйтіп «ойын жеткізе алмайды, тұжырымдай алмайды, мазмұндауы нашар» деген жаңылыс ойға келеміз. Асылында, баланың бәрі шешен болуы да шарт емес. Алайда “баспада былай, жазбада былай” деп бас қатырмай балаға баспадағыдай жазғызатын әліпби таппай біздің әлектенісіміз бітпейді. Байтұрсынұлы өз дәуірінде бұл мәселені төте жазумен шешсе, біздің алдымызда не түрік бітігіміз, не Түркия түріктері мен әзірбайжандық қолданыстағы латын әліпбиі тұр. Ахметтің дін мен діл үшін, кейінгілер бабалар мұрасын оқи алуы үшін араб жазуына негізделген төтені таңдағанын сол уақыттың тұрғысынан қарап, түсінуіміз қажет. Ал қазір жағдай бөлек, заман да өзгерген.

Екіншісі, әдеби шығармаларды сөз өнерін үйрету мақсатында оқытуды қолға алуымыз қажет. Сонымен қатар әдебиеттану ғылымындағыдай дәуірлеу жолын емес, шегініс жолын пайдалануымыз қажет. Себебі ғылым адамдарының өзі бірнеше ғылыми сөздік ақтарып түсінетін кейбір сөздерді бастауыш мектептен шыққан бала санасына кесегімен енгіземіз деу үлкен ағаттық. Бала айналасында не айтылып жатыр сол заңдылықты тіл заңдылығы ретінде тануы қажет те, сонан соң айналасындағы сөз қолданысқа сай заманауи әдеби шығармадан бастап оқуы қажет. Асыл сөзге құмарту бірден жүре қоймайды. Оны ұғындыру үшін мағынасы терең сөзді миына күштеп құю баланы сөз өнерінен жерітеді. Осы тұста Ахметтің «Тіл – құралын» [5], «Әдебиет танытқышын» [1] мысалға алып қарайықшы. Заңдылығын түсіндіргесін сол дәуірдегі әдебиеттен мысал келтірген. Мақсат не? Әрине, балаға сол дәуірдегі озық сөйлеу мен жазу үлгісін меңгерту. Ол өз зерттеуінде замандас ақын жазушылары Абай, Мағжан, Мұхтар, Міржақып шығармаларын мысалға алады. Себебі сол дәуірдегі шығарманы оқи алу мүмкіндігімен қатар, түсінуі де оңай болмақ. Бұл тұста оқулық шығару уәжі де нанымды болмақ. Бес-он жылдықтағы үздік шығармаларды ауыстырып отырып заңдылықтарды түсіндіру, заңдылығы да, үлгілік мәтіні де өзгере беретін қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарын жаңарта беруге қарағанда тиімдірек. Ал «оқу үшін оқу» ұстанымына салып, мораль айтып, «баяғы таптаурын жолға түсуің керек» дегендей бұрынғы шығарманы бүгінгі санаға әкеліп, мыжи берсек

бала «не үшін оқу керекпін?» деген ішкі сауалына жауап таппайды. Содан соң тілді меңгеруге деген онсыз да аз құлшыныс суалып кетеді.

Үшіншісі, әлем әдебиетін қазақ тілінде оқытуды қолға алу керек. Әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетінің озық үлгілерін қазақ тілінде біріктіре отырып “Асыл сөз” деген атпен “Сөз өнеріне” қосымша даярлау қажет. Жоғарыда айтқан заңдылыққа сүйене отырып оқытсақ, балаларда біз үлкен әлемнің мүшесі екенбіз деген ой пайда болады, қазақ ғаламның қоры екен деген ойдан аулақ болады. Сонымен қатар сол “Асыл сөз” ішіне заманауи шығармаларды қосу артықтық етпейді. Ол жайында кейін тарқата айта жатамыз. Әзірге тек алаш жолымен жүріп, қазақша білім қорын молайтсақ, ұлт үшін пайдалы болмақ. Бұл да Ахметтен негіз тартқан ұстаным. «Тіл тазалығы» атты бөлімінде жатсөзден мейлінше қашық тұру қажет екенін ескерткен Ахмет тілдің қалпын таза сақтау болашаққа сау жетуін көздеді. Ғалым мақсатына жетті. Ары қарай тіліміз ұлтымыз бен осы салада қызмет қылам дегендердің қолында.

Сөз соңына келсек, жат елдің үнімізге үйлеспейтін заңдылықтарының орнына қазақ тілін, асыл сөзін, яғни сөз өнерін пән ретінде ғылыми жүйеде негіздеген ғалым-реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбегін қайта жаңғыртып, қолдануды бастау керек. Қазіргі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы қолданылып жүрген оқулықтарымыз әр саладан әр сағаға құйған өзенше ала боп ауыздан қашып тұр. Білім алушы былай тұрсын, үйретушінің өзі түсіндірме сөздіксіз түсінбейтін қондырғы мәтіндерден құралған. Алғы сөзімізде айтылған үш талабымыз біздің емес, тілді оқытудың талабы. Ана тілін оқыту мен жат тілді халыққа қазақ тілін оқыту мәселесі арасында сергелдеңге түскен әдіскерлер бар, оның үстіндегі тапсырыс беруші мемлекет бар, түгелі осы іске жауаптылық танытуы шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.
2. Еркінбаев Ұ. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану контекстінде. Автореферат. – Алматы, 2007.-26 б.; «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. Монография. – Алматы, 2008.-136 б.
3. Ойсылбай А. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері. Автореферат. – Алматы, 2010.-26 б.
4. «Ұлағатты ұлт ұстазы» (анықтамалық-көрсеткіш) Құраст.: Р.Имаханбетова, Қ.Байдебеков. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2016.- 276+32 жапсырма бет.
5. Тіл тағылымы / бас ред. Арын Е.М., құраст., жауапты ред. Құдабаев А.Ж.- Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2008.172 б. - (Қазақ тіл білімінің антологиясы).



Баяқпаева Гулжан Амантайқызы
Астана қ., «№32 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ ККМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Сөздің басын А.Байтұрсынұлының қанатты сөзімен бастағым келіп тұр: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады». Адам баласы ең алдымен білімді өз ана тілінде алуы керек. Ахмет Байтұрсынұлы: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек», - деп мәселені айқындап қояды. Оқытқанда баланы ана тілі-қазақ тілінде оқыту керек деп санайды. Ал, «орысша» оқытуды бала өзі-ақ үйреніп алады деген пікір қалдырады, яғни бұдан біз Ахметтің бала алдымен ана тілінде білім алып, ана тілінің ықпалымен «тұлға» болып қалыптасуына «ананың сүтімен, әкенің қанымен берілетін тіл – ана тілі» екенін тілге тиек етеді. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды.

Ақынның шығармашылықтарына тоқталатын болсақ, оның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде қазіргі таңда оқытылып жатқан әдебиеттану ғылымында кеңінен қолданылып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдар қазақша нақты, әрі дәл, қысқа көлемде, оңтайлы баламаларда қолданылып жүр. Сонымен қатар, бұл еңбегінде әдеби текстерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсете білді.

«Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген екен.

Осы сөзді басшылыққа ала отырып, қазіргі «мұғалім» қандай болуы керек? деген ой туындайды...

Қазіргі мұғалім, ең алдымен балалардың қалай білім алатынын ескере алатынын білуі қажет. Себебі, нәтижелі білім алу үдерісі мұғалімнің оқушылардың өздігінен, ізденіп, меңгеріп, таныта білген білім-дағдылары мен амал, көзқарастарына зейіннің аударып, зерделеуді білген білімнің модельдері негізінде ғана жүзеге асырылады. Оқыту үдерісінің басында

мұғалімдер оқушылар не біледі, оларда қандай қателіктер кетті, олардың түйгендері не және жіберген қателіктерді дұрыстау үшін қолданылатын арнайы құралдар керек.

Келесі еңбегі – «Тіл құрал» деп аталады. Бұл еңбегі қазақ тілін ана тілімізде танудың басты құралы болды десек те артық емес.»Тіл – құрал» атты еңбегі қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныкі.

Жер бетіндегі әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұралары бар. Солардың ең бастысы – халықтың рухани қазынасы. Халықтың ізгі ойларынан, талап, тілегінен, мақсат мүддесі мен асыл армандарынан туған бұл мұралар барша адамзат баласына ортақ және келешек ұрпақтар тәрбиелеудің бірден бір құралы. Қазақ халқының сонау түркі заманынан бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраларының бірі – халықтық педагогика. «Халықтық педагогика, делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, — тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағытты халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, семья тәрбиесінің тәжірибелері, т.б. жатады. Халық педагогикасының негізгі түйіні- еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберлікті ұрпақтан ұрпаққа қалдыру».

Жан-жақты жетілген тұлға дегеніміз — ақыл-ойы дамыған, денсаулығы мықты, еңбекқор, ізденімпаз, эстетикалық талғамы биік, имандылықты бетке тұтқан, адамгершілігі мол қоғамның белсенді мүшесі.

Халықтық идеяға толы рухани мұралардың мән-мазмұны мен негізгі түйіні де осы жас буындар бойына тәрбиенің сан алуан және жағымды түрлерін қалыптастыруға саяды. Міне, осыған орай жас ұрпақты тәрбиелеуде жалпыға ортақ қоғамда өмір сүрудің моральдық-психологиялық нормасы белгіленді, оның мәні «сегіз қырлы, бір сырлы» деген нақыл сөзден байқалады.

Қазақ халқының педагогикалық мәні зор ой-толғаныстарын бесік жырынан, ертегілері мен аңыздарынан, эпостары мен дастандарынан, шешендік сөздері мен айтыс-термелерінен, мақал-мәтелдері мен баталарынан көптеп кездестіруге болады.

Байтұрсынұлының еңбектерін саралай келе, ақынның педагогикалық көзқарасын төмендегідей түрде сипаттағым келеді. Ол оқыту тәсілін және

бағалауды қалай тиімді құру керектігін зерттеген болатын. Зерттеу жұмыстарынан кейін мынадай ұсыныстар бергім келеді:

1. Оқушы оқу процесіне белсене қатысып қана қоймай, алған білімін бағалау, өздері ұсынған қорытындыға дәлел келтіре отырып, бір-біріне сын тұрғыдан қарауы керек;
2. Мұғалім оқушыға бағытталған болуы тиіс және талдауға арналған арнайы рөлдерді ұсыну арқылы оқыту тәсілін қолдануы тиіс;
3. Білім бағдарламалары мәселені шешудің тиімді әдісін қамтамасыз ету керек;
4. Оқушы мен мұғалім арасына бағалау білікті әрі шынайы болуы тиіс, сонымен қатар оқушының білімі жазбаша тестілеу арқылы бағаланбауы керек;
5. Оқушы алған білімін тиімді қолданып және оны қажет жағдайда саралай білуі керек;
6. Оқушымен диалогтық және бірлескен оқу мүмкіндігі ұйымдастырылуы тиіс.

Оқушыға оқуды үйрену, өз бетімен жұмыс істеуге деген қызығушылығын арттыру – білім берудің басты бағытының бірі болып саналады. Мұғалім үйретудің сан алуан тәсілдерін қолдану арқылы оқушының бойынан мынадай қасиет пен дағдыны қалыптастыра алады:

- білім алушыны дамыту үшін, ең алдымен оның жеке пікірін ескеріп, санасып, оның бойындағы білімі мен біліктілігін ескеру керек;
- оқушыны нақты тапсырма мен жаттығу арқылы пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқуға деген ынтасын дамыту;
- оқушыны оқыту кезінде «оқу үшін бағалау» модулін қолдану;
- есепті шешу, саралау кезінде оқушының зерттеу қабілеттерін дамыту;
- оқушының сыни тұрғыдан ойлауын жетілдіру;
- оқушының жеке, топтасып, ұжыммен жұмыс жасау әрекетін дұрыс ұйымдастыру керек.

Байтұрсыновтың еңбектерін зерделей келе, оның педагогикалық көзқарастарын зерделей отырып, оқушылардың білімін жетілдіру бойынша қызметтің өзара байланысты үш кезеңдерінің негізінде модель жасап шығаруға болады:

- Бірінші кезеңі – жалпы зерттеуді қажет ететін жаттығулар (жетілдіру, байыту).
- Екінші кезеңі – топтық оқудың жаттығуларын ұйымдастыру (үдеріс).
- Үшінші кезеңі – нақты проблеманы жекелік және шағын топта зерттеу (нәтиже).

Қазіргі заманғы мектеп оқушыларды қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес өздерінің дүниетанымын дамытуға, өндірістің және білім беру саласындағы оқушылардың болашақ жоспарларын ескере отырып, олардың ғылым негіздерін терең білуін қамтамасыз ету міндетін қойып отыр. Мектеп

қоғамның қоғамдық тәртіптерін орындайды, яғни олар мынадай дағдыларды қалыптастыруын қамтамасыз етеді:

- балаларды жеке өмір сүруге;
- мамандықты дұрыс таңдауға;
- өндіріс саласында шығармашылық жұмысқа дайындауға.

Оқушылардың танымдық шығармашылық қабілеттерін дамыту мұғалім жұмысының басты мақсаты болып табылады және белсенділіктің әртүрлі әдістерін пайдалану арқылы қол жеткізу болады. Мұны түсіну мұғалімнің жұмысы үшін маңызды. Баланың дамуына қамқорлық жасау үшін белсенді оқыту әдістерін жиі қолдану қажет. Бірақ сонымен қатар, қолданылатын әдістер мен тәсілдер оңтайлы екенін, оқушылардың қазіргі дамуына сәйкес келетінін және олардың танымдық дағдыларын одан әрі жетілдіру міндетін түсіну қажет. Мектеп оқушыларының білім беру қызметін жетілдіру бойынша мұғалімдердің жұмысы жүйелі, ал мақсаты - оқушылардың танымдық шығармашылық қабілеттерін дамыту негізінде құрылуы тиіс.

Танымдық қызметтегі оқушы мынадай жеке әрекеттерді орындайды:

- мұғалімнің түсініктемесін тыңдайды;
- оқулық және қосымша әдебиеттер оқиды;
- мәселелерді шешеді;
- практикалық тапсырмаларды орындайды және т.б.

Бұл әрекеттердің әрқайсысы төмендегідей жеке психикалық процестерге бөлінуі мүмкін:

- сезім;
- қабылдау;
- ұсыну;
- ойлау;
- есте сақтау;
- қиял және т.б.

Барлық танымдық психикалық процестердің бастысы - бұл ой. Шынында да, ойлау барлық басқа танымдық процестермен бірге жүреді және жиі олардың сипаты мен сапасын анықтайды. Мысалы, ойлау мен есте сақтау арасындағы байланыс айқын. Жад объектілердің маңызды қасиеттерін және олардың арасындағы қарым-қатынастарды неғұрлым толық және жақсы ұстап тұрса, олар оқу процесінде неғұрлым терең түсініледі. Бірақ ойлау барлық басқа танымдық процестерге әсер етеді. Демек, оқушылардың танымдық белсенділігін күшейту, ең алдымен, олардың ой-өрісін кеңейту болып табылады. Сонымен қатар, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін олардың оқу мақсаттарын қалыптастыру қажет. Оқушылар танымдық міндеттерді шешуді үйреніп қана қоймай, осы мәселелерді шешуге деген ұмтылысын дамыту керек. Оларды оқытудың мотивтерін оқыту қазіргі уақытта мектептің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Балалардың оқу мақсаттарын қалыптастыру міндеті ойлауды дамыту міндетімен тығыз байланысты және

оны шешудің міндетті шарты болып табылады. Шынында да, кез келген басқа іс сияқты, ойлау да қажеттіліктерге байланысты. Сондықтан, оқушыларды танымдық қажеттіліктерді оятусыз көтермей-ақ, олардың ой-өрісін дамыту мүмкін емес.

Осылайша, мұғалім пайдаланатын әдістер мен оқытудағы танымдық белсенділігі оқушылардың ойлауының біртіндеп, мақсатты және жүйелі дамуын және олардың оқу мақсатын бір уақытта қалыптастыруды қамтуы керек.

Оқушылардың оқудағы танымдық белсенділігін арттыру үшін мұғалімнің жұмыс жүйесі үшін психикалық белсенділіктің үш деңгейі қамтылуы керек:

- есте сақтау деңгейі;
- логикалық ойлау деңгейі;
- шығармашылық ойлау деңгейі.

Қорыта келгенде айтарым, зерттеуіміздің мақсаты орындалып, соның негізінде бірқатар теориялық және практикалық қорытындылар жасауымызға мүмкіндік туды.

Қазақ халқы үшін қызмет етуді өмірлік мұрат тұтқан аяулы азаматтың артында қалған мұралары қазіргі егемен еліміздің жас ұрпағына қоғамдық тәрбие беруде айрықша мән-маңызға ие екені сөзсіз.

Қазақ жазушы-педагогтарының шығармашылықтарындағы халықтық идеяның мәні - ана тілін, ата тарихын, ұлттық мәдениетін, халқының ауыз әдебиетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, туған өлке табиғаты мен географиясын жүйелі оқытуға баса назар аударып, оларды жас ұрпаққа қоғамдық тәрбие берудің негізі екендігін дәлелдеуінде деп түсінеміз.

Ахметтің, Халелдің қазақ мектептері үшін жазған оқулықтары, Жүсіпбектің ұлттық тәрбие туралы құнды психологиялық пікірлері, Мағжанның педагогикадан тұңғыш ұлттық оқулық жазуы - мұның барлығы мектеп, мұғалім, тәрбие мен оқу мәселелерінің қазақ халқының өмірінде ерекше орын алатындығын, оның еш уақытта мәні мен маңызын жоймайтын қоғамдық проблема екенін дәлелдейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <https://kazaksha.info>
2. <https://kk.wikipedia.org>
3. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
4. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы, РБК, 1995. -117б.
5. Дайрабаева А. Қазақстанда дидактикалық ойлардың дамуы. пед.ғыл.кан. дисс. 13.00.01. Алматы, 1994. -160б.
6. Ахметова Г.К. Образовательный идеал в теории и практике подготовки педагогических кадров. Алматы. 2000.

Дуйсенова Куанышкул Кадиршиновна
Астана қ., Райымбек батыр атындағы
№50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пінн мұғалімі
педагог-зерттеуші

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ- ШІКІРЛЕРІН БҮГІНГІ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕДЕ ҰШТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан жаңару үрдісі өткен тарихымыздың сан қырын объективті тұрғыдан дұрыс бағалауға және ондағы рухани құндылықтарды қазіргі ағарту, оқу-тәрбие ісінде кеңінен пайдалануға қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Әсіресе ұлттық педагогикамыздың қайта жаңғыруына байланысты халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық дәстүрінің бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажет екені анық. Осы тұрғыдан қарағанда, халықтық идеялардан нәр алған қазақ жазушы-педагогтарының шығармашылықтары адамгершілік асыл қасиеттерді дамытып жетілдіруге, қоршаған ортаны танып білуге, ата дәстүрін ардақтап, қадір тұтуға және ең бастысы, қоғамдық тәрбие беруге бағытталған.

Жер бетіндегі әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұралары бар. Солардың ең бастысы – халықтың рухани қазынасы. Халықтың ізгі ойларынан, талап, тілегінен, мақсат мүддесі мен асыл армандарынан туған бұл мұралар барша адамзат баласына ортақ және келешек ұрпақтар тәрбиелеудің бірден бір құралы.

1913 жылы “Қазақтың” тұңғыш саны шыққанда газет редакторы Ахмет Байтұрсынов былай деп жазған: “... Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті”(4,1-бет)

Ғалымның әрбір мысал соңындағы қорытынды түйіні оқырманды өзінше тұжырым жасауға, ойлануға итермелейді. Ел бірлігі, оқу, білім, адалдық, шешендік, тіл мен ой бірлігі, жақсыдан ғибрат алу, жаманнан жирену - А.Байтұрсынов мысалдарының басты тақырыбы. Біз үшін ғалымның ең бағалы мұралары - оның ағартушылық, прогрессивті идеялары, халқының кертартпа кесапатты қылықтарын ашық сынап, оқырманның көзін ашуға тырысқандығы. Мысалы:

*Білмейсің жөнің менен терісінді
Ел болып іс етпейсің келісімді.
Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,
Шығарсың қолыңа ала керісіңді*
— десе, тағы бірде:

*Келгенде өзді — өзіңе мықты-ақсындар,
Қайтейін, өзге десе көңгішіңді.*

*Сықылды сынық бұтақ төмендесең,
Кім жұлмас оңайдағы жемісіңді?*— деп ұлтының бір-бірін көре алмаушылық, қызғаншақтық жағымсыз қасиеттерін ашына мысқылдап, ол қасиеттердің қауіпті екенін, сондықтан опық жемей тұрғанда одан құтылар жол ізде деп ой тастайды.

Бүгінгі заманда А.Байтұрсыновтың осындай терең мәнді өсиеттері кесектеп кіріп, мысқалдап әрең шығатын жағымсыз қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеуде әбден қажет. Ахаң өз бойындағы шешендік қасиетті жамандықты түзеуге, жақсылықты медеуге жұмсаған, жастарды азамат етіп тәрбиелеу құралы етуге тырысқан. Көптеген мысалдарын адамның мінез-құлқын қалыптастыруға арнаған. Енді А.Байтұрсынұлының өзі жазып, түйіндеп кеткен ойларына талдау жасасақ.

Мысалдары: «Аққу, шортан, һәм шаян», «Ат пен есек», «Егіннің бастары», «Маймыл мен көзілдірік», «Сары шымшық» деген мысалдарынан шығатын түйін:

- халқын бірлікке шақырып, олай болмаған күнде «бөлінгенді бөрі жеп» «көлденең көк аттыға жем» болатынын жетесіне жеткізеді.
- не нәрсе болса да ақылға салып ойланып істе, өткенге өкінгеннен еш нәрсе өзгермейді деген, екіншіден біреу саған қиналып көмек сұрағанда жәрдемдес деп жанындағы жанның жайын ұғуға шақырады.
- өзі жемісін жеп тойып, семірген соң еменнің түбін қазып төңкеріп тастаған өзі пайдасын көрген дүниенің қайдан келгенімен ісі жоқ санасы таяз надандардың да болатынына қынжылып, ондайдан аулақ болу керек дейді.
- ғылымның жетістігін пайдалана алмағандықтарын өздерінің білімсіздігінен, ебедейсіз икемсіздігінен көрмей, кінәні басқадан іздейтін адамдар тобының да кездесетінін айтады.
- жастарға адамның адамдық қасиетін көрсететін оның сылдыр сөзі емес, нақты істе танымдылығы демек, парасаттылығы мен саналыны ал, әлі келмейтін нәрсемен әлек болудың қажеті жоқ «көрпеңе қарай көсіл» халық даналығымен ұштасатын өсиет айтады.

А.Байтұрсыновтың әрбір мысал соңында қорытынды түйін жасап кеткенін, бәріміз білеміз. Енді осы ғалымның педагогикалық ой-пікірлерін бүгінгі білім мен тәрбиеде қалай қолдануға болады? А.Байтұрсынұлы

айтқан ізгі қасиеттерді мектеп бағдарламасында берілген шығармаларымен байланыстыра оқытуға болады.

Адамгершілік - асыл қасиет.

5-сынып. А. Байтұрсынұлы "Егіннің бастары" мысалы, "Адамдық диканшысы" өлеңі.

Б. Соқпақбаев "Менің атым Қожа" хикаяты, М. Қабанбай "Бауыр" әңгімесі
Тәрбиенің қайнар бұлағы

Ы. Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі

Ы.Алтынсарин «Атымтай Жомарт» әңгімесі

Ы.Алтынсарин «Дүние қалай етсең табылады?»

Отбасы құндылықтары Т.Нұрмағанбетов «Анасын сағынған бала» .

Н.Ақыш «Нағыз әже қайда?»

Қазақ тілі. 9-сынып. Отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орны .

Қазақ әдебиеті. 7-сынып. Ұрпақ тәрбиесі. М.Шаханов «Нарынқұм зауалы»

Т.Әбдіков «Қонақтар» әңгімесі.

Ал екіншісі тапсырма түрлері арқылы ұштастыру

- 1. А.Байтұрсыновтың өмір жолына хронологиялық кесте дайындау.
- 1872ж-5.09 қазіргі Қостанай обл. Торғай өңірі Сарытүбек ауылында туған.
- 1882-84ж.ж -Ауыл мектебінде оқыды.
- 1890ж-Торғайдағы екі клас. орыс-қазақ училищесін бітірген.
- 1895ж-Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген.
- 1895-1909ж.ж- Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс-қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарады...
- 2. Құзырлылық тапсырма.
- 1.А.Байтұрсынұлы 1872ж Торғай облысының Қызбел атырабында дүниеге келген. Иә/жоқ
- 2.1909ж «Қазақ» газетінде редактор болып қызмет атқарды. Иә/жоқ
- 3. «Қырық мысал» жинағына аудармалар енген. Иә/жоқ
- 4. «Маса» кітабына енген өлеңдер жекебастың мұң-шері,тұрмыс-салт суреті айтылады? Иә/жоқ
- 5. «Қырық мысал» жинағы 1909 жылы басылып шықты. Иә/жоқ
- (Ескерту: Әр жауапты түсіндіру. (неге «иә», неге «жоқ»))
- 3. Мәтінмен жұмыс (Берілген үзінділер бойынша өлеңнің тәрбиелік мәнін түсіндіріңіз).
- Жұртыма
- Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсындар,
- Қайтейін өзге десе көңгішінді.
- Сықылды сынақ бұтақ төмендесең,
- Кім жұлмас оңайдағы жемісінді?!
- 4. А.Байтұрсыновтың нақыл-сөздерін эссе жазу барысында немесе эпиграф, тезис ретінде де пайдалануға болады.
- Тән саулығы – тазалықтан, жан саулығының тамыры – тән саулығында.

- Білімнің бас құралы – кітап

А.Байтұрсыновтың негізгі ойы - жастар тәрбиесін құрғақ сөз «таусылмайтын» ақыл-кеңеске емес үлгі-өнегеге, ғибратқа негіздеу. Осы мақсатта жүзеге асыру барысында сабақта және сабақтан тыс іс-шаралар ұйымдастырып, А.Байтұрсыновтың ой-пікірлерін білім мен тәрбиеде ұштастырып жүремін. Оған дәлел ретінде 5-сыныпта өткен «Егіннің бастары», «Адамдық диқаншысы», 10-сыныбымда өткізген «А.Байтұрсынов-Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбындағы сынып сағаттары және 10-сынып оқушысы Маерман Арсеннің «А.Байтұрсыновтың азаматтық болмысы» тақырыбындағы ғылыми жобасы (2-орын) дәлел бола алады. Сондықтан да «Оқуға құштарлық» жобасы бойынша Ахметтің мысал өлеңдерін әр сыныптың ерекшелігіне сай жалғастырамын деген ойдамын. Міне, осылай мысалдарының тәрбиелік мәнін зерделей келе, болашақ мамандарды тәрбиелеу, кісілік келбетін қалыптастырудағы мүмкіндіктерінің мол екендігіне көзіміз жетті. Мұндай шығармалар тіл жұтандығынан арылуға, жастар арасында сирек құбылысқа айналып теңей, салыстыра, астарлы сөйлеуге тәрбиелеуде таптырмас тиімді құрал.

Қорыта келгенде, бұдан оның өз халқының тарихын, салт-дәстүрін әдет-ғұрпын терең меңгерген және оған терең философиялық мән берген, ұлттық тәлім-тәрбие өнегесін мақтан тұтқан ұлтжанды зерделі ғалым екенін аңғарамыз. Ғасыр басында ұлттық сананы қалыптастыру мәселелері А.Байтұрсынов атымен байланысты болса, ал ғасыр соңында да көтерілген мәселелер оның армандарымен астасып жатқандай (7,3-5). Ғалым аңсаған, ұлтына аманат еткен ғылым әдемі — тіл мәселесі адамның рухани байлығы, салауатты өмір сүру, ұлттар достығы бүгінгі күні де өзекті тақырыптардың бірі. Сол кезеңде Ахмет өмірінің мәні болған мәселе — жан-жаққа дамыған, әлемдік деңгейдегі білімді меңгерген, тәрбиелі де саналы азамат қалыптастыру бүгінгі күннің де міндеті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: Ана тілі; 1992 –448 б//142
4. Ыбыраймов К. А. Байтұрсынұлының Оқу құралы. Қазақша Әлифба. еңбегіндегі фонологиялық және әдістемелік мәселелер// Ахметтану тағылымдары.- Алматы: Ғылым, 1998.- 178б.//53б
5. Әдебиеттік оқу 1-4 сынып
6. А.Байтұрсынов Ақ жол:Өлеңдер мен тәржімелер, публ.мақалалар және әдеби зерттеу/ Құраст.Р.Нұрғалиев-Алматы: Жалын,1991-464бет.
7. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGR Ltd



Ермағанбетова Айдын Кабдрашовна
Астана қ., Райымбек батыр атындағы
№50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСКЕРЛІК ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Білім – бір құрал.

Білімі көп адам ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді.

А. Байтұрсынұлы. . [1,65-б.]

Ахмет Байтұрсынұлы көрнекті ғалым ретінде ғана емес, әдіскер ретінде де көп еңбек еткен. Алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарын жазумен қатар, осы оқу құралдарын тәжірибе жүзінде қалай пайдалану қажеттігі жөнінде де ғылыми тұрғыдан терең талдаулар жасайды. Бұл тұрғыдан Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдістемелік ғылымының бастаушысы болды. «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы», «Тіл жұмсар, әдістемелік еңбектері мен «Баулу мектебі», «Жалқылау», «Қай әдіс жақсы», «Дыбыстарды жіктеу», атты мақалалары осының айғағы болса керек.

Ғалым өзінің оқулықтарында әріптерді балаларға тез әрі оңай үйрету үшін көптеген әдістерді пайдаланған. Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. [2,434 б.] Ол өзі жасаған әліппидегі әріптерді үйрету үшін, ең алдымен, оны жазып үйрену үшін, тілдегі дыбыстарды тани білу керектігіне назар аударады.«Әріптерді тани білуді» мақсат ету – таңбаның негізгі белгілерін бағамдауға үйрету.Таңбаның негізгі екі белгісі бар. Бірі – сыртқы тұлғасы да, екіншісі оның мағынасы.А.Байтұрсынұлы осының екі жақтылық белгісін балаға дұрыс пайымдатуға көңіл бөлген.Дыбысты меңгертіп, оның әріптік таңбасын таңбалайды.

1913 жылы жазылған «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам, әуелі балаға үйрететін нәрселерін өте жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек» деп жазады.[2,433-б.] Мұның өзі, түптеп келгенде, ұстаздың білім–білігінің жоғарлылығы, бала зердесін, психологиясын танудағы шеберлігі.Ұстаз – өз білгенін ғана үйретіп қойса, ол ұстаз емес, нағыз ұстаз болу үшін оқушының білуге тиісті нәрсесін үйрету парыз. Балауса бала ұстазының кей осал тұстары болса, оны кешіре алар, ал оның білімсіздігін кешпейді.Білімсіз ұстаз – болашақтың дұшпаны.Бала уақытының ұрысы. Алдында отырған оқушының уақыт атты қазынасын алуға ешкімнің құқы болмаса керек.

Ахмет Байтұрсынұлының «Баяншы» әдістемелік нұсқауы Қазан қаласынан 1920 жылы жарыққа шыққан.«Сөз басында» автор былай деп

жазады: «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды; оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады.» [2,323 б.] Мұның өзі қазіргі таңдағы оқулық жазу жүйесінде басты бағдар, талап болатын ойлар.

Жақсы оқытудың негізгі әдістерінің бірі ретінде ғалым баланың бұрынғы білігін ұштау, соның негізінде жаңа хабар ұсынуды басты назарда ұстаған сыңайлы. Айталық, «Дыбыспен жаттығу» үшін, әрбір дыбыстарды саралап алған соң, оны жазу арқылы ұғындыруда мынадай әдіс-тәсіл қолданады: «Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танимыз». XX ғасыр басындағы бала үшін өз елінің таңбасын білу - аса күрделі дүние болмаған. Әрбір ата-ана өз елінің, руының таңбасын баласының санасына сіңіріп өсірген. Міне осы жадтағы жазу жүйесін ғалым үлгі ретінде пайымдатып, санаға сәуле түсіріп алып, аналогиялық таным негізінде оның жаңа әріпке тез енуіне, түсінуіне жағдай туғыза алады.

«Оқу үйренудегі басты мақсат – керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу. Сөз – дыбыстың мағыналы тізілгені. Сөз айту дыбысты ауызбен тізу. Оқуға келген балалар сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп сөз шығара білмейді, себебі олар сөздің дыбыстан тізілетінін білмейді -деп жазады ғалым.[2,329 б.]

«Жастардың оқу-тәрбие жұмыс түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» дегенді мақсат етіп ұстаған ғалым «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында бала оқыту жүйесін құрудың алғашқы бастамаларын көрсетеді. Әліппеден өзге кітаптардың әлі шыға қоймағанына қынжылыс білдірген автор «...әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десеңіз, болыстық та билік те халық та – оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі. ... Жаңалыққа жастар мойынын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» - деп жазады. [2,433 б.]

Ғалым оқыту ісіндегі ең басты, әрі маңызды нәрсе оқуды дыбыспен жаттықтыру деп түсінеді. «Дыбыспен балаларды жаттықтыру - оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы» дегенді нықтай айтады. Бұл пікірлерді қазіргі кезде өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгертуді қолдарына алып жүрген ұстаздар басты бағыт ретінде қолданса мақұл болар еді.

Ахмет Байтұрсынұлының «Бастауыш мектеп» атты мақаласы қазақтың бастауыш мектебі қандай болу керек? деген мәселеге арналған. Қазақ баласын бірден орысша оқыту жөн бе, болмаса алдымен бастауышта қазақша оқытуды міндеттеу керек пе, орысша білім алған баланың ертеңгі дүниетанымы қалай қалыптасады деген ұлт болашағы үшін мәні терең, мағынасы мол мәселені көтереді.

Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік бағытта жазылған «Тіл жұмсар» атты еңбегінің мәні зор. Тіл – құралдың жеке бөлшектерін түсіндіру жолын

белгілеп берген бұл еңбектің қазақ тілінің әдістемесі пәнінде алатын ролі мен маңызы ерекше болмақ.

«Тіл жұмсар» - қазақ тілін оқыту әдістемесінің басы. Ғалымның өзі көрсетіп бергендей, тіл туралы еңбек жазу бар да, оны балаға оқыту жүйесі бар: «Тіл құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап, бөлек–бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады»[2,336 бет.]

«Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, керек орнында жоқ әдісті табу да қолынан келу», - деп ой түйіндеген әдіскер – ғалым Ахмет Байтұрсынұлының жазғандарынан алар тағылым – үлгі мол. Қай кездегі мұғалім не оқытушы болса да, оқыту әдісін көп білу шарт. Әр әдісті орынды қолдана білсе, қайсыбір әдіс болса да өз орнында орынды көрінері даусыз.

Әдіскер–ғалым оқытудың дұрыс жолға қойылу үшін, мынандай әдістемелік қағидаларды ұсынады:

- 1) Жаңа берілген сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру;
- 2) Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару;
- 3) Сабақты алдын ала даярлайтын сұраулар қою арқылы ынтасын арттыру.
- 4) Қажетсіз мағлұматтардан сақтану, баланың ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді сөйлеп, үйрету;
- 5) Баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтарда сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу.
- 6) Алғашқы кездегі оқыту деректің көрнекі болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану.
- 7) Өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де ынталану, өзі де жақсы көру, оқытушы сүйген нәрселерді оқушы да сүйеді.

Ғалым ұсынып отырған қағиданың қай–қайсысы болса да балаға дәріс беру жүйесінде ешқашан ескермек емес. Мектеп мұғалімі үшін үнемі есте болатын негізгі ұстанымдар деп бағамдаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлы тіл білімінің басты салалары туралы ең алғаш қалам тартқан ғалым еді. Алғашқы сауат ашу құралы ретінде жазылған «Оқу құралынан» бастап, «Әліп- би» мен «Тіл құралда» қазақ тіл білімінің басты әрі негізгі терминдерін жасады.

Ахмет Байтұрсынұлының ұлылығы оның тек тұңғыш оқу құралын жазғанымен өлшенбесе керек, ең бастысы алғашқы оқулық тілінің терең халықтығында, сапалылығы мен біліктілігінде. «Біздің жасынан орысша я

ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген», - дейді автор. «Тіл құралдың» кіріспесі ретінде жазған «Сөз басында». Яғни қазақ сөзінің қисынын келтіріп, өз нақышында жазу үшін сол тілде сауатын ашып, дағдыланған абзал. Ғалым мұны көрегендікпен айтқан - ау. Қазіргі таңдағы тілдік жағдай бұған толық көзімізді жеткізіп отыр.

Енді міне, әдіскер ғалым көрсеткен оқыту әдіс жолдары бүгінгі жаңаша оқыту әдістемесі оқушы дағдысын қалыптастыруда үзеңгілес және бастау Ахмет Байтұрсынов оқыту жолдарынан алынғанына көз жеткіземіз. Дәлелі, «Тіл жұмсар» құралы сөйлеу оқу, жазуға икемдеген. Ахмет Байтұрсынұлының әдісінде әріпті дыбыстату арқылы таңбалату болса, бүгінде қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдіс түрлері айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым. Осы әдістеме негізінде оқушы дағдысы жан-жақты дамытылады.

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылым, тыңдалым, жазылым, және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге септігін тигізеді. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне үлкен мән беріледі. Ал лексикалық тақырыптар белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байыта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге, мақсатқа сай орынды қолдануын жүзеге асырады.

Сөйлесу барысында кейбір әрекеттерді біз жиі қолданамыз және олардың тізімі төмендегідей:

1. Сөздерді дыбыстау.
2. Сұрақтарға жауап беру
3. Интонацияны қолдану.
4. Пікірталасқа қатысу.
5. Сөйлеу барысында қажетті стильді қолдану.
6. Ақпаратты сұрау немесе айту.
7. Оқиғаларды баяндап беру.

Жазылымның ішкі дағдылары сауаттылық, идеяны (ойды) жеткізе білуі. Сауаттылыққа қатысты дағдылар:

1. Орфографиялық қатесіз жазу.
2. Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу.

Оқылым дағдысы, яки жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді.

Оқылымның ішкі дағдылары:

Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу–мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Тыңдалым дегеніміз тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Ол үшін біз контекстіні, тілді және ғалам туралы білімізді пайдаланамыз. Сонымен қатар бүгінгі күнгі оқыту әдістемесінде саралау әдісі, вен диаграммасы, ой шақыру, қос жазба күнделігі, сәйкестендіру жаңаша оқытуда кеңінен қолданылады. Бұдан білетініміз, ғалым– әдіскер оқытуда атап өткен әдістері бүгінгі оқыту әдістерімен сабақтас, қолданыстағы жаңаша әдістер бастауы жоғарыда түсіндірілген Ахмет Байтұрсынұлының әдістеме қоржынан екеніне көз жеткіздік.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Алаш айтқан асыл сөз. Бірінші басылым/ Алматы, «Ел шежіре» 2016. - 296 бет.
2. Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу- ағартуға қатысты еңбектері)- Алматы, «Ана тілі», 1992, 448 бет.
3. Ақсұлу Құлмағамбетова. Тілдік төрт дағды бойынша оқыту тапсырмалары, оқу – әдістемелік құрал.- 2014. -54 б.
4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 2- т. Алматы: «Алаш»,-2004. - 480 бет.
5. Қазақтың тілші – әдіскер тұлғалары. Салқынбай А. Б. Көккөзова М.Б. Алматы: Нұр – пресс. 2006.- 137 бет.



Мәлжанбай Азамат
Астана қ., Қайым Мұхамедханов
атындағы №90 гимназия
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагогика ғылымдарының магистрі

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЛАРЫН МӘТІНДІК САЛЫСТЫРУ

«Маса» жинағының текстологиясы

А. Байтұрсынұлы мұрасының мәтіндік дәлдігі, нақтылығы- маңызды мәселе, дейтұрғанмен араб харпінен кирлица харпіне қайта көшіруде немесе жаңа басылымдарын әзірлеуде түрлі ауытқушылық болғанын байқаймыз. мысалға «Маса» жинағын алайық. Біз бұл ретте мәтіндік салыстыруды «Маса» Орынбор, 1911 түпнұсқалық басылымы бойынша қарастырамыз.

Ақын: «Сорлы болған мұжық» атты өлеңінің 4-шумақ 3-жолы, Алматы «Алаш» 2003 жылғы жинағы 1 том, [2,103] Алматы «Жалын» 1991, «Ақжол» [3] және Алматы «Ел-шежіре» 2013 баспаларында 1 том, былай басылған: [1,88-89]


«Қайғымды, - Мұжық айтты, - шағам, жұртым!

Сендерден жақын кімді табам, жұртым!

Ұшырап зор қазаға - жәйім мынау!

Не көмек бересіңдер маған, жұртым?»

Бұл өлең жолдары 1911 жылғы «Маса» жинағының түпнұсқасында: [4,10-11].



Осы шумақтың 3-жолы:

Ұшырап зор қазаға - жәйім мынау! – деген жолдағы **Қазаға** деген сөз аударма барысында қате кеткен.

Дұрысы: ұшырап зор қайғыға, жәйім мынау!- Болу керек. (Қазаға емес).


«Есек пен үкі» атты өлеңнің мына шумақтарын қарайық (Алматы, «Алаш», 2003 [2,110] : Алматы «Ел-шежіре», 2013, 1 том: [1,94]):

Жазған соң жаным ашып Алашыма,

Алаштың адасқан аз баласына.

Қаннан қан, еткен інім, бауыр жұртым!

Қараған «Қара таудың» қаласына
Бұл өлең жолдары 1911 жылғы «Маса» жинағының түпнұсқасында:
[4,19].



Осы шумақтың 3-жолы:

Қаннан қан, **еткен інім**, бауыр жұртым! – деген жолдағы **еткен інім** деген сөз аударма барысында қате кеткен.

Дұрысы: Қаннан қан, **етген етім**, бауыр жұртым! -Болу керек. (еткен інім емес).

«**Тілек батам**» атты өлеңнің Алматы «Ел-шежіре» 2013 баспаларында 1 том, [1,103], Алматы, «Алаш», 2003. 1-том[2,117]:

Құнсыз болып еріміз,


Жесір болып жеріміз.

«**Жай менікі**» дей алмай,

«Мал менікі» дей алмай,

Ит пен құсқа азық ек.

Бұл өлең жолдары 1911 жылғы «Маса» жинағының түпнұсқасында:
[4,34]



Осы шумақтың 3-жолы:

«**Жай менікі**» дей алмай,- деген жолдағы «**Жай менікі**» деген сөз аударма барысында қате кеткен.

Дұрысы: «**Жан менікі**» дей алмай, -болу керек. (Жай менікі емес).

«**Пушкин Вельтерден**»- атты өлеңнің «Ақжол» -Алматы, «Жалын», 1991 [3,83] 1-шумақ:


Қыздыр дейсің **мәжілісті** жан дейсің,

Қыздыратын жасты қайдан ал дейсің?

Өмірімнің таңын қосып кешіне,

Бер қайтадан өткен күннің һәммесін!

Бұл өлең жолдары 1911 жылғы «Маса» жинағының түпнұсқасында
[4,57]:



Осы шумақтың 1-жолы:

Қыздыр дейсің **мәжілісті** жан дейсің, - деген жолдағы **мәжілісті** деген сөз түпнұсқадан аударма барысында ағат кеткен.

Дұрысы: Қыздыр дейсің **топ жиынды**, (мәжілісті емес) жан дейсің, болу керек.

«**Алтын әтеш**»- атты өлеңнің -Алматы «Ел-шежіре» 2013, 1 том, [1,128] 1- шумақ:

Бәріде емес, әріде?
 Пәлен жұрттың жерінде
 Болған жақсы хан Дадан.
 Талай көріп қауыпты,
 Талай жұртты шауыпты,
 Жасында боп бек **мазақ**.

Бұл өлең жолдары 1911 жылғы «Маса» жинағының түпнұсқасында [4,74]:



Осы шумақтағы 6-жол:

Жасында боп бек мазақ. – деген жолдағы **мазақ** сөзі түпнұсқадан аударма барысында ағат кеткен кемшілік деп білеміз.


Дұрысы: Жасында боп бек **мазаң** -болу керек. (мазақ емес).

Жоғарыда ағат кеткен сөздер тек «Ақжол» -Алматы, «Жалын», 1991 [3,91] және -Алматы, «Алаш», 2003, 1-том, [2,141] жинақтарында ғана мазаң деп дұрыс басылған.

«**Алтын әтеш**»- атты өлеңнің -Алматы «Ел-шежіре» 2013, 1 том, [1,129]:

Ханға тұрып сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 «Мынау алтын әтешім!
 Қондыр **сырың** басына!
 Қой сарайың қасына!
 Болар мықты күзетшің.

Бұл өлең жолдары 1911 жылғы «Маса» жинағының түпнұсқасында [4,76]:



Осы шумақтың 4-жолы:

Қондыр **сырың** басына! – деген жолдағы **сырың** сөзі түпнұсқадан аударма барысында ағат кеткен кемшілік деп білеміз.

Дұрысы: Қондыр **сырық** басына! болу керек. (сырың емес).

Шығармада кездесетін мағынасы күңгірттау сөздер мен сөз тіркестертерінің мағыналарына терең үніліп, түпнұсқалық нұсқамен салыстыра отырып, шығармадағы автордың айтпақ ойы, қолжазба нұсқада дұрыс берілген, деген тұжырым жасап отырмыз.

Зерттеу барысында әр жылғы шыққан жинақтарға кірмей қалған шумақтар мен сөйлемдер көп табылып, ғылыми жұмыстың құндылығы мен нәрін байытты. Бірақ мына мақалаға белгілі бөлігі ғана кіріп отыр. Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының аталған жинақтарына текстологиялық тұрғыдан мәтіндік талдау жасалып, түпнұсқаға ең жақын нұсқаны анықтадық.

Осы жұмыстағы дәлелденген мәтіндік ауытқушылықтарды ескере отырып, Ахмет Байтұрсынұлының алдағы жинақтарына жоғарыдағы дұрысталған нұсқасын енгізу керек. [5,8] Сонымен қоса, Ахмет Байтұрсынұлының сөздік қоры мен сөз қолданыстарына байланысты сөздік құру міндеті тұр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1-том. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. –382 б.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. - Алматы: Алаш 2003. - 407 б.
3. Байтұрсынұлы А. Ақжол. - Алматы, Жалын, 1991. - 464 б.
4. Байтұрсынұлы А. Маса. - Орынбор, 1911. - 86 б.
5. Убайдуллаева.Г. Лингвотекстология-текстология ғылымының бір саласы. <http://www.mtdi.kz/lingvotekstologia>



Нүсіпжан Жеңіскүл Темірханқызы
Астана қ., №93 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
педагог-шебер

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БҮГІНІ

«Алаш зиялыларының қай-қайсысын алып қарастырсақ та ұлтқа қызмет ету жолын мақсат етіп, өмірінің соңғы минуттарын да ұлтына арнаған. Бұны олардың, ең алдымен, білім мазмұнын жетілдіру жолынан бастағанынан аңғаруға болады. «Ұлт зиялысы» Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі өзінің «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі», – деп жазады өз сөзінде.

XIX ғасырда дүниеге келген «Ұлт ұстазы» Ахмет Байтұрсынұлы 1873-1937 жылдары өмір сүрген. Осынау саналы ғұмырының ішінде ғалым тынбай еңбек етіп, артына мол мұра қалдырып, ұрпақтары жалғар дара жол салды. Ұлтжанды ақын қазақ тілі білімі мен әдебиеттануда артына өшпес мұра қалдырды. А.Байтұрсынұлы тек қана саяси және қоғамдық мәселелермен айналысып қоймай, тіліміз бен әдебиет ғылымдарын зерттеп, осы салаларды жетелдіру жұмыстарын жүргізді.

Дәуірінің дана ақыны А. Байтұрсынұлы бар еңбегін туған халқына сарп етті. Дара жұртын білім-ғылымға, оқуға, адами қасиеттердің дамуына шақырып, Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын, құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынға алды. Қазақ ақыны тек жазу-сызумен ғана емес, басқа ұлт өкілдерінің шығармаларын қазақ тіліне аударумен де айналысты.

Әдебиетіміздің төл басы болған ақынның алғашқы өлеңдері, аударма жинағы 1909 ж. Санкт-Петербург қаласында «Қырық мысал» атауымен жарық көреді. Осы алғашқы жинағында ақын образды түрде "қалың ұйқыда жүрген" халықтың ой-санасы мен жігер-қайратын оятып, жандандыруға белбуғаны айқын суреттеледі. Ұшқыр ойлы ақынның идеясы, дәуірінің құрдасы, қазақ қауымының ақын ұлдарының бірі, ұлтшыл М.Дулатұлының:

«Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,

Қарағым, енді жату жарамас-ты... .» – деп басталатын өлеңімен ұштасып жатты.

1911 жылы А.Байтұрсынұлының «Маса» атты жинағы жарыққа шықты. Бұл жинаққа енген шығармаларында ақын адам бойындағы

жағымсыз, жалқау, байкүйездік қасиеттерді әшкерелей отырып сынға алады. Айналасына сын көзімен қарап, шындықтың бетіне тік қараған А.Байтұрсынұлы Абай, Шоқан, Ыбырай секілді тұлғаларға сай дәстүр, гуманизм мен демократияға байланысты ойларды жалғастырушы ретінде көрініс табады. Бұған дәлел – «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі» секілді өлеңдері.

Белгілі мемлекет қайраткері қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салуда зор еңбек етті. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинақтап жарыққа шығаруда да ақынның еңбегі орасан зор. Сондай-ақ біз Ахаңды ақын деп қана емес, публицист, сыншы, жазушы ретінде танимыз. Әдебиет пен өнер саласындғы қыруар ғылыми еңбектері, қазақ тіл біліміндегі әліпбиі мен грамматикасын жасаудағы біліктілігі, қазіргі күнге бейін қолданып жүрген терминдер ғалымның қаламынан шыққан дүниелер екенін ұмытпауымыз тиіс.

1926 жылы жарық көрген А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — «Әдебиет танытқыш». Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан- жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде ғалым ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөліп, жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндерін баяндайды.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінің әдебиеттану саласының қарқынды дамуына қосқан үлесі орасан . Қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы өткен ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі болып, саяси қызметте жұмыс атқарып, шығармашылығының көмегімен халықтың ой- санасын оятып, рухани күшін жандандыруға күш салған. Қоғам қайраткері көтерген мәселені жан-жақты қарастырып отыратын. Жан-жақтылықтың арқасында саяси бағытта да, қазақ тілі мен әдебиет ғылымдарында да мақсаттарына жетуді қалаумен қатар қазақ халқымыздың тарихына еніп, ата-бабаларымыздың есінде ғана емес, болашақ ұрпақтардың есінде де сақталатын жетістіктерге жетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» арқылы әдеби сала, оның өзіндік орны, терминдер туралы түсініктер және оның қолдану аясы туралы тереңірек зерттеді. «Әдебиет танытқыш» ғылыми жағы басым, салмағы жағынан көлемді қазақ әдебиеті үшін асыл қазына деп білеміз. “Әдебиет танытқыш” алғаш рет Ташкентте басылған А. Байтұрсынұлының әдебиетке негізделіп жүргізілген зерттеме жұмысы болып табылады. Маңызды оқу құралының Ташкент қаласында шығарылуының өзіндік бірнеше себебі бар. Бірінші себеп, типография мәселесінен тұрады. Түркістан автономиясы (мұхтарияттан кейінгі) тұсында осы қалада төтеше қаріппен қазақ тілінде бірнеше газет-журнал жарияланып, баспахана толыққанды жұмыс істеп тұрды. Екінші себебі «Киринпрос» (сол кездегі атауы) негізінде 1926 жылы Қазақ университеті (жалпылама ныспысы – «КазПедВуз») оқу орнында

жатыр. Осы университет Ташкент қаласында ашылып, 1928 жылы Алматыға көшірілді. Бұл – Ташкенттегі осы оқу орнына қазақ ғылыми-ағартушылық әлеуеті топтасты деген сөз. Үшінші себеп, 1921 жылы А.Байтұрсынұлы Орынборда ашқан Академиялық орталық сынды құрылым және «Талап» мәдениетті көркейтушілер қауымы Ташкентте жұмыс істеп тұрды. Оның басы-қасында Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышбайұлы, М.Жұмабай, М.Әуезов, Қ.Кемеңгерұлы, т.б. жүрді. Осы үш себептердің арқасында «Әдебиет танытқыш» зерттеуінің жарыққа шығуы Ташкент қаласымен байланыста болғаны анықталады [1].

Ғалымдар «Әдебиет танытқыш» оқу құралының жазылуы 1921-1922 жылдан басталды деп болжайды. Оған мынадай себеп келтіріледі, А.Байтұрсынұлы 1920-1921 жылдары Халық ағарту комиссары (министр) қызметінде жүріп салалық оқулықтар мен оқу құралдарының жазылуына мұрындық болды. ҰҚК және басқа да архив деректерінде Ақанның «мойнындағы тапсырмалар» тізімінде «Теория словесности» (кейде «Теория литературы») кітабы көрсетілген. Сол кездері ақын оқулықтармен жұмыс жасаумен көп айналысатын уақыты болған. Еңбектің атауына да ерекше көңіл бөлу керек. Автор тікелей еңбектің құрамы мен мақсатын бірден атынан анық береді. Әдебиет танытқыш – бізді әдебиет ғылымымен терең таныстыратын құрал. Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болады. Сөз өнерінің ғылымына сипаттама, өлеңнің құрылысы, көркем сөздің қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары бойынша түсініктемелер беріледі. Кітапта осымен қоса, қара сөздің көркемдігі мен табиғаты сипаттамаға ілігеді.

Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты- басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған. Ғалым әдебиеттің барлық жанрларына, көркемдік құралдарына қатысты еуропалық, орыс әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға шып-шырғасын шығармай түгелдей қазақша балама табады. Бүгінгі бізді қоршап отырған баспасөзде, кітаптарда, оқулықтарда, радио- теледидарда қазір кең де еркін қолданылатын тіліміз беп әдебиетімізді дамытқан сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, көрнектілігі, оның тараулары, көрнектеу, мегзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, арнау (сұрай арнау, жарлай арнау, зарлай арнау), қайталау, шендестіру, дамыту, үдету, түйдектеу, бүкпелеу, кескіндеу сияқты ұғымдарды тұңғыш рет енгізіп, осы сөздерді термин дәрежесіне көтерген, дәл анықтап берген ұлы философ ғалым – Ахмет Байтұрсынұлы [2].

Өлеңтану категорияларына сай өлеңнің құрылымындағы айшықтар, тармақтардың толғаулары, кезеңдері, бунақ, буындар мен ұйқастарға мәлімдемені осы жазылған кітаптан да кездестіруге болады. Байтұрсынұлы Еуропа жұртындағы сындар әдебиетінің бай тәжірибесін меңгеруге бет

алушылық, қазақ көркем сөз ізденістерінде сәйкестік, үйлесімділік тапқанын айқындайды. Байтұрсынұлы әдебиет зерттеушісі ретінде қазақ әдебиетінің даму процесін жеке дара бөліп қарамай, барлық халықтар әдебиетіне ортақ сипаттармен ұштастыра талдауға тырысады. Байтұрсынұлының жыраулардың мұрасын жетік білетінін осы еңбегінен айқын көреміз.

Сөз өнерінің көне дәуірдегі үлгілері, XIV-XVII ғ-лардағы жыраулар поэзиясының біразы ақын назарына іліккен. Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Бұдабай ақын, Наурызбай би, Құбыла ақын, Жарылғап ақын, Алтыбас, Ақмолда, Әбубәкір, Шортанбай, Байтоқ, Сүгір ақын, Мұрат, Досжан, Орынбай, Шернияз т.б. атты қазіргі біз оқып жүрген әдебиеттегі танымал ақын- жазушылар шығармаларынан үзінділер бар.

А.Байтұрсынұлының бұл шығармасы кезінде де, қазір де өзінің мазмұнын жоғалтпаған, болашақ мамандарды даярлауда өз үлесін қосатын жасампаз еңбек деп білеміз. Ғалымның әдебиеттегі зерттеулері мен атқарған еңбегі болашақ әдебиетшілерге өз саласында жұмыс жасағанды оңтайландырды. «Әдебиет танытқыш» А.Байтұрсынұлы: «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі. Жалаң сөз – зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз – қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әліпіне түсіріп айтады. Жалаң сөз айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, хақиқат түрінде айтады. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліпттеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады», дей отырып, сөз бен сана, сөз бен бейне байланысынан туындайтын ерекшелікті тұжырымдап жеткізеді [3].

«Әдебиет танытқыш» - қазақша әдебиетті танытатын классикалық мұралы туынды. Әдеби теориялардың қазақ тілінде түсініктемесіне бастау салған тіл білімі мен әдебиеттану ғалымы А. Байтұрсынұлының осы еңбегі жас ұрпақты, білім алушыларды туған әдебиетін танып білуге, терең ізденуге, мәліметтер іздеуге жол ашады. «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: «Сөз өнері – деп жазады ғалым, — адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге». Өнер жүйесіндегі бастапқы үш негіз құрамды осылай нақтылып алған соң, былайша ой қорытады: «Ақыл ісі – андау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау»[4].

Қорытындылай келе, қазіргі ұрпақтың рухани ой-өрісінің дамуына, оның қалыптасуында зор үлес қосатын А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегін насихаттау және одан тәлім алу бүгінгі қоғамның іргелі ісі деп білемін. Тәуелсіз еліміздің тұғыры биіктей түссін десек, А.Байтұрсынұлы ұсынған терминдерді, еш үрейсіз неге қолданбасқа! Әсіресе өнер мен әдебиетте ол ұсынған терминдерге назар аударып,

көптеген тұстарын енгізуді, бүгінгі қоғамның өзі-ақ сұрап тұрғандай. Ұлт ұстазының шығармалары мен еңбектері қазақ сөз өнері көтере жүгі де мол.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011
2. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева
Қайырниса - Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл
3. Сыздықова Р. Сөз өнері. - Алматы, 1997. -120 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.- 208б.



Раева Асемгуль Жеткергеновна
Астана қ., Қадыр Мырза Әлі атындағы
BINOM school мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагогика ғылымдарының магистрі

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ «ТІЛ – СӨЙЛЕУ – ОҚЫТУ» МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ тіл білімі, әдебиеттану, әдістеме сынды ғылым салаларының бастауында тұрған ғалым А. Байтұрсынұлы еңбектерінің ғылыми мәні жоғары. Ғалымның аталған салалар бойынша ғылыми ой-тұжырымдары қанша уақыт өтсе де, өз құндылығын жоймай, уақыт өткен сайын бағасы артып, жаңа бағыт және ғылым мен тәжірибедегі пайымдауларға негіз-бастау болу арқылы өміршендігін дәлелдеп келеді.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің құрылымдық жүйесін зерттеуші ғалым. Оның бұл бағыттағы зерттеулері қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен бастап, сөз, сөздің құрамы, сөйлем жүйелерін қамтиды. Бұл саладағы зерттеулері оның «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын еңбегінде көрініс тапты. Сәйкесінше, кітаптың бірінші бөлімі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін қамтыса, екінші бөлімі қазақ тілінің морфологиялық құрылымына арналған. Ал үшінші бөлімде синтаксис мәселелері, сөйлем мен сөйлем жүйесі нысанға алынған. Бұл аталған еңбек қазақ тілін пән ретінде оқытатын оқулық болып табылады және әр бөлімі алғашқы жарық көрген кезеңінен бастап, фонетикаға арналған бірінші бөлімі 1915 жылы шыққан, бірнеше рет қайта басылған.

А.Байтұрсынұлының «Тіл – құралда» көрініс тапқан қазақ тілінің грамматикалық құрылымын талдау, сөздерді топқа біріктіру, сөздердің тұлғаларын ажырату, сөздердің септелуі мен көптелуі, тәуелденуі, жіктелуіне қатысты тұжырымдары қазақ тілінің құрылымдық жүйесін тұлғаға бағытталған ұстаным негізінде саралап береді. Сонымен қатар «Тіл – құралда» қазақ тілінің грамматикалық құрылымын саралап көрсетуде А. Байтұрсынұлы тұлғаны ғана емес, сол тұлғаның функционалды-семантикалық ерекшеліктерін де негізге алады. Бұл ғалымның еңбектерінен бірнеше тұстарда анық көрініс тапқан.

Біріншіден, кейбір грамматикалық тұлғаның аталымы, термині сол тұлғаның қолданыста беретін мағынасымен байланыстырыла алынуынан көрінеді. Мысалы: А.Байтұрсынұлы көсемше түрлерін ажыратуда да олардың мағыналық қырын негіз етіп алған. Ғалым көсемшені былайша анықтайды: «*Көсемше дейміз екі етіс қосарынан сөйлегенде, алдында айтылатын етістіктің қысқа түрін*» [1, 245]. Бұл анықтамада көсемшенің жеке қолданылмайтындығы (қосарлы етістіктің алдында келуі),

тиянақсыздығы (алдында айтылған етістіктің қысқа түрі) сияқты басты ерекшеліктері қамтылған. Ғалым көрсеткен көсемшенің түрлері: 1) үнемді көсемше; 2) үнемсіз көсемше; 3) ниетті көсемше: «*Үнемді көсемше созымды істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, айта берді. Үнемсіз көсемше созымсыз бірден бітетін істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, айтып берді. Ниетті көсемше – істеуге ниеттеніп тұрғанды білдіретін сөз түрі. Мәселен, барғалы тұрмын*» [1, 245].

Екіншіден, А. Байтұрсынұлы 1915 жылы жарық көрген «Тіл – құрал» еңбегінің екінші бөлімінде етістік категорияларына (етіс, рай, көсемше, есімше) тоқталып, оларға сипаттама беруде тілдік таңбаның мағыналық жағын негізге алған. Олай дейтін себебіміз «тұлғадан мағынаға қарай» ұстанымын басшылыққа алатын дәстүрлі грамматикада етіс категориясының төрт түрі көрсетіледі: өзгелік етіс, өздік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс [2, 507]. А. Байтұрсынұлы еңбегінде етіс категориясына анықтама бермегенімен, оның келтірген мысалдарынан және етіс түрлерін санамалап жіктемесін жасай отырып, оны дәйектеуге берген тілдік деректерінен «етіс» деп «*іс-әрекетті жүзеге асырушы субъект пен жүзеге асатын іс-әрекеттің өзі, яғни, нысан арасындағы қатынасты түсінген*» деп топшылауға болады. Сөйтіп, етістің төмендегідей сабақты етіс; салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс он түрін көрсетеді.

Қазіргі қазақ тілі морфологиясына қатысты еңбектерде А. Байтұрсынұлы салт етіс және сабақты етіс деп көрсеткен етістің түрлері етістік сөз табының шеңберінде өз алдына салт етістіктер және сабақты етістіктер деген атпен жеке категория ретінде бөліп қарастырылса, дүркінді етіс және өсіңкі етіс түрлері мазмұн межесі жағынан етістіктің қимылдың өту сипаты категориясына сай келеді. Автор тарапынан етістердің қатарында қаралатын дүркінді етіс пен өсіңкі етіске берілген анықтамалар мынадай: «*Дүркінді етіс дейміз қайта-қайта істелетін істі, мәселен, хат жазғылады, мылтық атқылады, қолынан жұлқылады. «Жазғылады», «атқылады», «жұлқылады» деген сөздер істің бір рет емес, бірнеше рет істелгенін көрсетеді», – десе, «Өсіңкі етіс дейміз күшейген істі. Мәселен, ат жүріңкіреді, су тасыңқырады, бала ұйықтаңқырады. «Жүріңкіреді» дегенде жүру күшейгені көрінеді, «тасыңқырады» дегенде тасқын күшейгені көрінеді, «ұйықтаңқырады» дегенде ұйқы күшейгені көрінеді» [1, 233-234]. Бұл анықтамалардан айқын көрініп тұрғандай, дүркінді етістегі амалдың бірнеше рет жасалуы, өсіңкі етістегі әрекеттің үдемелік сипаты – бәрі де қимылдың жасалу тәсілдеріне қатысты мағыналар болып табылады.*

Ал етістің басқа түрлеріне талдау жасар болсақ, мәселен, *істі біреу арқылы істеуді «беделді етіс»* деп атайды да оған мынадай мысал береді: *хат жаздырды, өлең айттырды, үй салдырды, кітап алдырды* [1, 233]. Осындағы тілдік форманың ішкі мазмұнына үңілер болсақ, субъект пен оның іске асырылуы арасындағы қатынас үшінші адамның ықпалымен жүзеге асып отыр. Ал ғалым өзгелік етіс деп көрсеткен етістік келесі бір

түріне берілген анықтама мен дәйектеу мысалдарына назар аударатын болсақ, сөзге қосылған қосымшаның түрпаты (формасы) бірдей болғанмен, екі етіс түрінің (беделді етіс және өзгелік етіс) мағыналарының мүлде екі басқа екендігін аңғару қиынға соқпайды. «Өзгелік етіс» дейміз біреудің ісіне себепкер болуды, мәселен, атты жүргізді, қойды өргізді, түйені тұрғызды дегенде аттың жүруіне, қойдың өруіне, түйенің тұруына себептер болғанды көрсетеді» [1, 232], – деп жазады. Яғни, екі етіс түрінің арасында мағыналық жақтан, субъект әрекетіне және нысанға қатысты ерекшеліктердің бар екендігі анық байқалады. Сондықтан да ғалым бір тұлғада тұратын сөзді, ішкі мағыналық ерекшелігіне қарай етістің екі түрі ретінде алып қараған. Бұл – грамматикалық тұлғаның өзі қосылатын сөздің мағыналық ерекшелігіне қарай атқаратын қызметінің тағы бір қыры, яғни, зерттеу нысаны грамматикалық форма және оның тілдік қызметтері болып табылатын функционалды морфологияның мәселелері. Ал қазіргі қазақ грамматикасында А. Байтұрсынұлы өзіндік мағыналық ерекшеліктерге ие болып келетін екі тілдік мәселе ретінде алып қарастырылған жайт бір ғана өзгелік етістік аясында қаралады.

Кейінгі еңбектерде тұлғаға ғана мән беріліп, мағыналық ерекшелігі назардан тыс қалса, А. Байтұрсынұлы оқулықтарында кейбір тұлғалардың өзіндік мағыналық ерекшеліктері болатыны ескеріліп, соған байланысты жіктеліп отырған.

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде сан есімнің 4 түрі ғана берілген (есептік (жай, жадағай), реттік, телімдік (жарнақ)) [1, 146]. Бүгінгі таңдағы оқулықтарда сан есімнің алты түрі беріліп жүр. Яғни қазіргі оқулықтардағы топтау сан есімдері мен болжалдық сан есімдер ғалымның еңбектерінде айтылмайды. Топтау сан есімдері мен болжалдық сан есімдер сан есімге көптік жалғауы, шығыс септік жалғауы, лап, леп тұлғаларының қосылуы арқылы жасалған. Кейінгі оқулықтарда топтау сан есімдері деп танылған екеулеп, он оннан, бір бірлеп т.с.с. сөздер үстеу ішінде де сөз болып, топтау я мөлшер үстеулері деп қарастырылып жүр. Яғни бір форма екі сөз табының аясында қарастырылып жүр. А. Байтұрсынұлы еңбектерінде болжалды, топтау сан есімдері сан есімнің мағыналық тобында қарастырылмай, сан есімнен жасалатын басқа сөз табының қатарында, үстеу ретінде берілген (сынаулық үстеу дейміз істің сынын көрсететін сөздерді. Қалай? Қалайша? Мысалы, екі-екіден бөлді, үш-үштен алды, төрт-төрттен қойды жиырмадан үслестірді. Бұлар үстеу орнына жүретін сан есімдер) [1,192]. Осы орайда ғалым

Б. Маманов көлемдік мекендік септіктер мен көптік форманың контекске немесе түбір сөздің мағынасына байланысты әртүрлі мағыналық қырлары болатынын айта келіп, сан есімнің шығыс септік формасы (бестен, бес-бестен), мен көптік формасын (ондар, жүздер) мағынаға бағындырып, сан есімнің лексика-семантикалық топтарына жатқызудың ғылыми тұрғыдан негізсіз екендігін айтады [3].

Ғалым-ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы тілді құрал ретінде ғана емес, осы құралды қалай қолдануға қатысты да еңбек жазған функционалист

ғалым. А.Байтұрсынұлының өз сөзімен айтар болсақ, автор: «Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. «Тілді қолдана білу» деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішінде орын орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз»,—деп түйіндейді. Бұл тұстағы ғалымның тұжырымы бүгінгі таңда прагматика термині аясына енетін түсінік, сондай-ақ коммуникативтік талап мәселесі турасында болып отыр. Адам тілдік құралдарды пайдасына жаратпас бұрын мақсатын айқындап, соған сәйкес келетін тіл бірліктерін өзара ұйымдастыра отырып, сөйлеу бірлігін тудырады.

Расында да, қазақша сөйлеушілердің бәрі бірдей қазақша дұрыс сөйлей бермейді. А. Байтұрсынұлы сөздің өңді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айта келіп, сөз дұрыстығы үшін:

- Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнында қолдану;
- Сөйлем ішінде сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;
- Сөздерді бір біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру керектігін айтады.

Коммуникация талаптарын көрсете отырып, ғалым сөйлеушінің ойын дұрыс жеткізуі, тыңдаушының дұрыс түсініп, дұрыс қабылдауы да коммуникация үшін маңызды болатынын айтады. Бұл тұжырымдар бүгінгі күні де маңызын жоймады.

Ғалым «Тіл жұмсар» еңбегінің дәйектемесінде тілді құрал ретінде танығанда, оның толып жатқан есепсіз бөлшектері бар және ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын сан қырлы тетіктері көп үлкен мәшинеге теңейді. Яғни, тіл мәшине секілді құрал болса, оны пайдаланудың екі жолы немесе жұмсаушысы екі түрлі болатындығын айтады. Осы тұстағы ғалымның тұжырымын өз сөзімен берсек: *«Қандай құрал болса да, оны жұмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей- ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерін бұл таныс құралды жұмсап жүріп, онымен көп істес болып барып, тәжірибе арқылы таниды»* [4, 294]. Ғалым тіл жұмсаушының екеуінің де, бір қарағанда, тілді құрал ретінде тануы мен жұмсауы бірдей болып көрінгенімен, шын мәнісінде, олай еместігін салыстырмалы түрде былайша түсіндіреді: «Мәшине жүрісінде кемшілік біліне бастаса, оның неден екенін анау бірден білсе, мынау тіпті білмеуі мүмкін». Осылайша, ғалым кез келген нәрсенің терең мәнін түсіне игерудің көп тәжірибе арқылы келетіндігін айтады. Бұл тұста А.Байтұрсынұлы қазақ

тілінің құрылымдық грамматикасын ғана емес, оның қолданылуы, яғни, жұмсалымдық сипатын түсіндіріп, функционалды грамматика мәселесіне де қарастырушы ғалым болып табылады.

Тілдің жұмсалымдық қырларын түсіндіру лингводидактика мәселесімен де тікелей сабақтасып жатыр. Бұл орайда тілші-ағартушы А.Байтұрсынұлы –осы тілді үйретуге қатысты лингводидактика мәселелерімен де айналысып, қазақ тілін оқыту әдістемесі саласының да іргетасын қалаушы ғалым. Ғалымның жалпы оқыту, білім беру саласына қатысты «Жаңа мектеп» журналына 1927-1928 жылдары «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Жалқылаулы-жалпылау әдіс» атты әдістеме саласына тікелей қатысты мақалалар мен «Тіл жұмсар», «Баяншы» атты еңбектер жазған [4, 279-344]. А.Байтұрсынұлы 1920 жылы Казан қаласында шыққан «Баяншы» еңбегінде бұл құралды он төрт жыл бойы бала оқытқан тәжірибесіне сүйеніп шығарып жазғандығын айтады.

А.Байтұрсынұлы әдістемеге қатысты «Тіл жұмсар» еңбегінде баланы оқытудың немесе үйретудің табиғи жолы тәжірибе арқылы білім алатын жол екендігіне баса назар аударады. Ғалым былай деп жазады: *«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін керек білімін кешікпей керек кезінде алып отыру үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп жүру»* [5, 496]. Өткен ғасырдың басында айтып кеткен А.Байтұрсынұлының бұл тұжырымы қазіргі кездегі білім беру саласында өзгерістердің бірі болып табылатын оқытудың бағалау жүйесіне қатысты болып келеді.

Білім беру жүйесімен сабақтасып бірге жүретін мәселе – бағалау. Оқыту нәтижесінің жоғары болуын қамтамасыз ететін бағалаудың түрі – формативті бағалау. Бағалаудың бұл түріне қатысты басқа да бірнеше термин қолданылады: қалыптастырушы бағалау, оқыту үшін бағалау. Мұғалімнің міндеті – оқушыға білім беру ғана емес, жоғарыда А.Байтұрсынұлы атап көрсеткендей ең бастысы оқушыны мақсатына қарай бағдарлау, оқушының оқу деңгейінің шамасын анықтау, мақсатқа жету жолында оның атқаратын іс-әрекеттерін үйлестіру болып табылады. Яғни, ғалымның сөзімен айтқанда, «балаға жұмысты шағындап беру, тәжірибе арқылы білімді игерту». Бұл – бүгінгі білім беру жүйесіндегі жаңа сапа мен жаңа сипаттағы бағалау әрекетінің басты түрі, білім алушының өзінің оқудың қай деңгейінде тұрғандығын анықтау және сол деңгейден жоғары көтерілудің жолдарын айқындаумен байланысты мұғалімдер тарапынан қолданылатын үдерістер түрінде анықталатын формативті бағалаудың мақсаттарымен қабысады. Яғни, формативті бағалау оқушының оқуын дамыту үшін пайдаланылатын бағалау болып табылады. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлының әдістеме туралы жазған мақала-еңбектерінде берілген мысалдардың біріне назар аударалық. Мәселен, «Шәкірт әңгімесінен» дегенде мұғалім мен оқушының арасындағы диалог былайша өрбиді:

«Мұғалім сабақ сұрағанда, Мұрат білмеді.

– Сабақты неге білмейсің? Оқымадың ба?

– Қолым тимеді, ағатай!

– Не істедің?

– Үй шаруасына айналыстым.

– Сенен басқа үй шаруасын істейтін адам болмады ма?

– Әкем үйде жоқ. Жолаушы кеткен. Апам ауырып жатыр.

– Отыра ғой, шырағым» [5, 518].

Бұл шағын диалог арқылы біз қазіргі кезде формативті бағалау үдерісінде түрлі сипатта көрініс табатын мұғалім әрекетінің бір қырын көреміз. Оқу үдерісіндегі формативті бағалаудағы мұғалімнің рөлі мен әрекеттеріне төмендегілер жатқызылып жүр: оқушының жетістігін айтып отыру; қателескен жерде демеп жіберу; оқшау қалған баланы оқу үдерісіне тарту; сыныпта жағымды ахуал қалыптастыру; оқу үдерісіне деген қызығушылықты тудыру және оны арттыру т.б. [6].

А. Байтұрсынұлы «Аз уақытта көп білу жолының басы» мақаласында сапарға шығатын адам мақсатын анықтап алуы керектігін, өйткені жолаушы жалғыз адасса, қиындықты өзі ғана көретінін, елге басшылық жасап жүріп адасса, жұртқа үлкен зияны тиетінін айтудан бастайды. Қазақ халқы барамыз деген жеріне ғылым білім жеткізетінін біліп отырғанын, алайда осы жолға бастаушы молда, мұғалімдердің адаспауы керектігін ескертеді. «Басшы түзу болса, ұзын жол қысқа, басшы олақ болса, қысқа жол ұзын. Қысқа жолға уақыт аз, ұзын жолға уақыт көп өтеді. Уақыттан бағалы дүниеде ешнәрсе жоқ. «Халықта да жазық мол шығар, солай да болса, «жұмыс іскерден қорқады» деген. Халық су болғанда мұғалімдер жел секілді боларға керек. Желге су шыдап тұра алар ма? [7, 82-83].

А. Байтұрсынұлы алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарды дүниеге келтіруімен қатар, осы оқу құралдарын тәжірибеде қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды шәкіртке қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде де ойланған. Озық елдердің әдістемелік әдебиеттеріне сүйене, үйрене жүріп, төл әдістемелік нұсқау, әдістемелік мақалаларын жазып қалдырған. Бұл бағытта мол жазбаларының бірер санын «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы» (қай жылы жазылғаны белгісіз), «Тіл жұмсар» секілді әдістемелік нұсқаулары мен «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Баулу мектеп», «Ана тілінің әдісі», «Жалқылаулы жалпылау» «Қай әдіс жақсы?», «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақалалары құрайды.

А. Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінің біраз бөлігі мақалалар тобынан құралады. Әдіскер ғалымның «Жалқылау (айырыңқы) әдіс мақаласы 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының он бірінші он екінші нөмірінің 45-49 беттерінде басылған. («Зерттеу мен сүгіретшілік әдіс).

«Қай әдіс жақсы?» мақаласы «Жаңа мектеп» журналының 1928 жылғы 4-5 нөмірінің 3-11 беттерінде басылды. Зерттеудің көтерген сонылығы жайында журнал басқармасы былайша жазады: «Жазушының

дыбыс әдісі мен тұтас сөз әдісін сынаған ойларына, көзқарасына басқарма қосылмайды. Ол ойларын біржақты жаңылысы бар деп біледі. Мұндай мәселе әлі қазақ оқытушыларына соны болғандықтан, бұл мақала пікір алысу ретінде басылып отыр. Әдіс жұмысымен таныс адамдар, педагогтер бұл туралы пікірін жазуын өтінеміз. Басқарма соңғы нөмірлердің бірінде өз ойын жазбақшы [8, 260].

А. Байтұрсынұлының аталған мақала атауларынан көрініп тұрғандай, оларда өз ортасына «әлі соны» әдістемелік мәселелер көтерілген. Ана тілімізді қандай әдіс тәсілмен оқыту орындылығы айтылады, өзара пікір алысуға шақырады. Демек, қазақ тілінің оқыту әдістемесі ілімі саласында синтетикалық, аналитикалық, аналитикалық синтетикалық оқыту әдісі жөнінде алғаш әдістемелік тұрғыда пайымдау жасаған, түсінік берген, әдістердің анықтамасын қорытқан әдіскер А. Б. Сондай-ақ әдістердің жалпылау, жиылыңқы әдіс, жалқылау, айырыңқы әдіс, жалқылаулы жалпылау, айырыңқы жиырыңқы әдіс, көрнекілік әдіс деген қазақша ғылыми аталымдарды да тұңғыш қолданысқа енгізген.

А. Байтұрсынұлының әліппесінің, оқулықтарының әдістемелік негізін талдап беру, оның қазіргі кездегі оқулықтарды жазуда қолдану орнын көрсету, пайдалы жақтарын анықтау, дәлелдеу келешекте оқулықтардың сапасын арттыруға әсер ететіндігін білу. А. Байтұрсынұлының әдістемелік терең білімі, мұғалімдік тәжірибесі, оны қорыта білу қабілеті оқулықтарының әдістемелік негізде жазылуын ғана қамтамасыз етіп қоймай, оның әдістемелік ғылыми еңбектер жазуына негіз болғандығын тану.

Міне, бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі болып табылатын білім алушының түрлі күзiреттiлiктерiн дамыту, қалыптастыруға бағытталған бағалаудың қалыптастырушы деп аталатын түрінің бірқатар мақсат-міндеттері «Ұлт ұстазы» атанған А.Байтұрсынұлының еңбектерінде өткен ғасырдың басында-ақ көрініс тапқан.

Қорытынды

Ғалым мұрасын арнайы талдаған еңбектер мен ғылыми мақалалар қатары жеткілікті. Осы орайда аталған істі тұрақтандыруға қажетті мынадай шаралар да артықтық етпес:

Біріншіден, А. Байтұрсынұлының тілтанымдық, әдістемелік мұрасын насихаттау, оқытып үйрету ісінде еліміздегі білім беру жүйесінің барлық буынындағы атқарылатын істердің сабақтастығы болғаны жөн (мектеп-колледж-жоо)

Екіншіден, республика бойынша мектеп мұғалімдерін даярлайтын және қайта даярлап, мамандықтарын жетілдіретін түрлі семинар, курстарда шеберлік сабақтарында А. Байтұрсынұлының тілтанымдық, әдістемелік мұрасын оқытып-үйретудің жолдары, өткізу формаларын ұсынған жөн. Ғалымның мұрасын танытып, насихаттап, талдап зерттеумен бірге ұстаздардың содан нәр алып, бойын терең сіңіріп, оқып үйренуі маңызды іс.

Әрбір сынып үшін жасалған «Қазақ тілі» оқулықтарының авторы бұл істің жүйесі болмаса маңыздылығы, қажеттілігі жайлы онша мазасызданып, ойланып жатпайды. Алаш қайраткері, ұлтымыздың жанашыры болған адамға төл оқулығымыздың тұңғыш авторы ретінде ілтипат көрсетіп, қай жағынан баланың зердесінде ұлт ұстазы туралы мәлімет қалдырсам деген ой бәріміздің көкейімізде тұру керек.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1992. - 448 б.
2. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. -784 б.
3. Ы. Маманов Қазақ тіл білімінің мәселелері, Алматы, Арыс, 2007
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – 3-том. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 384 б.
5. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімі мәселелері. - Алматы: Абзал-Ай, 2013. - 640 б.
6. Жақсылықова К.З., Тайтанова Н.К., Кемешова А.М. Қалыптастырушы бағалауды қолдану бойынша пән мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілігін арттыру. Әдістемелік құрал. - Алматы, 2016. - 64 б.
7. Оспанұлы С. Ұлт ұстазы. Анкара, 2022, 465 б.
8. А. Байтұрсынұлы - алаштың рухани көсемі//халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, Құраст. С. Есіркеп, Нұр-Сұлтан, 2022, -300 б .

Сугирбекова Айман Избасаровна
Астана қ., №91 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-шебер

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ – ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ БАСТАУЫ

Ахметтің ұлылығы – ұлт ұстазы дәрежесіне көтерілген еңбегі. Ахмет ұлы ұстаз-теоретик ретінде бала тәрбиесінен бастап, ұлттық санаға дейінгі педагогикалық проблемаларды жан-жақты зерделеді. Ол – оқыту әдістемесі. Ахмет өз заманындағы батыс, шығыс, орыс әдіскерлерінің озық әдістемелік еңбектерімен таныс болған. Ахмет әліппелерінің, оқулықтарының, әдістемелік еңбектерінің осы озық ғылыми үрдістен шыға білуі оның әдіскерлігін аңғартады. Байұрсынұлы озық әдіскерлердің тәлімді дүниелерін өнеге тұта келіп, олардың жақсы, ұтымды тұстарын ескере отырып, халқымыздың ұлттық тілді оқыту әдістемесінің негізін қалаған. Ол тілдің төл табыатына сәйкестендіріліген дыбыстық оқу жүйесін тәжірибеге кіргізіп, әліппе, оқулықтар жазып, араб әліпбиіне негізделген қазақ алфавитін жасап шығарды. А.Байұрсынұлының қазаша әліппесі 40 беттік көлемде «Оқу құралы» деген атпен тұңғыш рет 1912 жылы Орынбор қаласында М.Ш.Кәрімов, Ш.Құсайыновтар баспасында жарық көрді. 1912-1925 жылдары 7 рет басылып шықты. Оқу құралы – біздің алғашқы әліппеміз.

А.Байұрсынұлының «Тіл құралдары» қазақ тілінің грамматикалық құрылысын ана тілінде талдап беру мақсатында туған. Әдіскердің «Әліп-би», «Оқу құралдары» балаларды неге және қалай оқытамыз деген сауал төңірегіндегі жан-жақты ғылыми-педагогикалық, әдістемелік ізденістерінің куәсі. Әдіскер ғалым әліппе, тіл құралдарында қандай принцип ұстанса да, әдіс-тәсіл қолданса да ұтымды, нақты да дәл болуын көздеген. Ахмет өз оқулықтарын соол заманның алдыңғы қатарлы әдістемелік жетістіктеріне сүйене отырып жазған. Егер оқу-тәрбие ісінде басшылыққа алынатын педагогикалық қағида дидактикалық принциптер десек, ғалым дидактикалық заңдылықтарын терең білген және оны әліппе, тіл құралдары белгілі дидактикалық принциптерге сай жазылған.

А.Байұрсынұлы мынадай дидактикалық принциптерді сақтай отырып жазған:

- 1) ғылыми принцип
- 2) көрнекілік принцип
- 3) оқытудағы саналылық принципі
- 4) түсініктілік принципі
- 5) жүйелілік принципі
- 6) білім мен тәрбие берудің бірлігі принципі.

Үш кітаптан тұратын «Тіл-құрал» оқулығында қазақ тілінің грамматикалық жүйесін мектепте ғылыми түрде оқытуды, оқушылардың

сөздік қорын байытып, сөйлеу дағдысын дамытуда, ана тілінің шұрайлы байлығын танытуды, сөз үйрету, сөз мағыналарының алуан түрлі қырларын аңғартуды басшылыққа алады. Мысалы, «Тіл жұмсар» кітабында сөздің құрамындағы дыбыстардың өзгеруіне сәйкес сөз мағыналарының да өзгеретінін жуан-жіңішке дыбысты ұқсас сөздерді салыстыру арқылы байқатады. Мысалы: қозы//көзі, қорық//көрік, сұр//сұр т.б. Осындай оқу жатығулары қазіргі оқулықтарға енгізілсе тиімді болар еді.

Ғалым «Тіл құралдарында» ұсынылған тілдің теориялық ұғымдарын тәжірибеде таныту үшін көбінесе қазақтың мақал-мәтелдерін, құнарлы сөз орамдарын жаттығу ретінде алған. Бүгінгі күні оқушыларымыздың есте сақтау қабілетін арттырып, тілін дамытуда мақал-мәтел, жаңылтпаштарды кеңінен қолдана бастағанымыз дұрыс сияқты. Ғалым қазақ тіліндегі сөздерді тоғыз топқа жіктей отырып, айқындауыш сөздерді түсіндіру барысында сөз мағыналарына ерекше мән берген. Тіл дамыту жұмысы Ахмет әліппелерінде барлық дыбыстарды өтуде, оған жаттығуда, игерген білімді бекітуде үздіксіз жүргізіледі. Жаңартылған білім мазмұнында грамматикалық тақырыптар жүйелі түсіндірілмейді. Сондықтан да оқушылар айтылым кезінде сөздерді дұрыс байланыстырып айта алмайды. Бұл – грамматикалық жүйені дұрыс түсінбегенінде. Міне, осы жерде Ахметтің тілдік теориялық ұғымдарын түсіндірудегі тәжірибесін қолданғанымыз дұрыс болады.

Әдіскер әліппелеріне енген материалдардың қызғылықты болуы да бала тілін дамытуды есте ұстанған. А.Байтұрсынұлы әліппе, тіл құралдарынан ауыз әдебиетінің ерекше бір түрлері мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды молынан қолданғанын көреміз. Ағартушы қолданған мақал-мәтелдердің қай-қайсысы да бүгінгі қолданысымыздан қалыс қалған жоқ. Ахмет жаңылтпаштарды шәкірт тілін дамытудың таптырмас, баға жетпес құралы деп есептейді. Жаңылтпаштардың алуан үлгілерін ұсынады. Оқушы ойын, тілін дамыту құралдарының даяр үлгілерін бере келе, жаңылтпаш жасауға арналған сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді де әдейі тапсырма ретінде ұсынады. Ахметтің осы идеясы қазіргі күні кей балалардың тілі кеш дамып, «р» әріпін дұрыс айта алмайтын балалардың тілін дамытуда көп септігі тигізері анық. Осы жерде Ахмет шығармашылығына байланысты оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру барысында Ахмет шығармашылығына байланысты электрондық білім беру ресурстары мен аудио-бейне материалдар, тест, шығармалар жинағын бір жерге шоғырландырып құрастырған «Ахмет Байтұрсынұлы» 3D электронды оқу құралымды ұсынғым келеді. Оқу құралының ерекшелігі: ғаламтордың көмегінсіз жасайды, барлық материалдар бір жерге шоғырланған, кез-келген материалды қағазға басып шығарып алуға болады.

Ахмет «Тіл-құралы», «Тіл-жұмсар» оқулықтарына енген материалдарды меңгеруде индуктивтік және дедуктивтік әдістерді қолданады. Тіл құбылыстарын жеке-жеке түсіндіріп, содан соң жалпы тұжырым шығарып, материалдарды индуктивтік әдіспен ұғындырады. Тіл

құбылыстарын жекелеп түсіндіруде әдіскердің талдау және жинақтау әдістеріне сүйенгенін көреміз. Әліппелерінде әңгіме, сұрақ-жауап, өзіндік жұмыс, салыстыру әдісін қолданады.

Жаңартылған оқулықтардың бір тарауы – «Дені саудың жаны - сау». Міне осы тарауға Ахмет Байтұрсынов нақты деректер топтамасын ұсынады. Неге осы «Денсаулық» тақырыбын өткенде осы материалдарды қолданбасқа?!

Ахмет ұрпақ тәрбиесінде оның денінің сау болуын негізгі міндет етіп қойып, оны қалыптастырудың жолдарын ғылыми тұрғыдан түсіндіреді. Ауру астан яғни дұрыс тамақтана білмеуден деп түсінген Ахмет өз зерттеулерінде: «тіс», «асқазанымыз», «тамақ жеу», «қай кезде көп жейміз», «сіңімді ас», «сіңімсіз ас», «асауыңа қарай асауың», «ас – адамның арқауы» деген тақырыптар арқылы бүкіл тамақтану мәдениетін жүйелеп көрсетеді. Бұл бүгінгі салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы өзекті мәселелерді шешуде таптырмайтын кеңестер болып табылады.

Бұдан бөлек «Оқу құралы» еңбегінің «Әдебиет, тұрмыс, еңбек» атты бірінші бөлімінде: алғашқы адамдыра қауымының тұрмыс-тіршілігі, құрал-саймандары, үй жануарлар мен құстардың өмірі жайлы мағлұматтар топтастырылған. «Ғылым» атты екінші бөлімі танымдық негізде жазылған. Дүниетану көзқарастары мына тақырыптарда көрініс тапқан. «Өсімдіктер», «Жапырақ», «Өсімдіктің пайдасы, «Өсімдік қалай өседі?» Табиғат құбылыстары тараушасында: «Жел неден пайда болады?», «Қандай желдер болады?», «Шық пен қырау», «Су, судың дүниені кезуі», «Тамшының тарихы», «Дүние» деп аталатын үшінші бөлімде оқушыларға табиғат құбылыстарын басқаша түсіндіріп, түрлі ырым-тыйым ертегі, өтірік нәрселерге сенуді жою, табиғаттың керекті заттарын түсіндіру, пайда зиянын ұғындыруға негізделген: «Жұлдыздар», «Құс жолы, «Жер қайдан шыққан?», «Ай мен күннің тұтылуы», «Құйрықты жұлдыздар». Ахмет ұсынған тақырыптар қазіргі жаңартылған білім беру мазмұны тарауларымен тура сәйкес келеді. Ұсынылған тақырыптар сөз жоқ оқушының ойлау жүйесі, дүниетанымын кеңейтеді, күнделікті тіршілікте қажетті қолданбалы тәжірибелік ақпараттар береді, әрі қызғылықты оқылады. Сондай-ақ бір ғана жәндіктің табиғатын, тіршілігін жан-жақты баяндап беру қазіргі таңдағы тәжірибесі мол деген кейбір салалық оқулықтардан да кездестіре алмайтын жетістіктер! Бүгінгі оқулықтардың ғылыми-теориялық ақпараттары басым болып, бала түгіл ересектердің де түсінбей жататыны айқын. Сондықтан мәтіндерді тақырып жағынан топтастырудың маңыздылығы мен икемділігі бүгінгі тілі күрделі, жүйесіз оқулықтарға үлгі бола алады. Оқу құралындағы әрбір мәтін оқушының бір тақырып төңірегіндегі көптеген мәлімет, жан-жақты білім алуына мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған еңбектердің құндылығы: баланы жастайынан ана тілінде сауат аштырудың қарастырылуы, шәкірттердің көркемдік талғамын, дүниетанымын қалыптастырып, жетілдіру жолдарының, табиғат құбылысы мен адам тұрмысының әр қырын топтастыра отырып тәрбиелеу, рухани тазалыққа баулу жолдарының жан-жақты тиянақты қарастырылғандығы білім мазмұнының әр жас кезеңіне байланысты ішкі және сыртқы үндестіктегі жүйенің сақталуына тікелей ықпал етеді.



Схаг Шолпан
Астана қ., №69 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫ

Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасыр басында өмір сүрген мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы ұстаз. Ақынның ұлтын оятуға арналған өлеңдері мен қазақтың көзін ашуға бағытталған аудармалары өз алдына үлкен бір сала. Аталған баяндамада біз ақынның бұл шығармаларына тоқталмаймыз. Біздің жұмысымыздың мақсаты А.Байтұрсынұлының ұлттың білім алуына, ағартушылық жолына байланысты жазған оқу әдістемелік еңбектеріне тоқталып, олардың бүгінгі күнде де аса өзекті екендігін анықтау.

Қазақ тілін, әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының тарихында Ахмет Байтұрсынұлының көшбасшы болғаны белгілі. Ол өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген.

ХХ ғасырдың басында қазақ даласында оқу білім, мектеп ашу ісі, оқушыларға білім беру әдістемесі әлі де толық орнығып бітпеген еді. Осы уақытта ұлт ұстазы атанған А. Байтұрсынұлы бұл олқылықтың орнын толтыру мақсатында көптеген мақалалар, ғылыми әрі әдістемелік еңбектер жазды. 1913 жылы «Қазақ» газетінің № 11 санында жарық көрген «Оқу жайы» мақаласында автор сол кездегі Қостанай уезіндегі сауаттылық мәселелерін қозғай келе, «Әрбір жүз кісіден 6 еркек қазақша, әрбір мың кісіден 6 еркек орысша, ал әрбір 300 кісіден 1 әйел қазақша, 4000 кісіден 1 әйел орысша хат таныды» деген дерек келтіреді [1, 9 бет]. Осы дерекке қарай отырып та біз сол замандағы білім алу деңгейінің қаншалықты қиын болғандығын аңғара аламыз. Осы мақаласында ғалым: «Қазақша оқу әлі белгілі бір тәртіпке келіп жеткен жоқ, кем кетігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жолы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арнайы айлық жоқ...» деп күйзеледі. Расымен де ХХ ғасырдың басында мектеп, программа ғана емес, баланың қолына ұстатар оқулықтар

да жоқ еді. Сол себепті, ұлт зиялыларының алдында оқулық жазу деген үлкен міндет тұрды. А.Байтұрсынұлының саналы ғұмырын осы әдістемеге, қазақ халін түзетуге арнауының бір себебі осында жатқандай.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл – жұмсар», «Қай әдіс жақсы» т.б. толып жатқан мұрасын бүгінгі күн талабына сай, жаңартылған үлгіде толығынан пайдалануға әбден болады. Ағартушы-ғалым қазақ тілінің грамматикасы – фонетика, морфология, синтаксис салаларын бүтін бірлікте алып, ұлттық тіл ғылымын жасады. Ғалымның қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі – [http://kk.wikipedia.org/wiki/«Оқу құралы» еңбегі](http://kk.wikipedia.org/wiki/«Оқу_құралы»_еңбегі). Қырық беттік көлемдегі «Оқу құралы» тұңғыш рет 1912 жылы Орынбор қаласында М. Ш. Кәрімов, Ш. Хусайыновтар баспасында жарық көрді. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты ғибратын оқулықтың беташары ретінде ұсынады. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстіңгі оң жағына Құран сөзі: «Би-исми-иллаһи-рахмани-рахим» орналастырылған. Қазақ әріптері рет-ретімен беріледі де, әрбір харіптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылып, төменгі жағына оқытушыға нұсқаулығы қатар ұсынылады. Сонымен бірге, соңына қысқа әрі нұсқа оқушының ұғымына сай, түсінігіне лайықталған қысқа мәтіндер. Оқу құралының 2-кітабы жалғастырылып, оқулық ретінде толықтырылып, 1913 жылы шықса, «Әліппе – астары» әліппеге жетекші құрал ретінде 1924 жылы жазылған. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады.

А. Байтұрсынұлының ағартушылыққа арналған маңызды бір еңбегі- «Тіл – құрал» оқулығы. Бұл еңбек негізінен, үш жылдық білім беруге арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал. Бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Әдіскер- ғалым, алғашқы ұстаздарымыздың бірі А. Байтұрсынұлы осы оқулықтың не себепті үш жылға бөлінгенін түсіндіре отырып, 1- жылы оқытылатын бөлім тілдің негізі болғандықтан, оқытушылар алғашқы жылы балаларға харіпті нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші оқулықта әріптер, буындар, әріп туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: Түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал, қазақ тілінің қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар, қолданылуға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін өте жеңіл ұғынықты етіп түсіндіреді. Оқулықтың тақырыбы қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып, кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылды.

А.Байтұрсынұлы білікті әдіскер ретінде оқушыларға ереже жаттатудың тиімсіз екенін дәлелдеп, түсіндіру, талдау, қорыту тәсілдерін қолдануды ұсынды. Сол сияқты әдебиет сабағын оқытқанда әсерлендіру, талдау, бейнелеу, тұжырымдау тәсілдерін қолдану қажет екенін «Қай әдіс жақсы» (1928) деген мақаласында айқын баяндайды. Бұл ой тұжырымдардың бүгінгі күнде де өте өзекті екендігін ұстаздар қауымы өте жақсы біледі деп ойлаймыз. Халыққа білім беру ісі үшін халықтың ана тіліндегі жазуы, оқу құралдары болуы керек. Міне, осындай өзекті мәселелерге Ахмет Байтұрсынов ерекше мән беріп, ұлттық емлені, грамматиканы ғылыми негізде жаңадан құрып, оны жүзеге асыруға себепші болды. Халықты надандық түнегінен шығару үшін оған білім беру қажеттігін дәлелдеді. [2, 27 бет].

Әдіскер ғалым А.Байтұрсынұлы 1913 жылғы «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында «Бала оқытатын адам оған үйрететінін, оның көңіл сарайын, мұғалімдік ғылымды жақсы білу керек», – дейді. Сонымен қатар «Екіншіден, бала оқытуын жақсы білейін деген адам баланың табиғатын, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. баланың ісіне, түсіне қатар ішкі халінен хабар аларлық болуы керек» деп жазады [1, 10 бет].

А. Байтұрсынұлының оқудың негізі білімді өз бетінше алу екенін айтқан пікірлері әлі күнге дейін өзінің мәнін жойған жоқ. Ғалым өзінің 1928 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбегінде: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі – өздігінен алатын білімнің ұзақ жолы үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру», – деп жазған. Бұл мәселелер А. Байтұрсынұлының «Баяншы», «Әлиф-ба астары» сияқты жекеленген әдістемелік еңбектерінде де айтылған. «Ғалымның әдістемелік жағынан құнды мынадай еңбектерін атар едік: «Баяншы» (1920), «Оқу құралы» (1921), «Әліппе астары» (1924), «Баулу мектеп» (1925), «Жалқылау (айырыңқы әдіс)», «Ана тілінің әдісі» (1927), «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Тіл жұмсар», «Қай әдіс жақсы?» (1928). Еңбектерінің қай-қайсысы да әдістеме мәселесі тұрғысында берері, айтары мол дүниелер», – дейді Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы өзінің Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы атты зерттеу еңбегінде [3, 57 бет].

Ғалым оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көздеді. «Оқыту жайынан» атты мақаласында А. Байтұрсынов: «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей, тең болса, оқу қимаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді...», – дейді. Сондай-ақ, ғалым білім негізі бастауыш сыныпта салынады дегенді сол кездің өзінде-ақ айтып кеткен екен. Бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс деп саралап көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы жай ғана оқытып қоймай, сапалы, жүйелі оқытуды ұсынады. Ол 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналының 8- санында жарық көрген «Қай әдіс жақсы?» деген көлемді мақаласында ұлы педагог Л. Н. Толстойдың «Үйрету әдістері туралы» деген еңбегіне талдау жасай отырып, «...әдіс деген – қатып-семіп қалған догма емес. Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу», – деп ойын тұжырымдайды [2, 27 бет].

А.Байтұрсынұлы бұдан басқа «Тіл – жұмсар» атты екі бөлімнен тұратын әдістемелік көмекші құрал жазған. 1-ші кітап 46 бет (1928), екіншісі 90 бет (1929). Нұсқаулықтың кіріспе орнына берілген «Дәйектемесінде» құралдың қажеттілігі туралы, бұрынғы құралдардан айырмашылығы жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылғанын айтады. Бұл кітаптың басты мақсаты – баланы сауатты сөйлеуге, оқуға, жазуға, жаңа емлені қиындықсыз қабылдауға дағдыландыру. Яғни, сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы таныту, үйрету. Оқулықтың 1-бөлімінде әріптер мен әріп таңбаларын түрлі орында жұмсалатын сөз бен сөйлем белгілерін жаза білуге үйрету болса, 2-бөлімінде осы өткендердің ауқымын кеңейте отырып, пысықтау мен бақылау жұмыстарын қатар атқару қарастырылған [4, 3 бет].

Бүгінгі білім беру жүйесінде барлық инновация мен интерактивтің барлығы бізге тек шет елден келген сияқты әсер қалдырады. Дегенмен, оқытудағы ізденістердің бастауы біздің зиялыларымыздың еңбегінде жатқанын естен шығармағанымыз дұрыс. «Сонымен қатар қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқытудың бұл жүйесі де Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында баяндалады: «Өлі оқудан» көрі «төте оқу» беретін білім жандырақ, «төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылышағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігілейтүсіру» дейді [5, 4 бет].

А.Байтұрсынұлы туралы айтқанда, оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушысы екендігін айтпай кете алмаймыз. Ол қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде ғылыми ұғымдардың атауларын қалыптастырды, яғни, терминдер жүйесін жасады. да тұңғыш рет жасады. Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, х әріп (әріп)* сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915-жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл-құрал» оқулықтарында әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты терминдер жүздеп кездеседі. А. Байтұрсынұлы тек

қазақ тілі саласында ғана емес, барлық ғылым саласындағы терминдер жүйесін жасады десек артық айтқанымыз емес.

Ғалымның үлкен еңбегінің бірі - әдебиет саласындағы терминдерді жүйелеп, оны білім беру жүйесіне енгізуі болды. А. Байтұрсынұлының қазақ тілі білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі мойындалған шындық. 1923 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойына арналған мақаласында М. Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды» – деген болса, әдебиетші ғалым Р. Нұрғалиев өзінің «Алып бәйтерек» атты мақаласында оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп, «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған», - деп әділ көрсетеді [1, 13 бет].

А.Байтұрсынұлы әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғылыми терминдердің дәл анықтамасын беріп отырады. Мысалы, «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз - өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз - өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады» [6, 192 бет]. Бүгінгі таңда өзіміз еш ойланбастан қолданып жүрген *аңдау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бернелеу, бүкпелеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, мезгеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру* сияқты әдебиет тану терминдері мен *демеу, жалғау, үстеу, шылау* тәрізді тіл білімі терминдерін жүйелеп, ғылыми айналымға енгізген Ахмет Байтұрсынұлы екендігін мектеп кезінен бастап оқушылардың құлағына сіңірген дұрыс деп ойлаймын.

Ұлт ұстазының 50 жылдық мерейтойында замандас әрі рухани інісі Мұхтар Әуезов: «...қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ахаңның қызметі қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіші – мәңгілік ескерткіш» деген екен. Осы пікір айтылғалы бері арада 100 жыл өтсе де М.Әуезов пікірі өзектілігін жойған жоқ. «Шықсақ бір төбеде, өлсек бір шұңқырда боламыз» деп сер байласқан Алаш зиялыларының ұлт қамы үшін істеген еңбектері ешқашан ұмытылмақ емес.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. А. Байтұрсынұлы. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімалар, публицистикалық мақалалар. - Алматы, Жалын, 1991ж.
2. Б. Керімбекова. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. –Алматы, Фолиант. 2017ж.
3. А. Қыдыршаев Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Кандидаттық диссертация. – Алматы, 1995.
4. Р. Имаханбет. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасын заманауи оқыту жүйесіне енгізу (Ғалым-реформатордың қазақ тіл

білімі мен әдебиеттану еңбектері негізінде) <https://aqiqat.kazgazeta.kz>
<https://aqiqat.kazgazeta.kz>

5. А. Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш //А.Байтұрсынов шығармалары.
–Алматы, 1989.

6. А. Сейітбекова. Қазір жаңа деп танылған әдістемелердің көпшілігі
Ахмет Байтұрсынов еңбектерінен бастау алады.
<https://www.inform.kz/kz>



Наурызбаева Алма Еркінқызы
Астана қ., №56 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫ

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетінде аянбай еңбек еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. Қазақ тілін оқыту методикасының ірге тасын қалаушы, қазақ тілінде оқыту әдісінің негізін салушы. Ол салада 1910 жылдан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жариялаған. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің оқулығын жазуы – қазақ тілінде қазақша жазылған оқулықтың алғашқы бастамасы болды. Автор 1912 жылы мектеп балаларына арнап қазақша сауаттандыратын – әліппені «Оқу құралын» жазғаннан кейін, мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытатын оқу құралын жазуға кіріседі. «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу – ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды. Жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сөйлегенде сөздің қисыны келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жаза білуге, қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек», деп жазады ұлы ғалым (Тіл құрал, 173-бет). «Тіл жұмсар» - қазақ тілін оқыту әдістемесінің басы. Ғалымның өзі көрсетіп бергендей, тіл туралы еңбек жазу бар да, оны балаға оқыту жүйесі бар: «Тіл құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек- бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады» (1992, 336). Әдіскер-ғалым оқытудың дұрыс жолға қойылуы үшін мынадай әдістемелік қағидаларды ұсынады:

- 1) Жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру;
- 2) Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару;
- 3) Сабақты алдын-ала даярлайтын сұраулар қою арқылы ынтасын арттыру;
- 4) Қажетсіз мағлұматтардан сақтану, баланың ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді ғана сөйлеп, үйрету;

5) Баланың ішін пыстыртатын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу;

6) Алғашқы кездегі оқыту деректің көрнекі болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану;

7) Өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де жақсы көру, оқытушы сүйген нәрселерді оқушы да сүйеді.

Ғалым ұсынып отырған қағиданың қай-қайсысы болса да балаға дәріс беру жүйесінде ешқашан ескірмек емес. Мектеп мұғалімі үшін үнемі есте болатын негізгі ұстанымдар деп бағамдаймыз.

«Тіл жұмсар» кітабында оқытуға қойылатын талапты былай тұжырымдайды: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімнің ұзақ жолын қысқарту, қиналмай оңай оқу, керек білімін кешікпей, дер негізінде алып отыру үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру және баланың бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру» -деп есептейді. Қай пәнде болсын баланың алған білімін тәжірибеде қолдануы барлық сабақтарда нақты тапсырмалар, өздігінен байқау, зерттеу жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан оқушы ережелерді, теориялық мағлұматтарды тәжірибе жүзінде қолдана алса ғана білім сапалы, тиянақты болып, дағдыға айналады.

1928 жылы “Жаңа мектеп” журналының 8-санында жарияланған “Қай әдіс жақсы?” деген көлемді мақаласында “әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлікте, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу” деген пікірі қазіргі білім берудегі әдіс тәсілдерге сай келіп тұр. Сонымен бірге баланы сауаттылыққа үйрету негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы – қәріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті. Ағартушы ғалымның әдіс тәсілдерін оқып үйрену қазіргі таңда да мұғалімдер үшін қажет. Ахмет Байтұрсынұлы алғашқы әліппе оқулық, тіл құралдарды дүниеге келтірумен бірге осы оқу құралдарын практикада қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды шәкірттерге қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде ойланған. Озық елдердің тіл оқыту әдістемелік ілімін жетік білуі қазақ тілін оқытуға арналған төл әдістемелік еңбектер жазуға әсер еткен. Өйткені жазбаларынан «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы» (қай жылы жазылғаны белгісіз), «Тіл жұмсар» секілді әдістемелік еңбектерін және «Баулу мектеп», «Жалқылау» (айырыңқы әдіс), «Қай әдіс жақсы?», «Дыбыстарды жіктеу» туралы мақалаларын атауға болады. Бұлардың ішіндегі автордың «Әліппе астары», «Нұсқаушы» деген екі кітабы әзірге қолға түспеуде. Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау»

технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап, талқыға салып жүр. Өткенге көз жүгіртсек, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын айтып кетуіміз қажет. Бұны біз ғалымның өз заманындағы балалар мен ересектердің сауатын ашуға арналған оқу құралдарынан да, шағын мақаларынан да аңғарамыз. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген. Қазіргі таңда мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде «Блум таксомониясын» басшылыққа алады. Блум таксомониясының алты түрлі ережесі кез келген ақпаратты үйретудің ең ұтымды тәсілдері ретінде қолданылып жүр. Себебі Блум таксомониясының:

- білу – мағлұматтар мен ақпараттарды еске түсіру;
- түсіну – жаңа идеяны түсіну, ондағы негізгі идеяларды салыстыру, сипаттау;
- қолдану – жаңа білімді түрлі нұсқада пайдалану;
- талдау – дәйектер мен себептерге байланысты ақпаратты тексеру және жіктеу;
- жинақтау – ақпараттарды жүйелеу;
- бағалау – ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау сияқты алты ережесі ойлау дағдыларын қылыптастыруда және жетілдіруде үлкен рөл атқарады [2, 27]. Осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы жайында өткен ғасырда А. Байтұрсынұлының еңбегінде айтылып кеткен. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады;

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады;

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады [3, 105].

Ғалым оқушыға дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл категорияларды қазақ тілін оқулықтарын құрастыруда да, сабақ жоспарын жасауда да басшылыққа алған. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегінде

қазіргі әдістеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің төрт түрі яғни, жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым арқылы тілді меңгертудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады.

Бұған қоса ағартушының «Баулу мектеп» (Трудовая школа) атты проблемалы мақаласы журнал бетінде 1925 жылы (1 тамыз) басылған болатын.Кемеңгер ұстаз аталған мақаласында: «Мектептің міндеті – берген баланы ата-анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып шығару. Бұл міндетін дұрыстап атқару үшін көздеген мақсатқа керек істерді дұрыстап істеу тиіс. Қалай үйреткенде бала көздеген түрдегі адам болып шықпақ? Мәселенің қисыны – осы жерінде. «Өлі оқу» – дүниедегі іске үйретпеген, сондықтан түрлі оқу тіршілік мақсатындағы іске үйлеспейтіні көрініп тұр.«Төте оқу» нәрсенің, істің затын алмай, атын ғана алып, құр сөз түрінде үйреткен. Сөзбен үйреніп, сөз жүзіндегі іске шебер болуға болады, бірақ тіршілік ісі жалғыз сөз жүзінде емес. Сөзге қарамайтын тіршілік істері толып жатыр. Ол істерге істеп, үйреніп, шебер болмаса, сөзбен үйреніп шебер бола алмайды. «Көрнекі оқу» нәрсенің затын, ісін көрсетіп үйретеді. Көріп үйрету баланың табиғатына жақын дейді. Бала мектепке барғанша 5-6 жылдың ішінде бірталай білім білетіні рас. Бірақ ол білімді жалғыз көрумен ғана емес, көргенін еліктеп істеумен үйренеді. Солай болған соң тек көрсетумен болып, істетпей үйрететін «көрнекі оқу» да көздеген мақсат түрдегі тіршілікке лайық адамдар жасап шығара алмайды. Өйткені нәрсені көріп білу, білу мен істеп білудің арасы – көш жер. «Өлі оқудан» гөрі «төте оқу» беретін білім жандырақ «Баулу мектеп» – нәрседен нәрсе жасап, тауар қылып шығаратын пабірік, зауыт сияқты да орын емес, өзінен-өзі өсерлік жағдай жасап, бәрін бәрін даяр күйінде беріп, балапан шығаратын жұмыртқа сықылды да орын емес, ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін шын еңбекші болып, ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты жастар шығаратын орын-»деп көрегендікпен атап өткен.Қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы басшылыққа алынып жүр.Оқытудың бұл жүйесі Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» мақаласында да баяндалады:«Өлі оқудан» көрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігілей түсіру». Ұлы ұстаздың осы пікірінен балаға жалаң білім берілмей ,алған білімін өмірде қолдана білу керек деген тұжырымдаманы байқаймыз.Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл жұмсар» еңбегінде: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі, білімінің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оқу үшін керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін балаға

жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру» деп атап өткен («Тіл жұмсар» Қызылорда 1928ж.)

Ахмет Байтұрсынұлының 1913 жылы жазған «Білім жарысы» деген мақаласы қазіргі таңда да өзекті. Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатындар білімділер, зейінділер. Осындай жұртқа пайдалы, үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу әр жұрттың қолынан келетін іс. Істейін десе, қазақтың да қолынан келеді Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм қалық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы. Білім жарысы дегеніміз — бай адам пәлен мың ақшаны бәйгеге тігеді де, мәлім етеді: осы ақшаны пәлендей іс істеген кісі алады деп. Мысалы, пәлен ауруға ем тапқан я пәлен ғылымнан, яки өнерден жаңа жол тапқан, я пәлен турасында жазып, кітап шығарған адамдарға беріледі. «Білім жарысы» мақаласынан түйгеніміз, ұлы ұстаз білімге, ғылымға деген ықыласты әлемдік жағдаймен салыстырып көрсеткен. Ахмет Байтұрсынұлының бір ғасыр бұрын кітаптың пайдасы туралы айтып кеткен қағидасы қазіргі таңда да өз маңызын жойған жоқ. Халықтың осындай жан азығынан, рухани байлықтан қол үзіп бара жатқаны бәрімізге мәлім, Адамзат баласының асыл құндылығы тәрбие құралы кітап оқуды жандандыру мақсатында мемлекет тарапынан дабыл қағылып жатыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: “Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн”, – деп әр тұлға оқуға тиіс деп санайтын отыз таңдаулы кітаптың тізімін ұсынған болатын. Қазір осы бағытта маңызды бағдарламалар жасалуда.

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенетіні бәрімізге аян. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті ұстаздардың қолында. Ахмет Байтұрсынұлының сонау ХХ ғасырда жазылған еңбектері қазіргі таңда өз мағынасын жойған жоқ. Осы оқулықтарға, мақалаларға сүйене отырып балаларға білім, білік, дағдыны бере отырып, оларды тәрбиелей аламыз. Қазіргі жаңашыл деп танылып жүрген технологиялардың көпшілігі ғұлама ағартушының еңбектерінде көрініс тапқаны дәлелденіп отыр. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу ағарту саласындағы әдістерінің өміршеңдігіне көз жеткізуімізге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 272 б.
2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов (методикалық көмекші). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 272 б.
3. Қыдыршаев А. Байтұрсынұлы А. (А. Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері туралы). – Орал, 1998. –156 б.
4. Жанпейісов Е. Байтұрсынұлы бастаулары //Тілтаным. – №2, 2001.
5. Байтұрсынов А. «Қай әдіс жақсы?» мақаласы



Ильясова Ләззат Бақтыбайқызы
Астана қ., №48 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫНЫҢ ӨМІРШЕНДІГІ

Ахмет Байтұрсынұлы - болашақ білім беру жүйесін болжаған педагог. Қазақ халқына білім мен тәрбие берудің озық үлгі-өнегесін көрсеткен ұлт ұстазы. Ахмет Байтұрсынұлы – жаңаша мазмұнда білім беру арқылы қоғамды өзгертуді, елінің еркіндігін көздеген ағартушы.

XX ғасырдың басында қазақ мектебі мен мұғалім қызметі, оның қоғамда алатын орны мен халқына сауатты білім мен саналы тәрбие берудің, оқытудың маңыздылығын үш ауқымды мәселемен көтереді. Алғашқысы оқу ісі, мектеп жайы. Ұлт ұстазы: «Оқу ана тілінде жүргізілсін. ...Мектепте балалар жасынан еңбекке баулынып, көптесіп, көлемдесіп, қоғамдасып іс қылып үйреніп, еңбекті іске дағдыланып, еңбекті сүйіп, шын еңбекші болып шығарға керек. Баулу мектебі ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін шын еңбекші болып, ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты жастар шығаратын орын», - деп, функционалдық сауаттылықтың мектеп қабырғасынан бастау алатындығын сол кезде нақтылаған еді. Астана қаласы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінің «Білім алушылардың әлемдегі өзгерістерге тез бейімделе алатын қабілеттерін жетілдіру, білім беру үрдісінде озық әдістемелер арқылы оқушылардың сыни тұрғыда жан жақты ойлау қабілетін дамыту. Ұлттық құндылықтарға негізделе отырып, құрмет, қамқорлық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, даму қағидатына сәйкес тәрбиелеу» деген мақсаты алаш қайраткерінің қағидасымен үндесіп жатыр және ағартушы ғалымның педагогикалық мұраларын ұлттық мектеп моделін жасауда басшылыққа алып отырмыз .

Ұлт ұстазы оқу мектебін «баулу» мектепке айналдырып, қыран ұясындай ету үшін «оқудың тірегі» мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктейді: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, берілген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Ең әуелі, мектепке керегі – білім, педагогика, әдістерден хабардар және оқыта білетін мұғалім», деп, мектептегі жұмыстың табысты болуы мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты екенін нұсқайды. Мектебімізде Л.Гумилев атындағы ЕҰУ імен меморандум шарттары, қалалық желілік мектептер серіктестігінің бірлескен жұмыстары, «Сыни ойлау» жобасы, «Жас мамандар» мектебі, зерттеуші ғалымдармен өтетін Ахмет

мұражайындағы ғылыми тәжірибелік конференциялар, дамыту семинарлары мұғалімдердің кәсіби өсуіне ықпал ету мақсатында жұмыс жасайды. Мұғалімдердің біліктіліктерін үнемі жетілдіру, кәсіби шеберлігін дамыту – үздіксіз әрекет арқылы жүзеге асады.

Мұғалім мамандығының маңыздылығы қоғамның дамуымен айқындалады. Әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер: жаһандану, демографиялық, тыныштық пен қауіпсіздік, орнықты даму, технологиялар әлемдік білім беру жүйесін қайтадан қарауға әкелді. «Ұлы істердің әдісі де ұлы болады. Ұлы әдісті үйрету де, үйрену де қиын болады» деген ұстаздың қағидасы жаңартылған білім мазмұнын игеруде өзектілігін жойған жоқ. Бүгінгі күні ұстаз еңбегінің мазмұны үйренуге бағыт бағдар беруші, таным процесін ұйымдастырушы, жөн сілтеуші, менеджер (басқарушы) деген сынды жаңа формациялармен толықтырылды.

Әдіскер ағартушының көтерген маңызды үшінші ауқымды мәселесі оқу бағдарламасы. Ғалым: «Үшінші, мектепке керегі – бекітілген бағдарлама. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі болуы керек. Мектепте үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішін «бағдарлама» деп аталады – деп оқытудың сара жолын айқындап, көрсеткен. Ұлт ұстазының «Оқу құралы», «Оқу жайы», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері», «Баяншы» күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер екені даусыз. А.Байтұрсынұлы: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те, бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі - түрлі әдісті болу, керек орында жоқ әдісті табу да, қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» дейді.

Инновациялық педагогикалық технологиялар пәнді оқыту барысында мұғалімдердің ой-өрісін кеңейтіп, кәсіби деңгейін көтеріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жаңашыл ойларды кеңінен пайдалануға және оқушыларға білім беруді жаңашылдық тұрғысынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Білім игеру процесі - белсенді процесс. Ол тек әрекет арқылы ғана жүзеге асырылады. Олар: өздігімен түсіну, таңдау, талдау, шешім қабылдау, жаңа мазмұн құрастыру, өз білімінді бағалауға негізделген ойлану, талқылау, өз пікіріңді қалыптастыру, оны дәлелдей және қорғай білу, пікір алмасу мен таластыру, өзгенің пікірін тыңдап, оны қабылдау, өз пікіріңді жазу секілді жеке және бірлескен жұмыс түрлері. Мұғалім өзі де шабыттанып, сол көтеріңкі күйін білім алушыларға көрсетуі керек. Осындай белсенді әрекеттер тұлғаны жан жақты дамыта түсіп, оның білім игерудегі көкжиектерін кеңейтеді.

Ұлт ұстазы айтқандай, «үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмайды. Ісі ілгері оңай жылжыған сайын көңілденіп оқытуға жаһады зорайып шабыттанады». Демек, шәкірттің оқуға ұмтылысының

алғашқы сатыларында басы тасқа тиіп, тауы шағылмауын ерекше ескерген. Әр сабақтың басында оқушының «Мен осы тақырып бойынша не білемін? Не білім келеді? Бұл білім маған қалайша және қаншалықты қажет болады?» деген секілді сұрақтарға жауап ізденуі орынды. Яғни, мотивацияны тудырмай, қызығушылықты оятпай тақырыпты терең игеру мақсатына жетуіміз екіталай.

«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі - оның білімінің, шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру» деп, әдіскер ғалым сабақтың екінші кезеңінде мұғалімге оқытудың тиімді әдістерін қолдану арқылы оқушылардың өзіндік тұрғыдан әрекеттенуін, жаңа білім туралы өзіндік пікір мен түсінік қалыптастыруға ынталандыруын нұсқайды. Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңыздыәрі тиімді деп санайдыда бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек дейді.

Бүгінгі күні білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен құрастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы дәлелденіп отыр. Қайталау, жаттау, көшіру секілді репродуктивтік әрекеттер адамды (оның миын, ішкі жан дүниесін, құзырлылықтарын) дамытпайды. Үйрену мен есте сақтаудың ең тиімді әрекеті басқаларды үйрету. Ол дегеніміз жұптасып немесе шағын топ ішінде қоян қолтық араласып жұмыс жасау деген сөз. Шәкірттер шағын топта бірін бірі тыңдап ғана отырмайды, олар бір бірінен үйреніп және үйретіп отырады. Американдық психолог Вильям Глассер: «Біз білімнің 10%-ын оқығанда, 20%-ын тыңдағанда, 30%-ын көзбен көргенде, 50%-ын көзімізбен көріп, тыңдағанда, 70%-ын пікір таластырғанда, 80%-ын тәжірибе жасағанда, 95%-ын басқаларды үйреткенде игереміз», - деп, тәжірибелі білімнің нәтижелігін дәлелдеп берген.

Ағартушы ғалым «Жазу заманның маңызды құралы», «Жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуге қарағанда маңыздырақ болып келеді», «Сауаттылық негізі жазу» деп тұжырымдай келе, жаза білудің орны оқи білуден жоғарырақ екенін теориялық негіздемелермен дәлелдеп берсе, бүгінгі оқытудағы сөйлесім дағдыларының ішіндегі жемісті, продуктивті деңгей жазылым дағдысы екенін білеміз. Сол себепті де сабақтың үшінші кезеңінде шәкірттер үйренгені жайлы ой толғайды, пікірлеседі, оларды талқылайды, осы әрекеттер арқылы ол жаңа түсініктер құрастырады.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілі туралы білім-ғылымның негізін салуына ағартушылық идеясы себеп болды. Ол ағартушылықты өзінің азаматтық міндеті, дүниетанымның негізі деп санаған. Осы жолда аянбай еңбек етті. Артына өшпес мұра қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Оқу құралы. (Қазақша әліпби). Жетінші басылуы. -1925ж.
2. Байтұрсынов А. Баулу мектебі // «Жаңа мектеп» №1. -1925ж.
3. Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. 3-том – Алматы. Ел-шежіре, 2013.
4. Қазір жаңа деп танылған әдістемелердің көпшілігі А.Байтұрсынов еңбектерінен бастау алады.// URL: <https://lenta.inform.kz>.
5. Ахметтану тағылымдары (ғылыми мақалалар жинағы). Алматы, «Ғылым», 1998ж.



Умитбекова Анар Мелдебекқызы
Астана қ., №28 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕР

Өмірі мен өнегесі аңызға айналған, XX ғасырдағы қазақ тіл білімі көшбасшыларының бірі де, бірегейі Ахмет Байтұрсынұлы еді. Қазақ тілінің ғылым ретінде қалыптасуына қосқан зор үлесін айтпағанда, ақынның қазақ әдебиетіндегі мол мұрасының өз алдына үлкен маңызы бар.

Бала кезінен тағдыр тауқыметін көріп өскен Ахметтің ересек өмірі де қиыншылыққа толы болды. Ауыртпалықтың бәріне мойымаған қайсар ғалым алған бетінен қайтпады. «Сары маса» болып «ызындап», қараңғылық тұңғиығынан халқымды көкке шығарсам деп, жан-тәнімен қазақтың қамын ойлаған адал перзент, кемеңгер ғалым мақсатына жету жолында аянбай етті. Халқының жанашыр перзентіөзінің туған халқына деген сүйіспеншілігін толассыз еңбегімен, маңдай тер қызметімен көрсетті.

Адамдық диқаншысы қырға
шықтым, Көлі жоқ, көгалы
жоқ құрға шықтым. Тұқымын
адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың – деп жырлаған Ахмет Байтұрсынұлы өз сырын өзінің көркем шығармасында осылай жырлап кеткен еді.

Саналы ғұмырын оқу-ағарту саласына арнаған, тәлімі мен тағылымы шексіз, оқырманына ғибраты мол мұра қалдырған ағартушы, ұлы ұстаздың халқына сіңіргенерен еңбегін талдап, зерттеу әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Ұлтжанды педагог ұрпақ тәрбиесінде құнды ой-пікірлерін ортаға салып кетті. Оны ары қарай дамытып, тәжірибе жүзінде іске асыру бүгінгі күннің еншісінде.

Ғалымның тіл біліміне қосқан қосқан үлесімен қатар ағартушылық, сондай-ақ аудармашылық қызметі әрқашан оның танымдық-тәрбиелік мақсатын айқындап тұрады. Дидактикалық сарындағы шығармалары оқырманына өмірлік сабақ алатын тәлімімен құнды. Өзінің айтуынша, 1901-1904 жылдары тәржімаланған «Қырық мысал» өлеңдері ақынның аудармалары мен төл шығармаларынан тұрады. Ақынның аударма саласындағы басты міндеті – басқа елдердің жақсы шығармаларын тілге

тиек етіп, халқына таныстыру, жаманнан жиреніп, жақсыға үйрету болған. Қазақ ұғымына сай етіп аударған еңбектері, қай заманда болмасын, өзінің құндылығын жойған жоқ.

Ақынның шығармаларының тақырыбы әр алуан. Ол оқырманын білімге, ғылымға, адалдыққа, бірлікке, мейірімділікке шақырады. Гибратты өлеңдерінің өзегінде жақсылыққа үгіттеу, ақыл-насихаты айқын көрініп тұрады.

Бүгінгі таңда Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын қазақ әдебиеті сабағында үйрету оқытудың жаңа технологиялары үлгісімен қолданылып келеді. Ақынның өмірі мен шығармаларын оқытуда диалог, қойылымдар дайындау, мәнерлеп оқу, рөлдік ойындар ойнату, сызбаларды толтыру, венн диаграммасы, модельдер жасату, синквейн, ассоциация, тағы да басқа стратегиялар мен ойын технологияларын қолдану тиімді болып отыр.

1. Ақынның шығармаларын зерттеуге байланысты оқушыларға «Семантикалық картаны» толтыртуға болады. Мысалы: (күтілетін жауаптар)

Шығарманың атауы	<i>Маймыл мен көзілдірік</i>
Авторы	<i>Ахмет Байтұрсынұлы (И.Крыловтан аударған)</i>
Жанры	<i>II бунақты қара өлең, мысал өлең</i>
Тақырыбы	<i>Надандық</i>
Идеясы	<i>Ақымақтық жасамау, әр нәрсені дұрыс қолдана білу</i>
Кейіпкерлері	<i>Маймыл, адамдар</i>
Басты кейіпкерлердің мінездемесі	<i>Маймыл- тәкаппар, қабілетсіз, босқа жала жабушы</i>

2. «Салыстырмалы талдаулар» жасату. Мысалы: (күтілетін жауаптар)

Өлеңі	Ақын ойы	Кейіпкер сипаты	Ақынның көңіл-күйі
<i>«Қартайған Арыстан»</i>	<i>Басыңа бақ қонса бәрі сені сыйлайды, басыңнан бақ тайс бәрі табалайды.</i>	<i>Кәрі арыстан қауқарсыз, өзінің айбынды шағын аңсайды; әлі кетіп кәрілік жеңгенде әркімнің тепкісін көріп, налиды.</i>	<i>Қазақ қоғамында осындай жаман қылықтар кездесетініне өкінеді. Т.б. жауаптар</i>

3. Өлең шумақтарын талдату. Мысалы: «Емен мен қамыс» өлеңі.
(күтілетін жауаптар)

Шумақтар	Ақын сезімі	Оқушы сезімі
Білеміз, Қамыс нашар, Емен мықты, Еменді мықты деген дауыл жықты. Майысып, қарсыласпай, Қамыс бұғып, Сынбастан сол дауылдан аман шықты Мықты деп болса біреу аты шыққан, Алысып болмаса жан оны жыққан, (Кісіге аса қайрат пайда бермес) Бір күні жазым табар тасқандықтан. Күштінің ыңғайымен жүргендерді	Қамыс сияқты мықтылығын, ептілігін мақтанып, жария қылмайтын адамдарға қуанады. Керісінше, емен сияқты даңғойларға ренжиді.	Қамыс сияқты жігерлі, ерік күші басым адамдар мақтаныш сезім тудырады. Т.б. жауаптар

4. Ақынның мысалдарын оқытуда мәнерлеп оқыту әдісін пайдалана отырып, әр шумаққа тақырып қойғызу. Қойған тақырыптар сол шумақтың идеясына сәйкес келуін қадағалау. Мысалы, «Екі шыбын» өлеңі. Шығарма 20 жолдан тұрады. Күтілетін жауаптар:

1-шумақ: Өгіз мүйізіне қонған Қара шыбын

2-шумақ: Қара шыбынға таныс

Шыбынның кезігуі 3-шумақ: Қара

Шыбынның жауабы


4-шумақ: Біреудің еңбегін иеленуі

5-шумақ: Мақтаншақтық – жаман қасиет


5. Салыстыру, зерттеу әдістерін қолдана отырып, кестені толтыру. Мысалы: (күтілетін жауаптар)

Мысалдың аты	Тармақтары	Тақырыбы	Идеясы	Қорытынды сөз
«Айна мен маймыл»	Білмеймін қайдан шыққан мұндай көрім?	Тәкаппарлық	Жақсыдан үйрен	Адасқанның алды жөн
«Өгіз бен бақа»	Жел тартып ісіп кеуіп қарнын керді	Қызғаныш	Жаманнан жирен	Әлін білмеген әлек

6. Венн диаграммасы бойынша салыстыру. «Егіннің бастары» мысал өлең.



7. Ақын мысалдарынан «Хикая картасын» толтыру немесе әр эпизодтың суретін салу.



8. Сатылай кешенді талдау.

Тақырыбы:

Жанр түрі:

Идеясы:

Шумақ:

Тармақ:

Бунақ:


Буын саны:

Ұйқас түрі:

Түсіндірме сөздік:


Өлеңнің тәрбиелік мәні:

9. Ақынға немесе кейіпкерлерге модель жасату. Ақын шығармаларынан модель жасағанда, мысалы, күн, жұлдыз, қыран құс, домбыра т.б. салған модельдерін мәтіндегі кейіпкерлердің мінездемелерімен дәлелдеу.



10. Тірек сөздерді қолдану.

Мысалы, «Егіннің бастары» өлеңін оқытқанда, тірек сөздерді қолдану.



11. «Рөлге бөліп оқыту». Баланың қабілетін дамытуда рөлдік ойындар маңызды болып табылады. Мысалы, «Аңдарға келген індет», «Маймыл мен көзілдірік», «Айна мен маймыл» т.б. өлеңдері.

12. «Драма стратегиясын» қолдану. Оқушылар шығарма желісімен қойылым қояды.

13. **Сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары** арқылы оқушылардың функционалдық сауатын арттырып еркін сөйлетуге, жылдам әрі қысылмай ойын жеткізуге машықтандыру.

«Айна мен маймыл» өлеңі бойынша мынадай сұрақтар қоюға болады:

- Маймыл неге өзін сұрықсыз деді?
- Аудың сөзін тыңдағанда не болар еді?
- Маймыл айна емес, басқа затты тауып алса не істер еді?

14. Ақын немесе оның шығармалары бойынша «Ассоциация құру».

15. «Топтастыру стратегиясы» арқылы ақын шығармаларынан түйгенін қорыту



16. Өлең құрылысына талдау жасау. «Маймыл мен көзілдірік» өлеңі.

Қар-та-йып, \ на-шар көр-ді \ Май-мыл кө-зі,

11 Ой-ла-ды \ ем е-тер-ге о-ған ө-зі. 11

«Көз аз-са \ - Кө-зіл-ді-рік е-мі» де-ген 11

Ти-е-тін \ құ-ла-ғы-на \ жұрт-тың сө-зі. 11

17. «Синквейн» немесе бес жолды өлең. «Егіннің бастары» өлеңі.

Зат есім – 1 тәкаппарлық

Сын есім – 2 қуыс кеуде, мақтаншақ

Етістік – 3 биік санау, менсінбеу, көкірек керу

Сөйлем – 1 Тәкаппарлық – адамға жолдан

жабысатын мінез. Синоним - менмендік, өркөкіректік.

Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларын оқытудың тиімді тәсілдері қазіргі оқыту талабына сай жаңарып отыруы керек. Ақын шығармаларының оқырманға берері көп, маңызы өте зор. Ағартушы туындыларының тағылымы ғасыр озған сайын тереңдей бермек

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеулер мен өлеңдер/ Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: Атамұра, 2003 -206 б.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.- Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010 жыл.
3. “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия./Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы. “Қазақ энциклопедиясы” бас редакциясы 1998 ж.
4. Байтұрсынұлы А. “Жан сөзімді кім түсінер? - Алматы: А.байтұрсыноватындағы қор, 1994 ж., 112-115

Боранбаева Раушан Ғазизқызы
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері
педагогика ғылымдарының магистрі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

XX ғасырдың басындағы оқу-ағартушылық қызметке бет бұрып, білім беру жүйесі мен қазақ мектебінің керегесінің қалануына себеп болған Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Қазақ қоғамының санасын оятып, тіл білімі мен әдебиеттану, аударма ғылымының негізін қалауға күш салумен бірге, өзіне дейінгі Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы сияқты ұлт зиялыларының ағартушы-демократтық ізін жалғастырды. Сол дәуірдегі қазақ халқының оқуға, білімге деген құштарлығын ояту мақсатында «Әдебиет танытқыш», «Тіл-құрал», «Оқу құралы» еңбектерін жазып, қазақ мектептерінің көбеюіне, қазақша оқыту жүйесінің бір қалыпқа түсуіне жағдай жасады. 1913 жылдың 21 сәуірінде «Қазақ» газетінде жарияланған «*Оқу жайы*» атты мақаласында қазақ даласындағы оқыту жүйесіне, мектептердің жай-күйіне, бала оқытудағы мәселелерге басты назар аударады: *«Қазақша оқу әлі белгілі бір тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді, тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін мұғалім жоқ. Орысша һәм қазақша оқудың екеуінен де керегінше пайдалану үшін қазақ әуелі әр нәрсенің асылына түсініп іс істерге керек. Хүкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқуын тіпті тілемейді. Сондықтан мектептерімізді тәртіпке қою, қазақша оқуды халыққа тарату өз міндетіміз»* («Қазақ» газеті, 1913 жыл). Соның негізінде қазақ мектептері көбейіп, А. Байтұрсынұлынан бастап басқа да қазақ зиялыларының атсалысуымен қазақша оқу құралдары, әдістемелік кітаптар, газет-журналдар жарыққа шығып, пайдаланыла бастады. Жоғарыда аталған кемшіліктердің орнын толтыру үшін төте жазуға негізделген қазақ емлесінің негізін салды, терминдерді қазақшалап, қазақ орфографиясы мен грамматикасының реформаторы бола білді. 1914 жылы «Қазақ» газетіндегі «*Бастауыш мектеп*» атты мақаласында мектеп табалдырығының алғашқы басқышы саналатын бастауыш сыныптардағы оқу жайы, оқу құралдары мен оқу тәртібі туралы сөз қозғап, балалардың бастауыш сыныпта ана тілінде білім алуларына жағдай тудыру қажет дейді. Ол үшін оқу, жазу, ұлт тілі, ұлт тарихы, дін, есеп, шаруа-кәсіп, жағрафия және жаратылыстану пәндерін енгізуді ұсынады. Ауыл мектебі мен қала мектебін салыстыра келе: *«...қазақ ішіндегі осы күнгі екі бастауыш мектептің екеуі де көңілдегі мектептердің түрінен табылмайтын мектептер»*, - деп ауыл мектептерінде құрал-жабдық, тәртіп, жоспар, мөлшер жоқ, қала мектептерінде бұлардың бәрі бар, бірақ орысша мектептер болғандықтан пайдасы аз екендігін түсіндіреді (1, 56 б.). Қазіргі білім беру

жүйесінде оқушылар А. Байтұрсынұлы негізін қалап кеткен гуманитарлық және жаратылыстану бағыттарының бірін таңдап, сол негізде білім алуға мүмкіндік алуда. Бұл да ұлт ұстазы көтерген мәселелердің дұрыстығын, дәлдігін, ұтымдылығын көрсетеді.

Ұлт қайраткері халықты тек оқу-ағартуға шақырып қана қоймай, өзі де бала оқытып, ұстаздық етті. 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған *«Жазу мәселесі»* атты мақаласында кейбір дауысты дыбыстардың таңбалануына қатысты пікірін білдіреді. Осы секілді көптеген мақалаларында мектептегі білім беру жүйесі, қазақ тіліндегі дыбыс жүйесі, емле, терминжасам саласы, грамматика және әдебиет, аударма жасау тақырыптары негізгі мәселеге айналып, бұл тұрғыда ұтымды шешім табуға тырысты.

2017 жылы 12 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: *«Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық»*, - деп А. Байтұрсынұлы негізін салған төте жазуға сәйкес латын әліпбиіне көшу мәселесі көтерілген болатын (2). Бүгінгі таңда бұл мәселе бойынша жан-жақты жұмыстар жүргізілуде. Әліпби қазақ тілінің жазу дәстүрінде орныққан «бір дыбыс - бір әріп» принципіне сәйкес іске асырылады деп күтілуде. Жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшу 2023 жылдан бастап 2031 жыл аралығында жоспарланған.

Қазақ даласындағы білім беру жүйесін қазақшалаңдыру, сапалы қазақ оқулықтарын жазу, көбейту, қазақ балаларын мәдени-рухани тұрғыдан дамыту мақсатында аянбай еңбек етті. Осы мақсатта жазған еңбектері қазіргі заманауи білім беру жүйесінде де өзектілігін жоғалтпады. Қазіргі қарыштап дамыған технология заманында қазақ балаларының бойындағы ана тілге, ұлттық сана, ұлттық құндылықтар мен ұлт тарихына деген қызығушылықтарын одан әрі бекітіп, патриоттық сезімдерін нығайту үшін Ахмет Байтұрсынұлы мұраларына жүгінеміз. 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралы» атты тұңғыш сауат ашу кітабынан бастап, «Баяншы» атты методикалық кітапшасы, «Әліппе» атты оқулықтары қазақ балаларының тек сауат ашуында ғана емес, сонымен бірге танымдық материалдармен қамтамасыз етуде де үлкен рөлге ие болды. Қазіргі бастауыш білім беру жүйесінде осы еңбектерге бағытталған оқыту жүйесіне негізделу арқылы ана тілі мәртебесін арттыруға, қазақ жастарының ұлт тіліндегі таным көкжиегін дамытуға күш салары анық.

Р. Сыздықова Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің оқу-ағартудағы өзектілігін айта келе, «Тіл-құрал» еңбегінің маңыздылығына айырықша тоқталады: *«Тіл-құрал» - қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Бастауыш мектеп шәкірттеріне арналғанымен, қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық (морфология-синтаксистік) құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы. Тілдік әр категорияның классификациясынан бастап, бүкіл терминдеріне дейін қазіргі*

мектеп грамматикасы А. Байтұрсынұлы салған негізде ұсынылып отыр» (3, 33 б.). Шынында да, қазіргі тіл білімінде қолданып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем және т.б. көптеген лингвистикалық терминдер А.Байтұрсынұлынан бастау алады. Қазіргі шетелдік терминдерді баламалау мәселесінде Ахмет Байтұрсынұлы қолданған әдіс өте тиімді.

1928 жылы Қызылордада жарыққа шыққан *«Тіл жұмсар»* атты еңбегі тілді дұрыс жұмсауды алға тартып, қолданбалы грамматикаға негізделді. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиеті тарихынан сыр шертетін *«Әдебиет танытқыш»* және қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен тұратын *«23 жоқтау»* еңбектерін қазіргі білім беру жүйесінде тиімді пайдаланып, қазақтың жоқтау, мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, өлеңдерін өскелең ұрпақтың бойына сіңіруге, оқушыларды өз ұлтының өткен тарихымен таныстырып, ата-баба салтын дәріптеп, одан әрі жалғастыруына атсалысуға болады.

А. Байтұрсынұлының аударма саласындағы еңбегі мен ақындық қырын *«Қырық мысал»*, *«Маса»* сияқты шығармаларынан көре аламыз. Орыстың белгілі мысалшысы Н. Крыловтан аударған мысалдары және осы негізде жазылған өлеңдері жинақталған *«Қырық мысал»* еңбегі оқушылардың тұлғалық дамуына, жақсылық пен жамандықты ажыратып, рухани азық алуына көмектеседі. Әрбір мысалдың астарында жатқан ақыл-өсиет оқырманды ғибратты өмірге жетелейді. *«Маса»* атты өлеңдер жинағынан ұйқтап жатқан халықты ызындап оятқысы келген ұлы ағартушы бейнесін байқаймыз. Қазақ халқының отаршылдық күйден арылып, ғылым мен білімді теңестіруін армандаған ұлт ұстазы *«Жұрт ұқпаса, ұқпасын – жабықпаймын, Ел бір күншіл, менікі ертеңгі үшін!»*, - деп болашақ үшін қызмет еткендігін жеткізеді. Расымен де, қай еңбегін алсақ та әлі күнге дейін қолданыстан шықпай, жыл өткен сайын маңыздылығын арттырып келеді.

Ағартушының оқыту әдістемесі тақырыбындағы ойлары да қазіргі заманауи білім берудегі нақты міндеттерді анықтайды: *«Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай»*. Бала оқытудағы жалқылау (айырыңқы) әдісі мен жалқылаулы-жалпылау әдістерін өзара салыстырып, тиімді және тиімсіз тұстарын атап өтеді (4, 328-329 б.).

2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында: *«Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» дейді. Бұл көзқарас бүгінгі күні өте маңызды»*, - дей келе ХХІ ғасырдың ұрпағы терең білімді, еңбекқор, кәсіби дағдылы, тәртіпке бағынған және жауапкершілігі мол, әділетті, адал, ұқыпты, тиянақты болуы шарт екенін атап өтеді. Осы міндеттерге қол жеткізгенде ғана бәсекеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптастыруға болатынын жеткізеді (2). Заманауи білім беру жүйесі түптеп келгенде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалаған оқыту жүйесіне негізделуі шарт. Ұлттық үлгідегі білім беру жүйесіне сүйене отырып,

тіліміздің, әдебиетіміз мен мәдениетіміздің, өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымыздың келешек ұрпаққа жетіп, дәріптелуі мүмкін болмақ.

Қазіргі таңда көптеген мектептер, мекемелер, ауыл мен көшелерге ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы есімі берілген. Солардың бірі 1945 жылы құрылған Алматы қаласындағы А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты мен Ахмет Байтұрсынұлы музей үйін атауға болады. 2022 жылғы деректерге сүйенсек, елімізде А.Байтұрсынұлы атында бір ауыл, 200 көше, 39 мектеп, 1 әуежай тіркелген екен (5).

Дамыған өркениеттің көрсеткіші тек технологиялық жетістіктер ғана емес, рухани, мәдени саладағы ерекшеліктерді де қамтиды; демек, әлемдік деңгейге ұмтылу үшін, әлемдік сахнада танылу үшін мәдениеттің және ұлттық тілдің барлық элементтеріне жеткілікті назар аударылуы тиіс (6, 535 б.). Бұл мақсатқа жетуде ең негізгі рөлді ұстаздар мен оқушылар атқарады. Ұстаз – еліміздің ертеңгі тарихын жалғастыратын саналы ұрпақтың көшін тәрбиелеп, білім беріп, жеке тұлға етіп қалыптастыратын, сонымен қатар өскелең буынды халқымыздың ұлттық құндылықтарымен, ата-бабадан қалған асыл мұраларымен алғаш болып таныстыратын да жан. Педагог мамандығын басқа мамандықтармен салыстыру мүмкін емес, өйткені бұл тек қана жұмыс емес, сондай-ақ оқыта отырып өзіндік дамуды, тұлғалық даралануды да аңғартады. Ал, тәуелсіз еліміздің келешегін кемел, абыройын асқақ, тұғырын биік, әлемдегі беделін айқын ету жолында жастарға деген сенім мен артылатын жүктің де салмақты болары белгілі. Осы екі жүктің таразысын тең ұстағанда ғана А. Байтұрсынұлы армандаған білімді, оқыған, заманның көшіне ілесе білген саналы қоғам жоғалмасы анық.

Қазақ халқының жоғын түгендеп, ұлтының келешегі үшін тер төккен, қуғын-сүргінге іліксе де өмірінің соңына дейін қазақтың пайдасы үшін арпалысқан ағартушы-педагог, тілші, әдебиеттанушы, ақын, аудармашы, ғалым, ұлт қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын әр түрлі қырынан қарастырып, зерттеуге, пайдалануға болады. Соның ішінде оқу-ағарту, білім беру жүйесіндегі еңбектері мен ұтқыр ойлары бүгінгі жаһандану дәуірінде де негізгі мәселелердің қатарында. Ұлт ұстазының қаламынан туған шығармалары бастауыш, орта және жоғары білім беру жүйесінде білім алушылардың рухани өрісін биіктетуге қызмет етіп, таным көкжиегін кеңейте бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Жаңа Низам. – Алматы: «Жеті жарғы», 1996.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты
https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy;
https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysynyn-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek

https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdaуy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek

3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: Қазақ ССР «Білім қоғамы», 1990, – 52 б.

4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 3-том. Тіл – құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Алаш», 2005. – 352 б.

5. «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі, 05 қыркүйек 2022 жыл
https://kaz.inform.kz/news/elimizde-ahmet-baytursynuly-atynda-bir-auyl-200-koshe-39-mektep-bar_a3974912/ https://kaz.inform.kz/news/elimizde-ahmet-baytursynuly-atynda-bir-auyl-200-koshe-39-mektep-bar_a3974912

6. Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш / мақалалар жинағы. Халықаралық Түркі академиясы. Нұр-Сұлтан, 2002. – 552 б.

Бірманова Қымбат Исланбекқызы
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
Рудный қаласы білім бөлімінің «Бейімбет Майлин атындағы
№7 мектеп-гимназиясы» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ: ЗЕРТТЕУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУЫ

Ахмет Байтұрсынұлы - даналық пен даралықтың тұтас бір әлемі. Аса үздік ойдың тұлпары, тіл жанары, аудармашы, көсемсөзші, түркітанушы, сегіз қырлы бір сырлы тұлға А.Байтұрсынұлының 150 жылдығы еліміздің түпкір-түпкірінде, елді мекенінде, сонымен қатар шет елде де тойланып жатыр.

Дүрмекке толы дүние дүбірі жүріп өткенмен, тарихи дәуірдің шежірелік ізі сайрап жатыр. Сәулелі үміттей жоғалмай, дәуірімізге жеткен құнды мұралар сыры кеткенімен сыны кетпеген сырлыаяқ сынды.

Ахмет Байтұрсынұлы кесек-кесек еңбектер жазып, ұлттық руханиятымызға қажет өте құнды зерттеулер, оқулықтар жазды. Еңбегі ерен, білімі терең, халықтың зор борышын арқалаған заңғар тұлға.

Тілі жоғалса ұлты да жоғалатынын терең түсінген Алаш ардақтысы қолына қалам алып, елінің абыройын ойлаған. Тіл тағдыры үшін тынбай табанды еңбек атқарды. Барлық саналы ғұмырын тіл тағдырына, ұлт аманатына арнады.

Ұлы ғалымның «Тіл танытқыш» атты лингвистика ғылымы саласында ғаламат құбылыс ретінде қалдырып кеткен жасамсөздерін атамай кету-қазақ тілі туралы сөз қозғап отырған бізге сын болар еді. Мысалы септік жалғаулары, сөз таптары, жұрнақ, жалғау, салалас-құрмалас, сабақтас-құрмалас, анықтауыш, толықтауыш, бастауыш,баяндауыш, септік, үстеме...т.б қазақтың өз төл сөзінен жасамсөз жасаудың бұдан артық үлгісі бола ма?Қайраткерлік, ұлтты ұйыта білетін ізгілікті қасиеті мықтылығы емес пе? Ұлтын сүюдің , оған қызмет етудің үлгісіне айналған қазақ даласына білім шамшырағын жаққан Ыбырай Алтынсариннің, данышпанАбай Құнанбайұлының ,қазақ сөз өнері арқылы олардың рухани жолын жалғаған Алаштың ардақтылары Ахмет Байтұрсынұлы,Міржақып Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабайұлы,Мұхтар Әуезов, т.б еңбектерінен адамдық борыш пен парыз, өрелі ой, философияық мән, өрісті тұжырым,жаңа идеялар мен туындылары зияткерлік тұлғаларының элеуетінің көрсеткіштері. Ахметті тану-қазақты тану. Бабалардың дара жолы өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір кезде қандай жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениеті тарихында айқын із қалдырса, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында толық сақтауда. Мұның өзі заңдылық, өйткені, әрбір ұлы тұлға адамзатпен бірге жасайтын өшпес, ескірмес идеяларды көтереді.

Ең алдымен, А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге

үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесі» түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да тұңғыш рет жасады. Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп)* сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915-жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл-құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты терминдер жүздеп кездеседі.[1,96]

А.Байтұрсынұлының қазақ тілі білімінің ғана емес сонымен қатар әдебиеттану ғылымына қатысты үлкен мұрасы да бар. Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордада 1926 жылы әдебиеттанушы еңбегі жарық көрді.

А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасындағы үлкен бір сала «Әдебиеттанушы» еңбегіне қатысты. Әдебиет танытқыш еңбегінде әдебиеттің мазмұнын, сипатын көрсетеді, өнер ретінде оның ерекшелігін қалыптасуы және терминмен байланыстырады. «Әдебиеттанушы» еңбегінде бұрын сонды айтылмаған жаңа терминдермен жолығамыз. А.Байтұрсынұлының өнерге арналған терминдері. Сөз өнерінің басқа терминдерден ерекшелігін айту үшін сәулет, сымбат, кескін, әуез өнерлерімен салыстырып көрсетеді. Ахмет сөз өнерін – әдебиет сөз өнері деп алады, арабша – асыл сөз деп көрсеткен. Сөз бен өнердің қосылуы, тіркес болуы ең бірінші Ахметтен басталады. Сөз яғни – тіл, өнер – искусство «Әдебиет» деген сөздің қарапайым тілдің өнерге айналу процесі.

Ахметтің «Әдебиеттанушы» еңбегінде терминдердің қалыптасуына келетін болсақ оның негізгі бірнеше салаға бөлуге болады:

1. Көркем шығарманың өзі. Оны Ахмет шығарма сөзі деп атаған.
2. Көркем туынды, әдеби туынды деп айтамыз.

Көркем шығарманың мазмұнына қатысты қалыптасытырған терминдері де бар. Көркем шығарманың құрлысына қатысты айтылған термин сөздер бар. Осы құрлысына қарап Ахмет көбірек тоқталған. Көркем шығарманың сюжеті мен композициясына қатысты мазмұнын айқындайтын оның тілі.

Ахмет тілге байланысты: Тіл қисыны, Сөз дұрыстығы, Тіл тазалығы; Тіл анықтылығы; Тіл дәлдігі; Тіл көрнекілігі деген терминдерді қолданады.

Ахмет Лұғат сөзіне терең тоқталған. Қазіргі тілмен салыстыраған көркемдеуіш құралдарды әдетте біз 3 (үшке) бөлеміз

1. Айқындау мен теңеу бір топ
2. Құбылту мен троптар бір топ
3. Синтаксистік фигуралар үшеуі бір топ болады.

Ал Ахметтің бөлінісінде Айқындау, теңеу, троптың түрлері бірге қарастырылады. Оның ішінде қазіргі біз қолданып жүрген **АЛМАСТЫРУ, ҚҰБЫЛТУ, БЕЙНЕЛЕУ, КЕЙШТЕУ** деген терминдер Ахмет тапқан терминдер болып табылады. [2,136]

Қазақ әдебиеттану ғылымы 50-60 жылдары шыққан Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» З.Каблолловтың «Қазақ әдебиеті теориясының негіздері» еңбегінде Кеңес заманының өзінде Ахметтің терминологиясын пайдаланғанын көрдік. Бірақ, сол кездерде Ахмет Байтұрсынұлының термині деп айта алмады. Себебі сол кездегі саясатқа байланысты еді.

Мөлдірлік тұнған тазалықтан, адалықты тоғыстырған Ахмет атамыздың ақындық табиғатын аңғартатын поэтикалық бейне. Заман тынысын сездіретін өлеңдері, ғылыми ізденістері, өлең тілі бедеріндегі іздерін айшықтау мен ақын тілінің бүгінгі күннен қалай ерекшеленетіні, жалпы қазақ ақындарының тілін саралауда, ғылыми ізденіске ден қоюда қайта-қайта ұстаз-ғалым Байтұрсынұлы Ахметке жүгінуге тура келеді. Өлеңдерінде айтылған сөздер ой теңізінің тұңғық түбінен терілген, өлшемдік бітімі, идеялық табиғаты, тілдік қуаты әбден пісіп, айқындалып барып өмірге келген маржан сөздер. Дала бесікте тербелген жырларында, нақылға айналған сөздерінің астарында айтпас ойы, жасалған пайымды пікірін оқырман еншісіне қалдырады. А.Байтұрсынұлының Әдебиеттанушысында көп талданған, көп айтылған жанр - Өлеңге байланысты.

Өлеңге қатысты терминдерді: ТАРМАҚ, ШУМАҚ, БУНАҚ, БУЫН, ҰЙҚАС, АЙШЫҚ, АҒЫН деп көрсеткен.

Абайдың, Мағжанның өлеңінен т.б. өздерінің замандастарының өлеңдерін айтып мысал ретінде көрсетеді. Осы терминдердің ішінде «Ағын» деген термин бар. Ахметке дейін ғалымдардың пайымдауында бұндай терминнің жоқтығын айтады.

Ойдың ағыны, дауыстың ағыны. Айтылуына қарай, ырғағына қарай 2-3 бөлінуі мүмкін. Осыны Ахмет атамыз ағын деп көрсеткен екен. Бір тармақтың бойында 2 ағын немесе 3 ағын болуы мүмкін. Мысалы: Өлсем орным, қара жер, сыз болмай ма? Ағын термині қазіргі әдебиеттану терминіне сұранып тұрған мәселе деп айтуға болады.

Ахметтің заманында «Қазақ антологиясы, «Бес ғасыр жырлайды» еңбектері шыққан жоқ. Бірақ та Ахметтің еңбектеріне қарап, ол кісінің қолында бай материалдардың болғанын көруге болады. Тағы бір үлкен сала Ахметтің әдебиетті ТЕК пен ТҮРГЕ бөлгендігі.

Ауыз әдебиеті және жазу әдебиеті деп көрсеткен.

Ауыз әдебиеті түсінікті оны әдебиет танытқыш еңбегінде жеке-жеке көрсетеді.

Ауыз әдебиет: 1.Сауықтама, 2.Сарындама, 3.Зауықтама деп бөлуі.

Сауықтама: Ертегі, ертегісымақ, аңыз әңгіме, өтірік өлең, жаңылтпаш, бас қатырғыш, жұмбақ.

Сарындама:

1. Салт сөзі: мысалдар, афоризм, тақпақтар, мақалдар, мәтелдер.

2. Ғырып сөзі: тойбастар, жар-жар, беташар, неке қияр, жарапазан.

3. Қалып сөзі: жын шақыру, дерт көшіру, бесік жыры

Зауықтама: ертегі жыр(батырлар), тарихи жыр, айтыс, өлең, үгіт өлеңі, толғау, терме өлеңдер.

Көшпелі болмыспен болатын Еуропа әдебиетінде, орыс әдебиетінің фольклорында жоқ терминдер де айтылған.

Аристотелдің еңбектерін көп зерттеген Әл-Фараби. Оның Өлең, Поэзия негіздері деген еңбектері бар.

Әл-Фарабидің өлең еңбегі мен Ахмет Байтұрсынұлының Әдебиет танытқыш еңбегін салыстырып зерттеуге де болады.

Жазба әдебиетке келгенде Ахмет жазба әдебиетін екі кезеңге бөліп қарастырған: Діндар дәуір, Сындар дәуір.

Әлемнің қай әдебиетте діндәр дәуірден басталады. Осы арада тағы бір мәселе бар. Қазақ әдебиетінде шешілмей жатқан бір мәселе. Қазақ әдебиетінің жазба бастауы қайда? Яғни, Күлтегіннен бастау алады дейміз.

Ал біздің төл әдебиетіміздегі жазба кімдерден бастау алады деген. Қажым Жұмалиевтер Абайдан деп айтады. Ал М.Әуезов болса жазба әдебиеті Абайдан бастау зор қате, Абайдың алдында Шортанбай Қанайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Нарманбек Орманбекұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Жазба әдебиетіндегі діндәр дәуірі, сындар дәуірін Ахметше бөлгеніміз дұрыс. Теория жағынан түсіндіргенде, тарихи жағынан да нақты болып келеді.

Ахмет «ДІНДӘР» дәуір әдебиетін: Қисса, хикаят, насихат, мінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме деп уағыз сөздермен байланыстырады.

Оны қайдан көре аламыз. Біз Аристотельдің, орыстың сыншысы Белинский еңбектеріндегі кейбір терминдермен салыстыруға да болады.

Егер автор өзінің ішкі әлемін суреттейтін болса – лирика дейді. Ал Ахмет ішкі әлемді – ішкергі әлем дейді, тысқарғы ғаламды – тысқы әлем дейді.

Ішкергі ғаламды бейнелейтін болса – ол Толғау болады

Тысқарғы ғалам әңгімелеп, әуездеп берсе – әуезия болады, бізше эпос болады. Екеуі араласып келетін болса – айтыс-тартыс болады.

Ахметтің драмасында екеуі де бар. Мысалы, театрға барғанда актерлер монологтар оқиды. Ішкі әлемнің монологын және оны әрекет үстінде көрсетеді. [3,166]

Ахмет өз заманының оқымысты тұлғасы. Ол СЫНДАР дәуірін үш кезеңге бөліп көрсетеді: Әуезе, Толғау, Айтыс-тартыс. Әр қайсысын жеке жанрға бөледі. Ұлт кеменгері *романды – ұлы әңгіме, повесті-ұзақ әңгіме* деп көрсетеді. Осы жерде тағы бір нәрсені байқауға болады.

XX ғасырда жазылған «Бақытсыз Жамал», «Қалың мал» сияқты, бүгінгі кітаптың жүйесімен алсақ 40-50 беттік еңбектерді роман деп көрсеткен. Бірақ А.Байтұрсынұлы «Бақытсыз Жамал» романын ұзақ әңгіме деп көрсеткен. XX ғасырдың 20 жылдары жазылған «Қартқожа», «Ақбілектерді» роман деп айтуға болады.

Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде шамамен 270 термин сөз бар. Соның жартысына жуығы қазіргі әдебиеттану терминологиясында пайдаланып жүр. Жалмахановтың зерттеуі бойынша А.Байтұрсынұлы фонетикалық терминдердің жалпы тілі біліміне жататындарын 108 деп көрсеткен.

Лексикологияға қатысты 11 термин.

Морфологияға қатысты 109 термин қолданылғандығын көрсетеді.

Синтаксистік терминдер бойынша 64 деп көрсеткен.

Қазіргі термин мәселесі қандай?

Қазіргі кезде термин қалай жасаймыз деп, жасанды термин жасауымыз аудармаға айналып бара жатқан сияқты дейді ғалымдарымыз.

Әлем бойынша термин сөздердің мазмұны мен мағынасын сақтай отырып аудармасын жасайтын жалғыз ғана ел бар. Ол әрине түріктер. Шет елден келген сөздердің баламасын жасай отырып, мағынасын сақтауға тырысады. Көрсетілген терминдердің қазақ терминологиясының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып әбден қалыптасып кеткендігі - олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады.

1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің I съезі» болып, онда терминологияны қалыптастырудың принциптері бекітілгені мәлім. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926 жылы Бакуде өткен «Түрікшілердің I-ші құрылтайында» жасаған баяндамасында А.Байтұрсынұлы қатынасушыларға осы принциптерді таныстыра отырып және өзге түркілердің де ғылыми терминологияны қалыптастыруда оларды басшылыққа алса дұрыс болатындығын айта келіп, өз ойын дәлелдеп түйіндеген.

Ахмет Байтұрсынұлы – бәрімізге ортақ тұлға.

Өр тұлғалы, дара да дана тұлға, ұлт көсемі болған кемеңгер. Қай шығармасын оқысаңызда талғамының соншалық биіктігіне таң қаласың. Ойы-озық, сөзі-нық, ісі-тындырымды. Арада қанша уақыт өтседе, ұлы ақын ағаның дүниетанымы, әдебиеттану деңгейі керемет.

Қаламының сиясы тамған әр парақ-біздің өткен күндеріміздің өшпес белгісі.

Түптеп келгенде, халықтың біртұтас тағдыры үшін, ұлттың біртұтас арман-аңсары үшін дүйім дүниеге мәшһүр тұлғалы Ахметтің ірілігін көре аламыз.

Білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету Байтұрсынұлы Ахметтің негізгі ұстанымы болды.

Ұлт ұстазының ұлы дүниелерін кейінгі ұрпаққа ұлықтау біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы. – Алматы: Арда, 2007 ж.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: Ана тілі; 1992 ж.
3. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы – Алматы, 1998 ж.

Абуталипова Асемгуль Багитбаевна
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің Бейімбет Майлин
атындағы №7 мектеп-гимназия» КММ мұғалімі

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ ЖӘНЕ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ БАЙЫМДАМА (ЗЕЙІНДЕМЕ) ҰСТАНЫМЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Жаңартылған оқу бағдарламасы мен дәстүрлі оқыту үрдісіндегі өзара үлкен өзгермей келе жатқан мәселе – оқу мазмұны өзгерсе де, оқыту принциптерінің өзгеруінде. Әлбетте, оқыту принциптері бойынша педагогиканың атасы болып саналатын Ян Амос Коменскийдің өзі 16 ғасырда оқыту принциптері бойынша өзінің бір ұстанымдарын атап кеткен еді. Әлбетте, Коменскийдің тәжірибесінде жеңілден қиынға қарай принципі оқу үрдісіндегі мақсатқа жетуде және білім алушылармен жұмыс жасаудағы мықты тұстардың бірі. Өз кезегінде Ян Амос Коменский **жеңілден ауырға** қарай қағидасының келесі түрлерін анықтап кеткен: меңгерген ішінен жақыннан алысқа қарай ауысу; жеңілден қиынға қарай ауысу; белгісізден белгіліге дейін. Әрине, Коменский заманынан бергі келе жатқан оқыту әдістемесінің, оқытудың ерекше принципінің бізге жеткен нұсқасын ұлт жанашыры, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының да **байымдама принципінің** Коменскийдің, одан кейін К.Д. Ушинскийдің әдістемесімен үйлесіп келуі.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі инновациялық парадигмалар, жаңа бағыттар Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде жан-жақты сипатталғанын көруге болады. Ғалым зерттеулерінде тіл мен сана, тіл мен таным, тілдік сана, ұғым, концептуалдау, категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты және тағы да басқа мәселелер сөз болған. [1.503]

Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнері адам санасының үш негізіне **ақылға, қиялға, көңілге тірелетіндігін** айта келіп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін келтіреді. Осы орайда, Байтұрсынұлының ұстанымы, дәстүрлі оқытудағы, яғни бұрынғы оқыту форматындағы бағдарлама және Жаңартылған оқу бағдарламасындағы осы ерекшеліктерді өзара талдап көрсек, мен үшін **жаңашылдық болып** табылатын салыстыру ала аламыз:

А. Байтұрсынов ұстанымы бойынша Сөз өнерінің адам санасындағы үш негізі	Дәстүрлі оқыту бағдарламасы / 2017 жылға дейін	Жаңартылған оқу бағдарламасы /2017 жылдың қыркүйегінен бастап қазіргі күнге дейін	Ұқсастық
Ақыл	Білім, іскерлік, дағды Дамытушылық, тәрбиелеу мақсаттары арқылы	Жаһандық құзыреттіліктер; Дағдылар; Эмоционалды интеллект	Білім мен даму, тәрбие арқылы құндылықтарды, өмірге қажетті дағдыны

		Функционалды сауаттылық	қалыптастыру арқылы қажеттілік орнын толтыру
Қиял	Ой Сын тұрғысынан ойлауды, логиканы дамыту арқылы	4К, креативті ойлау, Сындарлы ойлау	Ойлау үрдісі арқылы көрінетін фактор жыл сайын тек тиімді және ұтымды түрде дамуы
Көңіл	Психологиялық ахуал; Қызығушылық; Мотивация; Талдау; Өзіндік талдау	Психологиялық жағымды ахуал; Уәж; Оқушы үні; Кері байланыс; Рефлексия	Екі тараптың, бір тараптың жалпы көңілі, қызығушылығы, мүддесі.

Әлбетте, дәстүрлі оқытудың өзінде де Коменский, Байтұрсынұлы айтып кеткен ұстаным мен принциптер өзара ұштасып жатқандығын көре аламыз. Осы орайда, 2017 жылдан бері Қазақстан Республикасында өзекті болып табылатын халықаралық білім берудің ең ұтымды және тиімді деп саналған тәжірибесін еліміздің білім беру ісіне үйлестіру мен енгізуде Блум таксономиясын қолдану пайда болғаны аян. Әлбетте, қазіргі күннің өзінде де бұл ерекшелік кейбір білім беру ұйымдарында тек ашық сабақтарда, тізбектелген сабақтарда, болмаса зерттеу сабақтары, яғни Lesson study циклдарында ғана қолданатындығын айту ол ұтымды және шынайылық деп есептеймін. Ал кейбір құзырлы бағытты ұстанып, өз жоспары мен оқу және оқыту үрдісін тұлғаға, тұлғалық өсу мен дамуға бағыттаған педагогтер өзінің күнделікті сабақтарын осы Блум таксономиясына салып, яғни сабақ құрауда оқушылардың ойлау дағды деңгейлеріне үйлестіріп, келістіріп жасайтындығы заманауи сабақтың дұрыс және тапсырмалардың арасындағы бірізділіктің сақталуына бірден бір мықты жол деп есептеймін.

Бенжамин Блумның белгілі болып табылатын ойлау дағдыларының деңгейлері атауларын мағына бойынша Ахмет Байтұрсынұлының ұстанымымен салыстыратын болсақ, мынадай көрсеткішке ие:

Ахмет Байтұрсынұлының байымдамасының түрлері	Бенжамин Блум таксономиясы	Ұқсастығы мен жалпы түсінігі
Бастамасы	Білу Түсіну	Білу мен түсіну бойынша жалпы анықтама мен түсініктемесін ортаға ұсыну
Ұсынбасы	Қолдану	Біліп тұрғанын ортаға қолдана білетіндігін көрсету, яғни ұсыну.


Баяндамасы	Талдау	Қолдана білетіндігін ұсынуда баяндау, талдау ретін ескеру
Қорытпасы	Жинақтау	Баяндай, талдай білетінін жалпы қорыту, жинақтау және пікірін білдіру, бағасын беру
	Бағалау	

Байтұрсынұлының тәжірибесіне сүйене келсек, бастамасында әңгіме болатын нәрсе туралы басқалар тарапынан айтылған пікірлер барлығын, я жоқтығын айтады. Оны айтпай бастауға да жазушы ықтиярлы. [1.652] Сондағысы жаңартылған білім беру бағдарламасы мазмұнына енгізілген өзгерістерге орай Ахмет Байтұрсынұлы педагогикалық, ағарту тәжірибесіндегі оқыту әдістері өзекті және құзырлы дағдыны қалыптастыруға қажет және маңызды болып табылатындығын тағы да өзім үшін ашқан **жаңашылдығым** ретінде ескеріп кетуге болады:

Байтұрсынұлы байымдама әдістері	Жаңартылған білім беру мазмұны	Ерекшелігі мен ұқсастығы
Негізгі пікірді шығарманың басында айтып, оны қуаттайтын пікірді соңынан келтіру бар, яғни әуелі жалпы пікірді айтып алып, оны бөлек пікірлермен қуаттап байымдау бар. Бұл жалқылау әдісі болып табылады. [1.658]	Білу мен түсіну. Таным мен ойлаудың төмен деңгейі. Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді. [2] Қолдану. Таным мен ойлаудың орта деңгейі. Жаңа білімдерді, әдістерді және ережелерді түрлі нұсқада пайдалану. Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді. [2]	Негізгі пікірді, көзқарасты басында айту, яғни оқушының жалпы қалыптасқан ойын бастапқыда ортаға салу.
Талдама оңтай. Нәрсені бұрталап, мүшелеп, ұсақтай түсіндіргенде қолданатын оңтай.	Талдау. Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу. [2]	Талдау. Таным мен ойлаудың жоғары деңгейін, яғни түсіндіргенде жіктеуді,

Оңтай – шаруаның реті, қисыны, жөні. [3.634]		мүшелеп жеткізуді қажет етеді.
Терме оңтай. Нәрсенің мүшесін жинастыра құрастыру, жинақтау, іріктей түсіндіргенде қолданылатын оңтай. [3.636]	Жинақтау. Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Жаңа үлгідегі әртүрлі тәсілдермен элементтерді қиыстыру арқылы ақпараттарды жүйелеу немесе балама шешім ұсыну. [2]	Талдаудан кейінгі ойды жинақтауда түрлі қисынды тәсілдерді қиыстыру.
Әуелі бөлекей пікірлерді айтып, жалпы пікірді солардың дәлелдерімен қуаттап байымдау бар. Бұл жалпылау әдісі. [3.637]	Бағалау. Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді.[2]	Ойды жалпы дәлелдерімен қуаттап, пікірді білдіру арқылы ойды тиянақтау.

Байтұрсынұлы мұрасын зерттеу мен талдау, насихаттауда Блум таксономиясымен үйлестіре отыра, өзім үшін ашқан жаңалығымның практикада қолдану ұтымдылығын айқындау үшін 7-8 сынып оқушыларының пікірін білу, оқушы үнін ескеру мақсатында сауалнама алған болатынымын:



Нәтижесінде мұғалім тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруде білім алушылар тарапынан рефлексия жасауда дұрыс талдау, жинақтау жасау дағдысы оң бағытта жүзеге асырылып, дұрыс бағытта қалыптасып келе жатқандығы байқалады.

Байтұрсынұлы ұстанымы мен Блум принципін үйлестіруде жеңілден ауырға қарай, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту принципіннің мықты тұстарын өз тәжірибемде оңтайлы енгізуде келесідей ескеріп кететін ұсынымдарым бар:

1.Қарапайым және жеңіл түрде оқыту принциптеріне оқуға деген қызығушылықтары бастапқы деңгейдегі, болмаса орта, ортадан төмен деңгейдегі оқушыларды белсенді қатыстыра беруге болады, ал қиын деңгейдегі оқыту принципі бойынша оқуға деген қызығушылықтары жоғары және ортадан жоғары деңгейдегі оқушыларды белсенді тарту мүмкіндігін қарастыру;

2.Белгіліден белгісізге қарай, оқушылардың мүмкіндіктеріне орай тапсырма мен сұрақтарды қиындатып отыру, яғни саралап оқыту принциптерінің жақындастығы

Әлбетте, Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасында әдістер мен өзі айтып кеткен оңтайлар өте көп, десек те, қазіргі жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнымен Ахмет атамыздың ұстанымдарынан үйлесімді осы өз тәжірибемде қолданылып жүрген Блум таксономиясынан қатты үйлесім көре алдым. Бұл ретте күнделікті оқу және оқыту үрдістерімде білім алушылармен жұмыс жасағанда мәтін/шығарманы оқу, меңгеру болсын, оны талдау болсын, одан кейінгі жұмыстарда да Ахмет атамыздың «айырыңқы», «жиылыңқы» оңтайларын жалпы, жалқы деген тіркестермен үнемі және белсенді қолданамын. Бұл тіркестердің өзі оқушыларға не береді деген сұрақтың өзінде мынадай пікірге келемін:

-білім алушылар ресурс бойынша пікірдің жалпы түсінік екендігін, болмаса оны әрі қарай жіктеу, саралау керектігін түсінік, әрі қарай жалқылап, жүйелеп, жіктеп пікір білдіру қажеттігін ұғынады;

-мәтін жазуда, мақала мен эссе жазуда, әдеби сын, сыни жазбаларды жүзеге асыруда ждалпыдан жалқыға қарай бірізділікпен көшу керектігін назардан шығармайды;

-білгені мен түсінгені, оны қолдану мүмкіндігін, әрі қарай қалай бөлектейді, талдайды, оны жүйелеп, жалпы сыни бағасын сындарлы пікірмен беру керектігін үнемі сараланған түрде назарда ұстайды.

2017 жылдан бастап оқу және оқыту үрдісінде Блум таксономиясын енгізу және күнделікті сабақтарда қолдану нәтижесінде оқушылар 9, 11 сыныптағы эссе түрінде келетін қорытынды аттестация тапсырмаларын өте жақсы деңгейде орындап, қалыптасқан дағдыларын ұтымды көрсете білді. Нәтижесі ретінде оқушылардың республикадан ғылыми жұмыс бойынша II орын, облыстан үнемі 1, 2 орындар алып, ал өнім ретінде 2021 жылы «Сабақты талдау: кеңестер мен ұсынымдар» атты құралымды бастырып шығардым. Сонымен бірге қазіргі кезде 7-8 сыныптармен жұмыс жасауда Блум бойынша сабақтарымды ұйымдастыра жоспарлаймын, әр мәтінмен, ресурспен жұмыс жасауда Блум бірізділігін, Ахмет Байтұрсынұлының жалпыдан жалқыға қарай, қарапайымнан күрделіге қарай қағидасын оңтайлы қолданып келемін. Нәтижесінде республикалық ғылыми жоба конференциясында II орын, республикалық видеоталдау байқауында III орын, облыстан ғылыми жобаларда 2 орын, сонымен бірге эссе номинациясынан Абай оқуларының облыстық турына, Әбіш оқуларының ғылыми жоба номинациясында облыстық турына жолдама алды.

Ахмет Байтұрсынұлының байымдама, Блум таксономиясының тұлғаның ойлау дағдысын арттыруда **әлеуметтік мәнділігі басым**. Ойлау дағдыларының қалыптасқан деңгейлері бойынша машықтандыру жұмысы оқу мақсаттарын жүзеге асыруда машық қалыптастыруда, сонымен бірге мектеп оқушыларының білім жетісігінің мониторингісі (МОДО-ға) дайындығына, қорытынды аттестаттауларға дайындыққа, жалпы өмірге қажетті дағдыларды, функционалды сауаттылықты қалыптастыру мен бекітуге септігі мен пайдасы мол.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.А.93 А. Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. -Астана:»Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017. – 752 бет.

2.<https://adister.weebly.com/1041108310911084-109010721082108910861085108610841080110310891099.html>

3.Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған. Т. Жанұзақов. –Алматы: Дайк-Пресс, 2008. -968 б.

Аккужина Гульнара Шабденовна
Шайкибекова Айткүл Шайкибековна
Ержигитова Анар Сабыровна
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің Міржақып Дулатұлы
атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ МЫСАЛДАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

*Адамдық диқаншысы
Жанын сала ұмтылды.
Болашақтың таңына
Қиялдап қана қойған жоқ.
Май тамызап, от берді.
Ой-сананың шамына.*

Иә, қиялдап қана қоймай, жанын салып ұмытылған болашақтың таңы мен ой-сананың шамына май тамызып от берген Торғай қырандарының бірі-Ахмет Байтұрсынов. Ахмет-қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар дарынды ақын, аудармашы, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы. «Қазағым, елім!», -деп, өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте бұқараның жүрегіне қозғау салып, ұйқысынан оятты. Қазақ халқының тағдыры, бүгінгі мен ертеңгісі Ахмет поэзиясының өзегі болды. Ахметтің өз өлеңдер жинағын «Маса» деп атауы да тегін емес еді. Ол ұйқыда, саясаттан тыс жатқан надан халқының құлағына маса боп ызындап оятуды ойлады. Ақын арманы- «адамдық диқаншысы» болып халқына қызмет ету. Ахмет бұл арманын орындады. Ол туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтықсыз қызмет етті. Халқының, елінің сәулелі жұлдызына айналды. Шын мәнінде «адамдық диқаншысы» атанды.

Сәкен Сейфуллин: «А. Байтұрсынов қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын қорғап, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді», – деп жазса, [3, 256] ақынның өзі ол туралы:

*Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың – деп жырлайды.*

Неге Ахмет Байтұрсынов өзін «адамдық диқаншысы» деп атайды? *Диқан деген кім?* Диқан - егін салып, күтіп-баптауды кәсіп еткен шаруа, егінші. Ал А.Байтұрсынов халықтың көзін ашып, адамдық дәнін сепкен адам. Ол өз халқын надан болмауға, бар игіні бойға жинауға шақырды. Сауатты да салиқалы болуға үндеп, сол жолды көп еңбек етті. Көптеген зерттеулер жасап,

кітаптар жазды. Міне, сондықтан ол өзін «адамдықтың диқаншысына» теңейді. Ұлт ұстазына айналған, өмірбойы ұйқыдағы халқын «Маса» боп ызындап оятуды көздеген, «қазаққа қазақты сүюді үйреткен» Ахмет Байтұрсыновтың халқы үшін еткен қызметі шаш етекпен.

Ахмет – шебер аудармашы. Қараңғы, қапас тіршілікте жарық сәуле шашып, қоғамдық әділеттілік пен ұлт бостандығына бірте-бірте ұмтылудың даңғыл жолы-байтақ өлкеде оқу-ағарту ісін жолға қою деп білген. А.Байтұрсынов М.А.Крыловтан аударып құрастырған, 1909 жылы Петербург қаласында жарық көрген «Қырық мысал» еңбегі арқылы сол кезде көздері ашылып, ұлттық сана-сезімдері оянып, туған халқының қамын ойлай бастаған қазақтың зиялы азаматтарына қозғау салмақ болады. [4, 43б]

«Қырық мысал»-ұлы ағартушының түбірлі, түбегейлі тәрбиелік мақсаты мен мұратынан туған өлеңді шығармалар топтамасы. Кітапқа енген қырық мысал түгелдей атақты орыс ақыны М.А.Крыловтан аударылған:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,

Әзірге қолдан келген осы барым.

Қанағат азға деген, жоққа сабыр,

Қомсынып, қоңырайма, құрбыларым,- дей тұрғанмен, осы қырық өлеңнің бәрі де түгелімен тіпті аударма секілді емес. («Замандастарыма») Ахмет Байтұрсынов В.Г.Блинскийдің үш топтағы Крылов мысалдарынан көбірек аударғаны екінші, үшінші топтағы мысалдары: «Арыстан, киік һәм түлкі», «Қасқыр мен қозы», «Қартайған арыстан», «Қасқыр мен тырна» т.б. Әр түрлі тапқырыпқа арналған қай аудармасында болмасын А.Байтұрсынов Крылов мысалдарының идеялық-көркемдік мән-мағынасын, сатерикалық-элеуметтік өткірлігін жасытып алмай, болаттай шыңдай түседі. [7]

Ахмет Байтұрсыновтың екінші кітабы — «Маса» (1911ж). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. «Маса» өзінің өміріндегі ең басты мақсаты ұйқыдағы халқын оятуға жұмсайды.

Ұйқысын азда болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса, -деп қазақтарды тағы да «оянуға» шақырады. [1, 17б]

Ахмет мысалдарындағы адамгершілік тәрбиенің көрініс табуы. *Мысал деген не?* «Мысал» деп адам бойындағы кемшіліктерді сынап, адалдық, әділдік, қайырымдылық сияқты жақсы қасиеттерді мадақтап жазатын шығарманы айтады.

1901 жылдан бастап Крылов мысалдарын аударып, сол негізде өзі де мысалдар жаза бастайды. А. Байтұрсыновтың мысал жанрына ден қоюының үлкен мәні бар еді. Ондағы моральдық, адамгершілік тағылымын ол қазақ қоғамы үшін аса қажет үлгі деп түсінді. Адам бойында кездесетін намыссыздық, жігерсіздік, алауыздық, жалқаулық пен жағымпаздық, құлық пен зорлық сияқты келеңсіз мінездерді сынау, шенеуге келгенде, ақын мысал жанрын таңдады. Әр түрлі аңдардың аллегориялық бейнесін беріп, олардың

арасындағы түрлі қарым-қатынас арқылы ғибратты тұжырымдар жасады.[4, 316]

Ахметтің көптеген мысалдары адамның мінез – құлық нормаларын қалыптастыруға арналған. Автор адам мінезінің сан алуан жақсы–жаман жақтарын, мысал кейіпкерлері сияқты адамдарды оларды қоршаған ортасынан тани білуге, олардың мінез – құлық ерекшеліктерін зерделей білуге, сөйтіп өзіндік ой тұжырымдауға шақырады. Осы тақырыпты қарастыру барысында мен Ахмет мысалдарын тақырыптарына қарай, мағынасы мен берер үлгісі, түйініне қарай топтастырдым.

1. *Елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақыратын, бірлікке, ынтымаққа, білімділікке шақыратын мысалдар:* «Қара бұлт», «Аққу, Шортан һәм Шаян», «Арыстан, киік һәм шаян».

2. *Әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мезгейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын мысалдар:* «Аңдарға келген індет», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Қайыршы мен Қыдыр», «Ат пен есек».

3. *Адам бойындағы көрсеқызарлық, күншілдік сынды мінездер сыңа алынған мысалдар:* «Өгіз бен бақа», «Бұлбұл мен есек», «Жүргіншілер мен иттер», «Маймыл», «Шымшық пен көгершін».

4. *Өркөкіректік пен тәкаппарлықтың арақатынасын, мақтаншақтық пен жағымпаздық сынды жағымсыз қасиеттердің адам баласына тигізер зиянын айта келіп, ақылдылық, саналылық, адамдық қасиеттерді насихаттайтын мысалдар:* «Егіннің бастары», «Екі шыбын», «Кісі мен арыстан», «Қарға мен түлкі», «Айна мен маймыл», «Кісі мен көлеңке».

5. *Қазақ халқын еріншектік, надандық, зұлымдық, ұрлық жасау сияқты жағымсыз әдеттерден аулақ болып, үлкенге құрмет көрсету, қанағатшылдық қасиеттерге шақыратын мысалдары:* «Жас ағаш», «Шал мен ажал», «Өзен мен Қарасу», «Түлкі мен қарашекпен», «Еменнің түбіндегі шошқа», «Маймыл мен көзілдірік», «Қасқыр мен мысық», «Қаптесер мен көртышқан».

6. *Адамды жақсылық жасау, достыққа қиянат жасамау, өзінің мүмкіндігін пайдалану, әділетсіздікке қарсы тұру сынды қасиеттерге баулитын мысалдары:* «Қасқыр мен тырна», «Иттің достығы», «Кісі мен аю», «Сары шымшық», «Малшы мен маса», «Шал мен жұмыскер», «Қайырымды түлкі», «Қартайған арыстан», «Қасқыр мен қозы», «Жарлы бай», «Емен мен қамыс», «Қарашекпен мен қой», «Қасқыр мен тырна».

Ахмет мысалдары бірнеше қоғам өміріне қажетті біршама тақырыптарды қамтиды. Мысал мазмұнындағы ой-түйініне назар аудара отырып, оларды түрлі тақырыптарға бөліп қарауға болатынын байқадым.



Жоғарыдағы диаграммадан көріп тұрғанымыздай, Ахмет Байтұрсыновтың аударма мысалдарының ішінде өркөкіректік пен тәкаппарлықтың арақатынасын, мақтаншақтық пен жағымпаздық сынды жағымсыз қасиеттердің адам баласына тигізер зиянын айта келіп, ақылдылық, саналылық, адамдық қасиеттерді насихаттайтын мысалдары көп екенін байқауға болады.

Ахмет мысалдарындағы эпилогтар. Эпилог – көркем шығарманы қорытындылайтын компонент. Эпилог негізгі оқиға желісінен бөлек тұрса да авторлық идеяны толықтыра түсіп, шығарманың басты кейіпкерлері жайында қысқаша мәлімет береді, олардың кейінгі іс-әрекеттерінің жалғасын көрсетеді. [5]

Ахмет Байтұрсыновтың аударма мысалдарының өзіндік ерекшелігі ол әрбір мысал соңында ақынның «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» жасаған, өзіндік қорытынды ойлары кез-келген жас оқырманды өзінше қорытынды жаса, қандай ғибрат алдым, - деп ойлан деген әрекетке итермелеп тұрғандай. Мысал ретінде бірнеше мысалын көрсетіп кетсем,

Мысалдары	Түйіндері	Түйіндерінің мазмұндық құндылықтары	Мақал-мәтелдер
1. «Айна мен маймыл»	Мен талай көргенім бар осындайды, Өз мінін кім аңғарып, абайлайды? Мәселен, бидің жеген парасын айт,- Көрсетер, көзін қысып, ауылнайды.	Айтылған өлеңнен өзімізге көп нәрсе түйе аламыз. Адамдар өзгелердің кемшіліктерін жеңіл байқайды да, өздерінің кемшіліктерін байқау қиын болып табылады.	<i>Өз мініңді көруден, басқаның мінін көру оңай.</i>
2. «Ала қойлар»	Бұл сөзге дегенім жоқ жылдар, күлер, Адам аз алдын болжап анық білер. Көкжалдар қойшы болса, кім біледі, Береке ала қойға кірсе, кірер?!	Жарқын, өнерлі, мүмкін қызықты адамдар көбінесе билігі бар адамдарға аса ұнамайды. Сол адамдардың қолында билік болса, олар өзінен қызықтырақ, өнерлірек адамдарды басып тастауға тырысады.	<i>Байлықтың не керегі қайыры болмаса, Биліктің не керегі әділдігі болмаса.</i>

3. «Аққу, шортан һәм шаян»	Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас, Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас. Бірінің айтқаныңа бірің көнбей, Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.	Ешбір іс ортақ мүддесіз жүзеге аспайды. Әрбір адам «жүктің басын» өзіне тартатын болса, бұндай жұмыс жетістікке әкелмейді.	<i>Бірлік бар жерде тірлік бар. Кесіліп пішкен тон келте болмас.</i>
----------------------------	---	--	--

Ахмет мысалдарының мағынасын, тәрбиелік мәнін қарастыру барысында төмендегідей мақал-мәтелдерді автор түйін сөз ретінде пайдаланғанын анықтадым.

1. *«Шымшық пен Көгершін» мысалында «Жазмыштан озмыш болмас», «Алланың адам басы –добы»;*

2. *«Өгіз бен бақа» мысалында «Әлін білмес әлек»;*

3. *«Қасқыр мен тырна» мысалында «Сыйға –сый», «Садаға бастан құлақ»;*

4. *«Қарға мен түлкі» мысалында «Халық айтса, қалып айтпайды»;*

5. *«Қара бұлт» мысалында «Жақсылықты басыңа қыл, Басыңнан асса – досыңа қыл»;*

6. *«Қасқыр мен мысық» мысалында «Не ексең, соны орасың»* сынды мақал-мәтелдер кездеседі. Осындай мақал-мәтелдермен «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасап, өзіндік қорытынды жасаған. Бұл да ақынның өзіндік ерекшелігі екендігін байқадым.

Ахмет Байтұрсыновтың мысалдарының негізі идеясы - жастарды бүгінгі күнде құр сөз, «таусылмайтын» ақыл – кеңеспен тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың өнегесіне, ғибраттылыққа, қоғамда орын алып жатқан әр қилы құбылыстарға сын көзбен қарап, өзіндік баға бере білуге баулу. Осынау шығармалардың көркемдік кестесі, тағылымдық, тәрбиелік мәні ерекше елеулі. Ынтымақ, бірлік, мейірімділік, еңбексүйгіштік, сыпайылық, имандылық, ізгілік, сабырлылық қиындықта қол ұшын беретін асқақ леппен, шынайы сезіммен жырланады. Берекесіздік, күншілдік, көрсоқырлық, әурешілік, бөспелік, опасыздық, даңғойлық, дарақылық, даңғазалық, топастық, ессіздік, өресіздік, жүзқаралық, тойымсыздық өткір сыналып әшкереленеді.

Мысалдың арқауы – хикая, көздейтін нысанасы – соның ішіндегі мәні, ол қолданатын қаруы — әжуа мен мысқал. Ахмет те пайымды практикалық рухты дарыту үшін мысалдың мазмұнын Крыловтан алады да, мықты қаруды өз халқының даналығынан, ана тілінің ішкі мүмкіндігімен іздестіреді. Ол өз тыңдаушысының ұзын ырғалы қиссаға дағдыланған. Құлағына бейімдеп, әр хикаясын егжей-тегжейлі баяндау машығын ұсынады. Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, айтушысы Крылов болғанда, жеткізушісі Ахмет Байтұрсынов болғандықтан да «Қырық мысал», «Маса» сияқты жинақтардағы аудармалар қыр еліне қыдыр болып дарып, қазақ санасына қырық түркі даруындай сінді.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсыновтың қаламынан туған аударма мысалдардың тақырыбы мен кейіпкерлері сан алуан болғанымен, аудармашының оларды аударудағы мақсаты біреу-ақ. Ол — халыққа ғибратты

ойлар, нақты насихат айту. Адамдарды адамгершілікке, ынтымақ-бірлікке, жаман әдеттерден арылуға шақыру. Ақын әр түрлі аңдардың аллегориялық бейнесін беріп, олардың арасындағы түрлі қарым-қатынас арқылы ғибратты тұжырымдар жасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Байтұрсынов «Ақ жол» Рымғали Нұрғалиев, Алматы «Жалын 1991ж
2. Дулатов М. АхметБайтұрсынов. Кітапта: МіржақыпДулатов. Шығармалары. Алматы, 1991ж
3. Сыздықова Р. АхметБайтұрсынов. Алматы, «Білім» қоғамы 1991ж
4. А. Байтұрсынұлы. Бес томдықшығармаларжинағы. /3. 59/. 1-том. Алматы, 2003ж
5. <https://adebiportal.kz/kz>
6. <https://methodistdotkz.wordpress.com>
7. <https://kk.wikipedia.org/wiki>

А.Б. Адиманова, А.Е. Адиманова
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің
№4 мектеп-лицейі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

А.Байтұрсынұлының барлық әдістемелік ұстанымдары оқушының оқу және функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталды. А.Байтұрсынұлы сол кезеңдегі әлемге тарап жатқан оқыту әдістемелерін саралап, талдай отырып, солардың ішінде қайсысы қазақ тілінде сауат ашуға қолайлы екенін анықтады.

Ғалымның «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз.

Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар», «Оқу құралы», мектеп мұғалімдері үшін жазған нұсқаулықтары «Тіл жұмсар», «Баяншы» т.б. оқу-құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер екені даусыз.

Бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының осы аталған еңбектерінен бастау алатынын көруге болады. Қазіргі таңда мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде «Блум таксомониясын» басшылыққа алып, білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деп жіктесе, ағартушы әдіскер ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі.

1) *жалпылау* немесе *жиылыңқы әдіс* деп аталады.

2) *жалқылау* немесе *айырыңқы әдіс* деп аталады.

3) *жалқылаулы-жалпылаулы* немесе *айырыңқы-жиылыңқы* деп аталады.

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл категорияларды қазақ тілін оқулықтарын құрастыруда да, сабақ әзірлемелерін жасауда да басшылыққа алған жөн.

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралында» кездеседі.

Тыңдалым әрекетін жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырған; *айтылым* әрекетін сұрақтарға жауап беру арқылы; *оқылым* әрекетін буындап оқу, тұтас оқу арқылы; *жазылым* әрекетін сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы жүзеге асырған. Бұл оқулықта балалар қызығатындай суреттер, әртүрлі ойын түріндегі топтық, жұптық тапсырмалар, балалардың логикалық дағдысын жетілдіруге бағытталған сұрақтар берілген.

Мысалы тыңдалым әрекеті бойынша:

А.Б-ның «Есте сақта» әдісінде- балалар жаңылтпаштарды, мәтіндерді есте сақтап, жатқа айтып, сурет салған, осы сияқты, жаңартылған білім беру мазмұны аясында “Ассоциация” әдісін ұқсатуға болады.

Айтылым әрекеті бойынша:

«Сөйлемдер жасату» әдісі біз қолданып жүрген «Төрт сөйлем» әдісіне ұқсас.

Оқылым әрекеті бойынша:

«Қате оқыған жақ қайта оқиды» әдісі «Болжау» әдісімен сабақтасады.

Жазылым әрекеті бойынша:

«Қисындау» әдісі біз қолданып жүрген «Мәтінді жина» әдісіне ұқсас.

Сол сияқты «Ақыл хат жасау» әдісі «Кейіпкерге хат жазу» әдісіне ұқсайды «Мнемотехника»-ертегі, мақал, әңгіме, жұмбақ, өлеңдерді суреттер, схемалар, кестелер арқылы сипаттайды

Мнемокесте әдісін өз сабақтарымызда қолданған өте тиімді деп ойлаймын. Оқушыларға да осы сияқты әдістер ұнайды және қызыға орындайды.

Мнемокесте

1. Кестені қарап, онда не бейнеленгенін бақылайды
2. Белгі/символды/ бір бейнемен сәйкестендіреді
3. Әңгіме немесе ертегіні кесте бойынша әңгімелейді. Бұл әдісте оқушыларға дайын кесте, суреттерді беріп жұмыс орындатуға болады немесе керісінше кестені өздері жасауларына болады.

Бұл әдісті қолданғанда нәтижесінде: оқушылардың есте сақтау қабілеті мен зейіні артады.

«Инфографика» әдісі оқушыларға күрделі ақпаратты жылдам әрі түсінікті етіп жеткізеді. Бұл әдісті де сабақта жиі қолданамыз.

Қорыта айтқанда, ұлтымыздың ұлы ұстазы баланың сауатын ашу әдістерін қайткенде жақсартамын, жетілдіремін деп әлемнің алдыңғы қатарлы тәжірибелерін зерттеп, озығын тандап, мұғалімдердің жаңаны меңгеруіне жол ашты. Қазіргі таңда «Әліппе», «Қазақ тілі» пәндерін оқытуда Ахмет Байтұрсынұлының әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылып келеді. Енді осы алған теориямызды практикада қолданып көрейік.

Мұсаева Айгерім Нұржанқызы
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің Д. Карбышев атындағы
№14 жалпы білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагогика ғылымының магистрі, педагог-зерттеуші

ҰЛТ ҰЛАҒАТЫ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАН ӨЛКЕСІНЕ САЯХАТ

Музей 1991 жылы халық қаражатымен қос арыстың ақталғанының құрметіне ашылған болатын. Ал 2022 жылы ағымдағы жөндеумен қайта рекспозициядан өтті. Ахмет Байтұрсынұлыны 1872 жылы Сарытүбек елді мекенінде дүниеге келген. Сіздер тамашалап отырған диаграмма Сарытүбек елді-мекенінің табиғаты, яғни Ахаң туған жер. Мұхтар Әуезовтың сөзімен айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы сүйегі Арғын Үмбетей руынан шыққан. Шошақ өз әкесі Байтұрсынұлы деп таныстырған. Ахмет бес ағайынды: Қали, Кәкіш, Ахмет, Тәшен, қарындасы Зерияш. Ахметтен Шолпан, Шолпаннан Болат пен Айман дүниеге келеді.

Алдарыңызда тамашалап тұрған макет – бұл мұражай үйі. Ахмет Байтұрсынұлының Алматы қаласында орналасқан. Бұл бұрын Алматы да тұрған Ахмет Байтұрсынұлының үйі.

Мұражайдағы бірінші сөре Ахмет Байтұрсынұлының балалық шағына арналған. 13 жасында жетім қалған Ахмет Байтұрсынұлы Ы. Алтынсарин ашқан Торғайдағы тұңғыш қазақ мектебіне оқуға қабылданған болатын. Оны тәмамдағаннан кейін Орынбордағы мұғалімдер мектебіне 3оқуға түседі. Ол туралы оқу үлгірімінің табелі мен сол мектепті бітіріп шыққандағы педагогикалық кеңестің шешімімен бастауыш мектептің мұғалімі бола алады деген куәлігін көріп отырсыздар. Ал, алдында тұрған кірпіш Ахмет Байтұрсынұлының туған үйінің кірпіші. Мұғалімдер үйін бітіргеннен кейін Ахмет Байтұрсынұлы алғаш ұстаздық қызметін Ақтөбе қаласындағы Қараағаш мектебінен бастаған болатын. Міне, сол Қараағаш мектебінен әкелген кірпіші. Яғни, Ахмет Байтұрсынұлының аяқ ізі қалған кірпіші. Ахмет Байтұрсынұлы «Қоянды жәрмеңкесіндегі» атақты Қарқаралы петициясының жазушыларының бірі болды. 1908 жылы Ахмет Байтұрсынұлына Қарқаралы петициясын жазғаны үшін қылмыстық іс қозғалды. Сол кезеңдегі Семей түрмесіне түскендігі фотосуреті мен абақтыдағы көріністі көріп отырсыздар, яғни қозғалған қылмыстық ісімен қоса сол түрмеде отырған кезде Ахмет Байтұрсынұлының жазықсыз кінәланғаны туралы жазған хаттары. Соның ішінде Бәдіксафа мен оның достарының хаттарын көріп отырсыздар. 1910 жылы Ахмет Байтұрсынұлы Орынборға жер аударған болатын. Осы кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы өзінің еңбегі «Қырық мысалы», «Маса» жинақтарын шығарған болатын. Мұражайда «Қырық мысал» кітабы мен «Маса» кітабының түпнұсқасы сақталған. Мұражайға тапсырушы Ерден Смағұлов деген кісі болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық қызметі «ҚАЗАҚ ГАЗЕТІНЕН» басталды десек артық айпасымыз анық,яғни 1913 «Қазақ газетінің»бас редакторы,ал Д.Дулатұлы оның көмекшісі болып алғаш ұйымдастырған газеттегі редакциясының үйін көріп отырсыздар және осы кезеңдегі қазақ зиялыларының бас қосқан фотосуретін көріп отырсыздар. 1926 жылы Ахмет Байтұрсынұлы Бакудегі туркологтар съезіне қатысқан болатын.Осы негізде Ахмет Байтұрсынұлы «Оқу құралы», «Тіл құралы», «Сауат ашқыш», «Баяншы» атты кітаптары жарыққа шыққан болатын.Мәне,мұражайда төрт кітабының түпнұсқасы сақталғандығы бар. Ахмет Байтұрсынұлының отбасы жұбайы Бәтірсафа Байтұрсынова ұлты орыс,Шын есімі Александра Иванова мұсылманшылықты қабылдап Бәтірсафа Байтұрсынова Садыковна деп тегін өзгерткен болатын.Қызы Шолпан Ахметқызы және қарындасы Зирияш Байтұрсыновамен Шолпан апамыздың жолдасы Қабиден Байсалов.Ахмет Байтұрсынұлы ның жиендері Айман,Болат Байсаловтар отбасы болып табылады.Ахмет Байтұрсынұлы сонымен қатар композитор,яғни «Аққұм», «Екі жирен» атты өлеңдері А.В. Затаевичтің «Қазақтың мың әні»атты кітабына енген болатын.Ахмет Байтұрсынұлы домбырада, скрипкада, пионада ойнай алған екен. Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы,Алихан Бөкейханов және Назипа Құлжановалардың «Қазақ газеті»редакциясында қызмет атқарған экспозициясын тамашалап отырсыздар.Ахмет Байтұрсынұлы өмірінің соңғы кезеңдері яғни 1937 жылы Алматы түрмесіне қамалып 8 желтоқсан күні ату жазасына кесілген болатын.Міне,сол кезеңдердегі соңғы күндері түсірілген фотосурет3і және өлгендігі туралы куәлігін көріп отырсыздар.Ахмет Байтұрсынұлының есімі елге оралғаннан кейін 1988 жылы ақталғаннан кейінгі Шолпан апамыз бастаған Гүлнар Міржақыпов қызы қостаған екі қос арысымыздың ұрпақтары Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақыпов Дулатұлының есімі беріліп жатқан мектептер де,ЖОО барып сол жерде естелік фотосуретке түскен екен.Және де сол естелік фотосуреттердің арасында мұражайдың ашылу салтанаты да бар. Ахметті танытындар,Ахметті танытатындар яғни Ахметтанушылар.Мұражайда бір сөре осы Ахметтанушыларға арналған.Ахмет Байтұрсынұлы әзірлеген қазақ алфавитін қазіргі таңда шетел қазақтары араб графикасына негізделген қазақ алфавитін көріп отырсыздар.Ахмет Байтұрсынұлы тұтынған заттарының ішінде мұражайда сақталғаны бұл кітап сөресі,патифоны,шифонері,әйнек столы мен жез легенін көріп отырсыздар. Бір сәт Ахмет Байтұрсынұлының жатын бөлмесі мен қонақ бөлмесіне кірген сәтте болыңыздар деп салынған экспозицияны тамашаладыңыздар.Міне,осымен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлына арналған бөлмеіміздің экскурсиясы тәмамдалды.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ӘДІСНАМАСЫНДАҒЫ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА

Қазіргі кезде еліміздегі жаңартылған білім беру жүйесінің ең басты міндеті -оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты бола білуімен ерекшеленеді. Ал, табыстың ұшы, өз өміріміздің мәнді етудің басты тетігі – тіл екені баршамызға аян. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – оқушылардың сөйлесім әрекетін жетілдіру, өз ойын, пікірін, тұжырымдарын сауатты, қазақ тілінің әдеби нормаларына сай жеткізе білуге төселдіру, сөз әдебін қалыптастыру. Сөйлесім әрекеті тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым компоненттері бойынша жүйеленеді. Міндеті - шешен сөйлеудің, дұрыс сөйлеудің талаптарын, сөз саптау тәсілдерін меңгерту. «Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт»-деп тұжырымдайды М.Балақаев. Тіл – тек адамға ғана тән, аса құдіретті құрал. Сондықтан тілді қадірлеудің, әрбір сөздің мағынасын, мәнін ұғып, оны орынды пайдалана білудің мәні зор.[1,79 бет] Ал, пән мұғалімдері осы мақсат пен міндетті қалай іске асырып жүрміз? Неге сүйеніп оқытамыз? Әрине, осы жерде Ахмет Байтұрсыновтың тіл мәдениетінің негізгі шарттары таптырмас әдіснама. Адам өмірінде тіл мәдениетінің рөлі өте зор. «Жалпы тіл мәдениеті қалай қалыптасады, қойылатын талаптары қандай?» деген сұрақтар туындайды. Ы. Маманов: Тіл мәдениетінің басты белгісі - оның тазалығы. Әрбір білімді, зиялы адам тіл байлығын дұрыс пайдаланып, жалпы халықтық әдеби нормада сөйлеуге тиіс. Сөйлеу тілінде, баспасөз тілдерінде сәтсіз аударылған аудармалар, аймақтық тіл ерекшеліктерінің әдеби тіл нормасы, тіл мәдениетіне көп мән бермейтін қалам иелерінің еңбектерін атап өтеді. [2,538 бет] Р.Сыздықова «Сөз құдыреті» еңбегінде «Сөз таңдау» бөлімінде сөзді өз орнында жұмсамау фактілерін келтіреді.[3,285 бет] Тіл жанашыры Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» зерттеу еңбегінде: Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1.Ақылға. 2.Қиялға 3.Көңілге.

Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу суреттеп ойлау, көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды. Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту

керек. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білуі керек.

Сөз талғау. Шығарма тілі екі түрлі болады: 1.Ақын тілі.2.Әншейін тіл. Бұл екі тілдің арасындағы айырмасы мынау: әншейін тіл көбінесе сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігінің үстіне көрнекі, әуезді болу жағын талғайды. Шығарма сөз өңді, ұнамды болу туралы талғаудың қоятын жалпы шарттары мынау:

1.Сөз дұрыстығы. Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін керек:

1.Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну.

2.Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру.

3.Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс ойластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру.

2.Тіл тазалығы. Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің басқа сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу. Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мынау түрлі сөздерден қашқан: а.Ескірген сөздерге жоламаған; ә.Жаңадан шыққан сөздерден қашқан; б. Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан; в.Жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып,бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған.

3.Тіл анықтығы. Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анықтайды да, көмескі, күңгірт айтады. Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап, жорып, ұйғарып қана қоямыз.

4. Тіл дәлдігі. Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білуі керек. Тіл дәлдігін бұзатын көбінесе мәндес сөздер. Мәндес сөздер деп мағынасы жақын сөздер аталады. Мәселен: батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік деген сияқты сөздер. Мұның бәрі жүректілікті көрсеткенмен әрқайсысының өз алдында өңі бар. Өңін танымай яки аңғармай бірін-бірінің орнына айтса, лұғат дәлдігіне кемшілік келтіреді.

5.Тіл көрнектілігі. Сөздің дұрыс, таза анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. [4,19 бет] Тіл мәдениетін дамыту жолына үш негізгі фактор әсер етеді. Біріншісі: оқу – ағарту мекемелері, екіншісі: қоршаған орта және үшіншісі: ата – ана.

Ахмет әдіснамасын заманауи форматқа салып, жаңа үлгіде оқыту - бүгінгі күннің ғылымының қалауындағы қажеттілік. Ал өркениетке ұлттық болмыспен ену – дербес мемлекет болуымыздың тетігі. «Тіл жұмсарын» алсаңыз, онда ана тілін дұрыс қолданып, дұрыс тұтынудың жолдарын

қарастырады. «Баяншыны» оқысаңыз, тіл үйретудің жүйелі әдістері баяндалады. [5,20 бет]. Ал, «Әдебиет танытқыш» зерттеу еңбегі - тіл мәдениеті мен сөз өнерінің әліппесі.

Қазіргі таңда жаңартылған білім шеңберінде ұлт ұстазының педагогикалық идеяларын жаңа білім беру үрдісімен сабақтастығын өз тәжірибемде тақырыптың ерекшелігіне қарай әрбір тақырыпты меңгертуде сөйлесім әрекетінің түрлерін кешенді түрде қолданамын. 11-сыныпта 11.1.5.1-коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу оқу мақсатын іске асыру мақсатында Ахмет Байтұрсыновтың сөз талғау, сөз дұрыстығы шарттарымен таныстырып, тақырыпқа сай «Ұлы даланың жеті қыры» туралы мәтін жазуға беремін. Мәтінді «Детальді түрде оқу» оқылым стратегиясы арқылы әрбір сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалып мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқытамын және «дұрыс, дұрыс емес» кері байланыс жүргізіп, қатемен жұмыс жүргіземіз. Қатемен жұмыс «Тұжырым кестесі» арқылы 1.Сіздің ойыңызша... 2. Синоним сөз... 3. Тақырыпқа сай мақал-мәтел.... 4. Менің тұжырымым бойынша... сияқты тірек сөздері арқылы оқушылар өз талдауларын жасап, қорытынды тұжырым жасайды. 11.3.3.1 - қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе) оқу мақсатында «Өнертапқыш адам-еліміздің мақтанышы» тақырыбында эссе жазғызып, «Үздік эссе» және «Үздік жазушы» танылған жұмыстардың ерекшелігіне, келтірілген аргументтер мен дәйектерін атап өтеп, ал, эссенің бағалау өлшеміне сай келмеген жұмыстарды тіл тазалығы шартымен таныстырып, «Шолып оқу» оқылым стратегиясы арқылы мәтіндегі сөздердің басқа тілдерден шұбарламау, артық, қажетсіз т.б. сөздерді белгілеп, шолу бойынша оқытамын. «Не қиын, не оңай» әдісі арқылы эссе жазу барысында не қиын, не оңай болғанын оқушылар ортаға салып, дескриптор бойынша жұмыс істеуге үйретемін. 11.4.3.1 - белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу оқу мақсатына тіл анықтығы шартын ескеріп, «Анықтап оқу» мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ойдың нақты, түсінікті формада (дұрыс, дұрыс емес) белгілерін қойып, анықтап оқу; Тіл дәлдігі шартын «Жұптасып оқу» стратегиясы мәтіндегі тіл дәлдігін бұзатын сөздерді тауып, мәндес сөздермен мысалдар келтіріп оқу стратегияларымен іске асырамын. 11.3.6.1 - жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау); Тіл көрнектілігі шартымен таныстырып, «Комментарий жасап оқу» стратегиясы мәтіндегі дұрыс, анық, дәл айтылған сөздерді анықтап, комментарий жасап оқу т.б. белсенді оқу әдістері дұрыс оқу әрекеті мен оқу қабілеттерін ғана қалыптастырып қана қоймай, сөз саптау тәсілдерін меңгертеді. Тыңдалым мәтіні бойынша мәтінді талдау барысында тақырыбы (не туралы), негізгі ой(автор не айтқысы келді?), тірек сөздерді тапқызу арқылы ойды, сөзді нақты жұмсауға үйрету, ал «Автордың ойын қолдайсың

ба?», «Қандай сөздер мен ойлар артық деп ойлайсың?» деген т.б. мен «Мәтінге тіл мәдениеті шарттары мен талаптары тұрғысынан баға бер» рефлексиялық сұрақтары оқушыларды тіл дәлдігі мен тазалығына үйретеді. Сабақтың соңында «Жағымды сөздер» тәсілі арқылы «Балалар, сабақ барысында қандай жағымды сөздер, тың ойлар мен құнды пікірлер, жақсы жауаптар естідіңіздер?» деген сұрақ қоямын. Жауаптың нәтижесі бойынша сабақ қорытындыланады. Оқушы дұрыс, нақты, жағымды сөйлеу қабілеттерін арттырады. 11.1.3.1 - мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру; 11.3.5.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу оқу мақсаттарын іске асыру мақсатында белгілі бір тақырып аясында мысалы «Қазақстанның болашағы – білімді жастарда» тақырыбында «Ойталқы» өзекті мәселе төңірегінде әртүрлі көзқарастарды талқылай отырып, сол мәселені шешу мүмкіндіктерін қарастырады, талқылауға қатысқан адамдардың сөздері қаншалықты өнді, ұнамды болғаны туралы төраға түйінді сөзді айтады. «Дұрыс және дұрыс емес» кері байланыс арқылы қатемен жұмыс жүргізіледі, «Сөзталас», «TEDx» конференция, сабақта дебат элементтерін қолдану арқылы сөзді дұрыс, анық, көрнекті, талғап қолдану шарттарын меңгереді. 11-сыныпта «Экология: Ядролық және мұнай өндірістері» тақырыбында 11.4.3.1 - белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық) оқу мақсатын іске асыру мақсатында «Экология» сөзіне қатысты термин сөздер мен сөз тіркестерін жазғызып, сабақ тақырыбын ашамыз. Берілген суреттерге қарап, топпен «Ядролық өндіріс – табиғатқа төнген қауіп» тақырыбында «SWOT талдау» жүргіземіз. Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл анықтығы», «Тіл дәлдігі», «Тіл көрнектілігі» шарттары негізінде топ бойынша күшті жақтары, әлсіз тұстары, мүмкіндіктер, қауіптер бойынша талдап, «Құнды бір пікір» әдісі арқылы кері байланыс жасап, айшықты, дәлелді, сөздерді сұрыптай білуге үйренеміз. Тілдік бағдар бойынша айтыс - пікірталастың сөз өнерінің, ой жарысының, сөз додасының нұсқасымен танысып, «Табиғат пен адам» арасындағы айтысының мәтінін жаздырамын. Мәтінді ортаға салып, тірек сөздер, ұтымды тіркестер, мықты сұрақтар, керемет жауаптар бойынша талдап, кері байланыс жүргізіледі. Сыныптағы күрделі мәтіндермен мәтіннің сөйлеу формасын ажырату, мәтінге тілдік-эстетикалық тұрғыда талдау, мәтіннің фонетикалық-интонациялық ерекшелігін талдау, автордың жеке қолданысына жататын тілдік бірліктерді талдау т.б. жұмыстары арқылы тіл мәдениетінің шарттарын меңгертуге болады. Ахмет Байтұрсыновтың тіл мәдениетінің шарттарын ой елегінен өткізіп, өз топшылауыңызбен тіл мәдениетіндегі бүгінгі көзқарас тұрғысынан талдау жасау, түсіндіру мақсатында сабақта «Екі жақты күнделік», «Ментальді карта», «Сана туннелі», «Тұжырым кестесі» т.б. әдістерін қолданамын. Қай мұғалімнің мықты ұстанатын әдіснамасы болса, ол мұғалімнің сабағы да мақсатына жетіп, оқушыларының жетістігін көреді.

Қорытындылай келе, осы Ахмет Байтұрсыновтың әдіснамасындағы тіл мәдениетінің шарттарын оқушыларымның бойына сіңірген уақыттан бастап, оқушыларым көп қалалық, облыстық, республикалық сайыстар жеңімпаздары болды. Мысалы Анарбеков Жолдасбек «Абай әлемі» республикалық шығармашылық байқауынан 2-орын, Адебова Нурсила «Тұлпар мініп, ту алған» облыстық сайыста «Қобыланды батыр» жырын жатқа оқу сайысынан 1-орынды, ҚР Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай Ақтөбе қаласында өткізілген «Тәуелсіздік-жыр, әнім» республикалық шығармашылық фестивалі аясындағы «Көмейден жыр ағылсын» жас жыршылар байқауынан 3-орынды, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасының индустриалық-инновациялық дамуына жастардың үлесі» халықаралық ғылыми конференцияда 3-орындарды иеленді. Мектебімізде кәріс оқушымыз Ли Марктің қазақ тіліне деген құрметі артып, «Мың бала» байқауының жеңімпазы болды. Өзімнің практикалық жұмыстарымнан жинақталған «Құзыреттілік тапсырмалар» жинағымды құрастырдым. «Ескіден қол үзбей, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», - деген екен Конфуций. Сондықтан егер де құнды, мықты әдіснаманы танып, тура жолдан таймай, тынымсыз еңбек етсеңіз, еңбегіңіздің жемісін көресіз. Өзімнің тәжірибемнен алған әдістемелік ұсынысым: ғылым жолын зерделеу, мұғалімдік жолыңыздағы жарық шамыңыз – әдістемелік қоржыныңыз белсенді әдістерге, табысты әдістемеге толы болсын. Жалпыдан жалқыға, оңайдан күрделі өтіп, сабағыңызды нәтижеге бағыттап түрлендіру – біздің қолымызда. Тіл мәдениетінің шыңына жету жолы ұзақ, әрі қиын. Осы жолда Ахмет Байтұрсынов әдістемесі – ең мықты құрал, ең басты мүмкіндік.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Д.Дүйсебай «Тіл туралы толғам» Астана «Ер-Дәулет», 2007.-79 б.
2. С.Омарбекұлы «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» Алматы «Арыс», 2007.-538 б.
3. Р.Сыздықова «Сөз құдіреті» Алматы «Ел-шежіре» 2014.
4. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» Алматы «Атамұра», 2003.-19 б.
5. Ө.Айтбайұлы «Тілғұмырлар» Алматы «Абзал-ай» 2014.-20 б.

Жайлибаева Гульшат Калиевна
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің
№3 жалпы білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ

Құрметті қатысушылар, республикалық семинарға қош келдіңіздер!
Ахаңмен өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар
һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға
алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын
сүйетін шын ұлтшыл деп Сәкен Сейфуллин айтқандай еліміздің көрнекті
ақыны, ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Туған өлкесіне саяхат» шолу
жасау барысында «суреттер сөйлейді» рубрикасын тамашалауға
шақырамын.

Ахметтің өмір жолдарынан бастайық!

Бұл жерде сіздер Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолымен толық таныса
аласыздар ол үшін ұялы телефон арқылы QR-кодты ашайық сонымен қатар
дәл осы мағлұматты сілтеме арқылы да көруге болады. (демонстрация)

1 суретте

Ахмет Байтұрсынұлының туған жылы, жері балалық шағы.

2 суретте

Білім нәрін сусындаған жерлері.

3 суретте

Ұлт ұстазы, халық жанашыры ретінде ел арасында танылған еңбек жолы.

4 суретте

Ұлттық жазудың реформаторы, аудармашы, әдебиет танытқыш, халық
ішінде «төте жазу» деп аталып кеткен әліпбиді әлемдік тіл ғылымында
көшбасшы болған Ахметтің туындыларымен таныса аласыздар


5 суретте

Қазақ халқындағы тарихи кезеңдегі Алаш партиясы құрамындағы
Ахаңның ерекше орны.

6 суретте


Ел көсемдері Ахмет Байтұрсынұлы жайында айтылған құнды
пікірлері, жоғары баға берген көзқарастары.






А. Байтұрсынұлының өмір жолы

Сарытүбектегі мұражайдың іші




Білім нәрін сусындаған білім ордасы




Қос арысқа арналған ескерткіш, 2022 жыл



Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойы аясында өткен "Ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға" ғылыми-тәжірибелік конференциясынан көріністер



Ахмет Байтұрсынұлының Торғайдағы тойын түйіндеген мерекелік концерт



Аханның туған жері
Сарытүбектегі жаңадан салынған дала мұражай үйі, 2022 жыл

Милақатов Нұрымжан Бәлдікұлы
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Әулікөл ауданының білім бөлімінің
Шоқан Уәлиханов атындағы
Әулікөл жалпы білім беретін мектебі» КММ
география пәні мұғалімі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАН АУЫЛЫН ТУРИЗМ САЛАСЫНДА ДАМУДАҒЫ МҮМКІНШІЛІГІ

Мақсаты: Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының туған ауылындағы туризм саласын дамытудағы мүмкіншіліктерін кеңінен насихаттау, туристік нысандардың салынуына атсалысу.

Өзектілігі: Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған ауылына саяхат жасау арқылы туризм саласын дамыту.

Статистикалық деректер бойынша әлемде туризмнен түсетін кіріс экспорттың 10%-ын туризм саласы құрайды екен. Көш басындағы елдер сол үшін де туризм саласын дамытуға бар күшін салып келе жатыр. Біздің елімізде, жерімізде бұл сала кенжелеп тұрғандықтан, мәселе мемлекеттік деңгейде көтеріліп жүр. Себебі Қазақстанның далалы аймақтары климаттық және географиялық жағдайы туризмді дамытуға өте қолайлы болып келеді. Қазіргі кезде бұл сала тек қана көркем табиғатымен шектеліп қоймай, тарихи-археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, ел мен жердің, ондағы табиғаттың тылсым күшімен жаратылған, рекреациялық нысандарды пайдалануымен жүзеге асып жүр. Туған жеріміз Торғай өңіріндегі Ахмет Байтұрсынұлы ауылын алайық.

Ұлт көсемі, ұлттың ұлы ұстазы, әліппенің атасы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 151 жыл. Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, (Сарытүбек жерінде) Ахмет Байтұрсынұлы ауылында дүниеге келген. [1]

Ауыл атауы Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында 2018 жылғы 12 наурыздағы Қостанай облысы әкімдігінің №5 қаулысы және Қостанай облысы мәслихатының №253 шешімі бойынша Қарасу ауылы «Ахмет Байтұрсынұлы ауылы» болып өзгертілді. Аудан орталығынан 111 км-дей оңтүстік шығысқа қарай орналасқан, ауылда 871 адам өмір сүріп жатыр. [2]

Біздің ауыл Қостанай облысының ең шеткі, ең алыс оңтүстік нүктесі. Ауылдың оңтүстігінде Қызылорда облысымен, шығысында Қарағанды облысымен, батысында Ақтөбе облысымен шектесіп жатыр.

Аймақта Ақкөл көлі, Ұлытаудан бастау алған Ұлы Жыланшық өзендері бар. Осы Ұлы Жыланшық өзені бойын талай тарихтың қойнауы десекте артық емес.

Өңір тарихи-мәдени нысандарымен табиғатымен, зиялы тұлғаларымен кез келген туристі қызықтыра алады деп ойлаймын.. Үнемі көркем табиғат пен дәмді тағамдарды жарнамалап оларды үздіксіз тарту мүмкін емес шығар.

Басқа жақтан келген адам ең алдымен сұлу табиғатымызға, тарихымызға қызығатыны сөзсіз енді...

Сондықтан да мен «Өлкеміздегі туризм мүмкіншілігі» туған жеріміздің ғажайып тарихын тереңнен қозғауға тырыстым.

Біз туристік-өлкетану әлеуетін қозғай отырып, тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын, халықтық дәстүрлерді зерттеуге болады. Бізді алыс-жақын елдер тарихымыз тереңде болса да, егемен ел ретінде жас мемлекет деп танитыны сөзсіз. Жергілікті жердің туризмін дамыту тарихи нысандарды насихаттап, рухани дәстүрімізді жаңғыртып, өскелең ұрпақты отансүйгіштік пен азаматтық санасын оятуға зор ықпалы болады.

Егер, Ұлы Жыланшық өзені, Ақкөл, Қаратұз көлдері көктемде құс базарына айналса, ал, жер асты қабаты минералдарына бай. Антропогендік өзгеріске ұшырамай, қалпын сақтап қалған Атанбасы ақирек шыңына, жануарлар дүниесіне кез келген турист қызығып, тамсанады. «Қызыл кітап» тізіміндегі құлан, қоқиқаз, ақбас тырна, ақбас үйрек, аса қорғауды қажет ететін дуадақ, эндемик тышқан — жалман, қабан, көкқарға, түлкі, қоян, елік, қасқыр, әрине, Бетпақдала көркі — ақбөкен және т.б. аң-құстар кездеседі.

Ақкөлдің де өзіндік кереметі бар. Мұндағы судың астыңғы жағы ащы, ал үстіңгі жағы тұщы боп келеді. Бетінен ожаумен қалқып іше беруге болады. Балыққа да бай. Тарихи деректерде жағалауында бала Ахмет Байтұрсынұлы жүгірген және ашаршылық жылдары көлдің балығын тағам ретінде жеген деседі. Өлкемізде көнеден қалған теңіз қалдықтары тарихымыздың әлдеқайда тереңде жатқандығын дәлелдейді. (1 қосымша)

Шыңғыс хан тұсынан бастап, «Ақтабан шұбырынды» заманынан қалған нысандарды біреуі білсе, біреуі білмеулері мүмкін. Саяхатшылар бұндай тарихқа толы жерлерді міндетті түрде келіп көріп тамашалай алады. Ал, өзге түгілі, өз ұлтымызды қызықтыратын ең үлкен нысаны – Ахмет Байтұрсынұлының туған үйі, мұражайы. Атамыздың 150 жылдығына орай биыл облыс бюджетінен мұражай үй ретінде заман талабына сай қалпына келтіріледі.

Біздің ауылдан солтүстік-шығысқа қарай 4 шақырым қашықтықтағы Сартыбүк деген жерде орналасқан Ахмет Байтұрсынұлының туған үйі. Ауылымыздың мектебі атамыздың атымен аталады. Мектепте А.Байтұрсынұлының мұражай залы бар. Мұражайға келген туристер Ахмет Байтұрсынұлы жайлы көп мәліметтер мен ақпараттар біліп кетеді.

Қазақтың тұңғыш әліпбиінің атасы, әр қазақ баласын білім алуға, ғылымды сүйуге шақырған, білімге ақ жол салған Ахмет атамыздың алдында күллі қазақ жұрты қарыздар. Егер өңірімізді туристік аймақ ретінде дамытатын болсақ, бір ғана Ахмет атамыз үшін мыңдаған саяхатшы келетініне мен сенемін. Өйткені қаны да, жаны да қазақ баласы, Отанына қызмет етіп жүрген әрбір азамат ұлт ұстазының үйі мен мұражайын өз көзімен көргісі келетіні айдан анық. (2 қосымша)

Ахмет Байтұрсынұлы ауылы маңындағы Қаратұз (ауылдан 22 шақырым қашықтықта орналасқан) Қазақстанның Өлі теңізі десек те болар, жол

жоқтығына қарамастан тек осы көлді көру үшін жылына 5000-нан астам адам келеді (Қостанай облысы Жанкелдин ауданы Кәсіпкерлік бөлімінің деректері бойынша), туризмге сұранып тұрған нысандардың бірі, дәл осында өндірілген тұз кезінде патша заманында олардың дастархан мәзірінде болған деген деректер бар. Қаратұз көлі аумағының айналасы 10 мың шаршы метрді алып жатыр. Кей жерде оның тереңдігі 14-15 метрге дейін барады. Тұз мұнда әркімге қолжетімді. Тұзды шамалы кептіріп алғаннан кейін кәнігі ас тұзы ретінде пайдалануға болады. Тұзды қанша алғанмен оның қайта қалпына келетіндей кереметі бар екенін көруімізге болады. Көлдің асты үнемі толқып жатады. Бетіне су жиналған сайын тұз да қалыңдай түседі. Оның қоры 40 млн тоннадан асады. Бүкіл республикадан қалды, сыртқа экспорттауға да жетеді. 2007 жылға дейін көлден тұз өндірілген, қазір бұл жұмыс тоқтап тұр. Көл үстінде шұңқыр құдықтың 17-сі бар. Ол бір жыл жабылады да, басқа жерден қайтадан ашылады. Тұздың астындағы қысым күшімен қайтадан жаңадан ашылып, осындай құдықтар бар. Алыстан қарағанда бетін мұз басқандай көрінетін бұл – Қаратұз көлі. Жаз сайын бұл жерде демалушылардан тыным жоқ. Облыс орталығынан, Нұр-Сұлтан қаласынан келетін туристер емдік қасиеті мол суда шомылғанды ұнатады. Қаратұз көліне келген туристердің емделуіне өз әсерін береді. (6 қосымша)

Ауылдан шамамен 15 шақырым қашықтықта жер астынан шығып жатқан ыстық су шығып жатыр, өкінішке орай, онда ешқандай кешен жоқ, кісілер өз бетімен келіп, суын емделу үшін пайдаланып жатыр. Судың тереңдігі - 1500 метр. Температурасы – 70-75 градус. Судың құрамы - адам ағзасына оң әсер ететін химиялық элементтері көптеп кездеседі, магний, темір т. б. Судың әр түрлі ауруларға емдік қасиеті бар екені анықталған. Термалды су орнындағы сазбалшықтардың емдік ерекшелігі, құрамындағы биологиялық гормонға ұқсас заттардың микроэлементтерінің мөлшеріне, сондай-ақ сазбалшықтың бойында жылу сақтайтын тағы басқа қасиеттеріне байланысты болып келеді. Халықтар үшін емдік саз балшығының шипалық көзі халыққа белгілі. Көп жағдайда емдік саз балшықты буын, құяң, шеткері нерв аурулары, ет пен тері арасындағы қатты соққыдан кейінгі ісік, зат алмасу процесі нашарлаған аурулары бар адамдарды сауықтыруға пайдаланылып келеді. Бірақ кімге қалай емделу керектігін дәрігер ғана айта алады. Емдік санаторилық кешен салу құрылыс жүйесі қарастырылып, жүзеге асырылған жағдайда Қазақстан Республикасы көлемінде санаторийлік жүйенің кешені қалыптасар еді деген арманым бар. (7 қосымша)

География картаны немесе әлеуметтік экономикалық тұрғыдан сипаттама беретін пән емес. Оны қоғам да, ұстаздар қауымы да, бүгінгі жас ұрпақтарда түсінуі қажет. Мәселен, әдебиет пен тарих тақырыптары географиямен үндес болып келеді, ол сонысымен маңызды. Халықтың санасын көтеруге білім қажет болса, аймақ пен ондағы байлықты игеру үшін география қажет болады. Өзекті мәселені қазір қолға алмасақ, озық елдердің қатарына санаулы уақытта енбейміз. Еліміздің әр азаматы өз кәсібін адал атқарып, бұл менің мемлекет алдындағы борышым десе, қазақ елі дамиды,

өркендейді, өседі. Өзім қызмет жасап жүрген Шоқан Уәлиханов атындағы Әуликөл жалпы білім беретін мектебінде оқушылар арасында экологиялық туризмді дамыту шағын болса да, қолға алынып келе жатыр. Жыл сайын Шоқан Уәлихановтың туған жері Құсмұрынға, еліміздегі атақты қорық Наурызым қорығына экскурсиялар ұйымдастырылады. (3 қосымша)

Алдағы уақытта А.Байтұрсынұлы ауылының туристік-экскурсиялық мақсатта пайдаланатын табиғи, тарихи және әлеуметтік-экономикалық рекреациялық ресурстары баршылық сол аймаққа өз мектебімнің оқушыларын апарып, ұлт ұстазының шыққан жерін көрсету. Туристердің қызығушылығы мен мамандықтарына қарай Әуликөл аумағында тарихи бағыттағы, мәдени-өнер бағытында, экотуризмді және оқушылар туризмін ұйымдастыруға мүмкіншілік молынан бар. Тек қолда бар байлығымызды, мүмкіндігімізді елдің пайдасына тигізе білу.

Қысқаша айтқанда, кішкене ғана Ахмет Байтұрсынұлы ауылына сырттан келетін туристерге мына нысандарды ұсына алар едім:

- ✓ Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы туған Сарытүбек жері осында орналасқан; (2 қосымша)
- ✓ Ахмет атамыз талай шомылған, аумағы 60 шақырымдық Ақкөл көлі Торғай қазақтарының балықшылық кәсібіннің бір көрінісі десе, әсіресе көктемгі-жаз мезгілдерінде балықшылардың уақытша жатақтарда тұруы, этнографтар үшін қызық болар еді деп ойлаймын; (1 қосымша)
- ✓ Ауыл халқы әсіресе қыс мезгілінде балық шаруашылығының арқасында күн көреді, бірақ, мал шаруашылығы негізгі табыс көзі болып саналады, ауыл жылқылары мысалы жыл он екі ай бойы тебіндеп шығады, Торғай даласындағы қымызының дәмі елден ерекше; (4 қосымша)
- ✓ ұлттық тағамдар, әсіресе, балықтан жасалған, асатын, қуыратын, кептіретін тағамдар өзге өңір халықтарына қызық болар деп санаймын; (5 қосымша)
- ✓ Ахмет Байтұрсынұлы ауылы маңындағы Қаратұз көлі (6 қосымша)
- ✓ Ауылдан шамамен 15 шақырым қашықтықта жер астынан шығып жатқан Ыстық су (7 қосымша)

Қайым Мұхамедханов айтқандай «Алдағы уақытта Ахмет Байтұрсынұлының атын алты алаштың – бар қазақтың баласы ғана емес, алдыңғы қатарлы адам баласы білетін болады» - дегендей мен Ахмет ұрпағы бола отырып бей-жай қарамай, ұлт ұстазының мерейтойында қол қусырып отырмайын деген ниетпен, география пәнінің мұғалімі ретінде туған ауылының туризм саласын дамытуға мүмкіншіліктерін көрсетіп, сол жерде туризм саласын дамытуға өз үлесімді қосамын. Алдағы жаз мезгілінде «Ұлт ұстазы Ахметтің ізімен...» тақырыбында туған жеріне саяхат жасап, өскелең ұрпаққа еліміздің әрбір азаматына паш ету.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6

2. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары. Астана 2011. 1 том
ҚОСЫМШАЛАР: 1 қосымша




Ұлы жыланшық өзені мен Ақкөл көлі

2 қосымша



Кеше



**АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҮЙІ**

Бүгін



Ертең

Ахмет Байтұрсынұлының туған үйі

3 қосымша



Наурызым қорығы мен Құсмұрын жері

4 қосымша



Торғайдағы қымызхана

5 қосымша



Ұлттық тағам және балықтан жасалынған тағам

6 қосымша



Қаратұз көлі

7 қосымша



Ыстық су

Республикалық педагогикалық оқу:

«Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу , талдау және насихаттау».


Рефлексия.

Рудный қаласы қазақ тілі мен әдебиеті
(Т2) мұғалімдерінің ҚӘБ жетекшісі
Досжанова Сауле Сейтмағамбетовна

Бүгінгі іс-шарамызды түйіндеу үшін рефлексиямызды бастаймыз. Рефлексиямыз екі кезеңде өтеді:

1) Эмоционалды рефлексия « Тілектер тізбегі» деп аталады.

Басты шарты: алдарыңыздағы іс-шарамыздың бағдарламасында берілген QR-код бойынша өтіп, Абай атындағы мектебіміздің инстаграм парақшасында бүгінгі өтіп жатқан іс-шарамыз туралы посттың астына өздеріңіздің алған әсерлеріңізді, эмоцияларыңызды тілек –лебіз түрінде білдіруіңізді сұраймыз.



@ABAY18MEKTER

Рефлексиямыздың екінші кезеңі: іс-әрекет рефлексиясы «Сөз түйіні» әдісі арқылы өтеді. Сіздерге ұлы ақын, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының бірнеше нақыл сөздері ұсынылады:

«Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста секілді, не істесе де келістіріп істейді».

«Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай».

«... Мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

Бүгінгі пед.оқуда алған мәліметтер сіз үшін тиімді болды ма , өз тәжірибеңізде А.Байтұрсыновтың қай әдіс –тәсілдерін қолданар едіңіз, бүгінгі іс-шара туралы ойыңызды жай ғана түйіндеп қоймай, ағартушы атамыздың алдарыңызға ұсынылған нақыл-сөздерімен ұштастыра отырып білдірсеңіздер деп сұраймыз.

Құрметті әріптесер, тыңдаушылар!

«Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу , талдау және насихаттау» Республикалық педагогикалық оқуымызды іс-шарамыздың эпиграфы ретінде алынған ұлы тұлғамыз Ахмет Байтұрсынов сөзімен аяқтағым келеді:

«Білімдіден не пайда
білгенін көпке айтпаса,
Үйреткеннен не пайда
қайырымы қайтпаса».-

деп Ахмет атамыз айтып кеткендей, бүгінгі игі іс –шарада өз білгендеріңізбен бөлісіп, қаламыздың жас мамандарымен,көптеген пайдалы мәліметтермен бөлісіп, шебер-сыныптарда тәжірибе алмасқандарыңызға үлкен алғыс білдіреміз. Екі қала мұғалімдері арасындағы ынтымақтастығымыз нығая берсін, назарларыңызға рақмет!

М.Е. Тулепбергенова, А.С. Сапарғалиева,
А.Ж. Ермазина, Д.А. Баймағамбетова
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің Абай атындағы
жалпы білім беретін мектебі» КММ мұғалімдері

БЕЛСЕНДІ АЛАҢ: АХМЕТТІ БІЛЕСІЗ БЕ?

А. Байтұрсынұлының әдебиетші, көсемсөз шебері, ақын және аудармашылығын таныту; өлеңдер мен мысалдарының мазмұнын меңгерте отырып, идеясын ашу; өз ойын ашық айтуға көркемдеп еркін сөйлеуге, мәнерлеп, рөлге бөліп оқуға дағдыландыру, ойлау әрекеттерін қозғалысқа түсіру; автор көтерген идея арқылы жас ұрпақты қайырымдылыққа, жаңашырлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу, жаман әдеттен жирендіру. Семинарға келген мұғалімдерді «Молекула» әдісі арқылы психологиялық ахуал өткізіп, ойын барысында қатысушыларды үш топқа бөлу.

Топпен жұмыс:

1 тапсырма. «Пазл жинау»

Әр топ берілген сөз тіркестерден «Пазл» әдісі арқылы өлеңнің шумағын құрастырып, өлеңнің атауын табады. Өлеңнің үзіндісін мәнерлеп оқып береді.

(Өлеңнің үзінділері)

Анама хат

Қарағым, дұғагөйім, қамқор анам!
Арнап хат жазайын деп, алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді Хақ тағалам!

Жұртыма

Бірлік қып іс етуге шорқақ жұртым,
Табылса оңай олжа, ортақ жұртым.
Сияқты қара қарға шуылдаған
Үрейсіз қоян жүрек қорқақ жұртым.

Оқуға шақыру

Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

2 тапсырма. «Сахналық көрініс»

Әр топқа Ахмет Байтұрсынұлының мысалдары беріледі. Қатысушылар рөлге бөлініп, берілген мысалды сомдап шығу керек. Қатысушыларға мысалдарына байланысты керекті атрибуттар ұсынылады. Жақсы сомдап шыққан топқа сый-сыяпат беріледі.

1 топ: Егіннің бастары

Бір адам жас баласын жанына алды,
Екеуі сайран етіп кетіп қалды.

Қыдырып әрлі-берлі жүрді дағы,
Егінші егін еккен жерге барды.
Аралап әр егінді қарап жүрді,
Кез еді пісіп болған егін түрлі.
Бастарын дәнге толған төмен салып,
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.
Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.
Баланың сол бидайға көзі түсіп,
Білмекке кетті көңіл жөнін сұрап:
«Құбылып бидайлар тұр басын салып,
Жіберген мырза Құдай нұрға қанып.
«Әй, әке, мұның мәнін түсіндірші,
Бір іске тұрмын өзім қайран қалып.
Бұл Бидай көтеріп тұр басын көкке,
Қарайды шекірейіп өзі көпке.
Өзіне өзгелерді теңгермейтін,
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?»
«Айтайын мұның мәнін, балам, саған,
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.
Өзгесі төмен қарап бүгілгенде,
Ойлама кем екен деп бәрі сонан».
Және де әкесі айтты баласына:
«Сұқтанба құр сорайған қарасына.
Құдайым өзгесіне дән бергенде,
Бұл бидай дәнсіз қапты арасында.
Бидайлар басы толық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сыйынып тұр.
Басында бұл бидайдың дәні болмай,
Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.
«Елде көп бұл бидайдай адам, - дейді,
Тәкаппар, оны халық, жаман, - дейді.
- Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам», - дейді.

2 топ: Аққу, шортан һәм шаян

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін.
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.
Бұлардың машақаты аз болмады,
Жұмысы орнына кеп маз болмады.
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,
Аслан жүк орнынан қозғалмады.
Оншама ол жүк артық ауыр емес,

Құр сырттан «пәлен» деу де тәуір емес.
Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр,
Бырыңғай тартпаған соң бәрі тегіс.

* * *

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

3 топ: Айна мен маймыл

Айнаның қарсы алдына Маймыл барып,
Айнада өз суретін көре салып,
Аюға жанындағы күліп айтты,
Ақырын аяғымен түртіп қалып:
«Бері қара!
Бұ кім өзі мынау перің?
Білмеймін қайдан шыққан мұндай көрім?
Он екі мүшесінің бірі оңды емес,
Көз салып қарап тұрсам әрбір жерін.
Мен бұған титтей ғана ұқсас болсам,
Ішіме пышақ салып өлер едім.
Ол рас бесеу-алтау бар екені
Кейіпсіз нақ осындай бөлелерім».
«Маймылжан, біраз ғана етсең төзім,
Менің бар жалғыз ауыз айтар сөзім:
Әуре боп бөлелерің санағанша,
Абайлап қарашы әуел өзіңе өзің!»
Аюдың бір ақылы айтқан досқа,
Бір жүріп, бірге тұрған көңіл қосқа,
«Алды жөн адасқанның» деген сөз ғой,
Тыңдаусыз, құр далада қалды босқа.

* * *

Мысалы, адам - Маймыл, өлең -
Өлеңді түсінгенге бар көп пайда.
Айтылған өлеңдегі мінін көріп,
Түзейтін мінез-құлқын адам қайда?
Айна,
Біреудің мінін айтса өлеңшілер,
Мәз болып, тыңдағандар қарқ-қарқ күлер.
Болса да нақ со міндер өз басында,
Деп айтар: «Секілді екен пәленшелер».
Мен талай көргенім бар осындайды,
Өз мінін кім аңғарып, абайлайды?
Мәселен, бидің жеген парасын айт, -
Көрсетер, көзін қысып, ауылнайды.

3 тапсырма. «Кубизм» әдісі.

Әр топқа 7 минут уақыт беріледі, сол уақыттың ішінде кубиктерде берілген барлық зат есім, сын есім сөздерін кіріктіріп, Ахмет Байтұрсыновқа арнап өлең шығарады.

1 топ ақын тұлға Торғай ұстаз қазақ тілі үлгі	2 топ өлең аудармашы тумасы қазақ өңір тұңғыш	3 топ мысал әдістер ұлы мақтаныш Ахмет әліпби
--	--	--

Ахмет Байтұрсыновқа арнаған өлеңдерін орындап, қонақтар белсенді алаңмен қоштасады. Белсенді қатысқан қатысушылар сыйлықтармен марапатталады.

МАЗМҰНЫ	
АЛҒЫ СӨЗ.....	3
МАМАН ЖАНАР СЕЙТАХМЕТҚЫЗЫ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ».....	4
АМАНГЕЛЬДІ АРУЖАН ЖАҚЫПЖАНҚЫЗЫ «ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСТАНЫМЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ».....	9
ГҮЛДӘРИЯ АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ – ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КӨЗІ».....	14
АМАНОВА ГУЛЬНУР ОКАНОВНА «ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСТАНЫМЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ».....	17
АБДИРОВ ӨРКЕН «ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІН А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖОЛЫМЕН ШЕШУ ЖАЙЫНДА».....	21
БАЯҚПАЕВА ГУЛЖАН АМАНТАЙҚЫЗЫ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ».....	25
ДУЙСЕНОВА КУАНЫШКУЛ КАДИРШИНОВНА «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРІН БҮГІНГІ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕДЕ ҰШТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ».....	30
ЕРМАҒАНБЕТОВА АЙДЫН КАБДРАШОВНА «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСКЕРЛІК ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ».....	34
МӘЛЖАНБАЙ АЗАМАТ «А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЛАРЫН МӘТІНДІК САЛЫСТЫРУ «МАСА» ЖИНАҒЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ».....	39
НҮСПЖАН ЖЕҢІСКҮЛ ТЕМІРХАНҚЫЗЫ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БҮГІНІ».....	43
РАЕВА АСЕМГУЛЬ ЖЕТКЕРГЕНОВНА «А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ «ТІЛ – СӨЙЛЕУ – ОҚЫТУ» МӘСЕЛЕЛЕРІ».....	48
СУГИРБЕКОВА АЙМАН ИЗБАСАРОВНА «А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ – ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ БАСТАУЫ».....	56

СХАГ ШОЛПАН «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫ».....	59
НАУРЫЗБАЕВА АЛМА ЕРКІНҚЫЗЫ, «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫ».....	65
ИЛЬЯСОВА ЛӘЗЗАТ БАҚТЫБАЙҚЫЗЫ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫНЫҢ ӨМІРШЕНДІГІ».....	70
УМИТБЕКОВА АНАР МЕЛДЕБЕКҚЫЗЫ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕР».....	74
БОРАНБАЕВА РАУШАН ҒАЗИЗҚЫЗЫ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ».....	79
БІРМАНОВА ҚЫМБАТ ИСЛАНБЕКҚЫЗЫ «А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ: ЗЕРТТЕУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУЫ».....	84
АБУТАЛИПОВА АСЕМГУЛЬ БАГИТБАЕВНА «ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ ЖӘНЕ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ БАЙЫМДАМА (ЗЕЙІНДЕМЕ) ҰСТАНЫМЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ».....	89
АККУЖИНА ГУЛЬНАРА ШАБДЕНОВНА, ШАЙКИБЕКОВА АЙТКҮЛ ШАЙКИБЕКОВНА, ЕРЖИГИТОВА АНАР САБЫРОВНА «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ МЫСАЛДАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ».....	95
А.Б. АДИМАНОВА, А.Е. АДИМАНОВА «ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ».....	101
МҰСАЕВА АЙГЕРІМ НҰРЖАНҚЫЗЫ «ҰЛТ ҰЛАҒАТЫ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАН ӨЛКЕСІНЕ САЯХАТ».....	103
ИБРАЕВА НУРГУЛЬ КУАНТАЕВНА «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ӘДІСНАМАСЫНДАҒЫ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА».....	105
ЖАЙЛИБАЕВА ГУЛЬШАТ КАЛИЕВНА «СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ».....	110
МИЛАҚАТОВ НҰРЫМЖАН БӘЛДІКҮЛЫ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАН АУЫЛЫН ТУРИЗМ САЛАСЫНДА ДАМУДАҒЫ МҮМКІНШІЛІГІ».....	113
М.Е. ТУЛЕПБЕРГЕНОВА, А.С. САПАРГАЛИЕВА, А.Ж. ЕРГАЗИНА, Д.А. БАЙМАҒАМБЕТОВА «БЕЛСЕНДІ АЛАҢ: АХМЕТТІ БІЛЕСІЗ БЕ?».....	120

